

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан
Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова
S.Toraighyrov Pavlodar State University

**С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 55 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«VII ТОРАЙҒЫРОВ ОҚУЛАРЫ.
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТҰРМЫС САПАСЫ.
ЖАҒДАЙЫ МЕН КЕЛЕШЕГІ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МЕТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«VII ТОРАЙГЫРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ.
КАЧЕСТВО ЖИЗНИ В ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ. СОСТОЯНИЕ И
ПЕРСПЕКТИВЫ», ПОСВЯЩЕННОЙ 55-ЛЕТИЮ ПАВЛОДАРСКОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА**

**PROCEEDINGS
INTERNATIONAL RESEARCH AND PRACTICAL CONFERENCE
“TORAIGYROV READINGS VII.
QUALITY OF LIFE IN PAVLODAR OBLAST.
CURRENT STATE AND TRENDS”
DEVOTED TO THE 55TH ANNIVERSARY OF PAVLODAR STATE
UNIVERSITY NAMED AFTER S. TORAIGHYROV**

ТОМ 1

**ПАВЛОДАР
2015**

Редакция алқасының бас редакторы:

Өрсариев А.А., с.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:

Акишев А.А., Ахметова Г.Ф., Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.І., Бексеитов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Кудерин М.К., Токтаганов Т.Т., Эрнараров Т.Я.

Жауапты хатшылар:

Аблеев Ж.Ш., Алдабергенов К.М., Алдунгарова А.К. Андреева О.А., Артыкбаева Г.Т., Асаинова А.Ж., Богомолов А.В., Булыга Л.Л., Голубева Л.Н., Ельмуратов Г.Ж., Есимова Д.Д., Жусупов Н.К., Калиев И.А., Калиева А.Б., Камкин В.А., Карипжанова А.О., Касенов А.Ж., Кодекова Г.Б., Корниенко П.В., Кулахметова М.С., Кунязова С.К., Ленков Ю.А., Марковский В.П., Масакбаева С.Р., Мастобаев Ю.А., Молдакимова А.С., Мусабекова Н.М., Нурғалиева А.А., Рахметуллина Ш.Ж., Сейтенова Г.Ж., Сембаев Н.С., Титков А.А., Тышканова Н.С., Ысқақ Б.Ә.

Главный редактор редакционной коллегии:

Өрсариев А.А., д.полит.н., профессор, ректор Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

Ответственный редактор:

Ержанов Н.Т., д.б.н., профессор, проректор по научной работе и инновациям Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

Члены редакционной коллегии:

Акишев А.А., Ахметова Г.Ф., Ахметов К.К., Бегимтаев А.И., Бексеитов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Кудерин М.К., Токтаганов Т.Т., Эрнараров Т.Я.

Ответственные секретари:

Аблеев Ж.Ш., Алдабергенов К.М., Алдунгарова А.К. Андреева О.А., Артыкбаева Г.Т., Асаинова А.Ж., Богомолов А.В., Булыга Л.Л., Голубева Л.Н., Ельмуратов Г.Ж., Есимова Д.Д., Жусупов Н.К., Калиев И.А., Калиева А.Б., Камкин В.А., Карипжанова А.О., Касенов А.Ж., Кодекова Г.Б., Корниенко П.В., Кулахметова М.С., Кунязова С.К., Ленков Ю.А., Марковский В.П., Масакбаева С.Р., Мастобаев Ю.А., Молдакимова А.С., Мусабекова Н.М., Нурғалиева А.А., Рахметуллина Ш.Ж., Сейтенова Г.Ж., Сембаев Н.С., Титков А.А., Тышканова Н.С., Ысқақ Б.Ә.

Editor-in-chief of the editorial board:

Orsariyev A.A., Doctor of Political Science, Professor, Rector of Pavlodar State University named after S. Toraiyrov

Publishing editor:

Yerzhanov N.T., Doctor of Biological Sciences, Professor, Vice Rector for Research and Innovations of Pavlodar State University named after S. Toraiyrov

Members of the editorial board:

Akishev A.A., Akhmetov G.G., Akhmetov K.K., Begimtayev A.I., Bekseitov T.K., Ispulov N.A., Kislov A.P., Kuderin M.K., Toktaganov T.T., Ernazarov T.Ya.

Executive secretaries:

Ableyev Zh.Sh., Aldabergenov K.M., Aldungarova A.A., Andreyeva O.A., Artykbayeva G.T., Assainova A.Zh., Bogomolov A.V., Bulyga L.L., Golubeva L.N., Yelmuratov G.Zh., Yessimova D.D., Zhusupov N.K., Kaliyev I.A., Kaliyeva A.B., Kamkin V.A., Karipzhanova A.O., Kasenov A.Zh., Kodekova G.B., Korniyenko P.V., Kulakhmetova M.S., Kunyazova S.K., Lenkov Yu.A., Markovskiy V.P., Masakbayeva S.R., Mastobayev Yu.A., Moldakimova A.S., Musabekova N.M., Hurgaliyeva A.A., Rakhmetullina Sh.Zh., Seitenova G.Zh., Sembayev N.S., Titkov A.A., Tyshkanova N.S., Yskak B.A.

С89 С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің 55 жылдығына арналған «VII Торайғыров оқулары. Павлодар облысындағы тұрмыс сапасы. Жағдайы мен келешегі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жинағы. Сборник Международной научно-практической конференции «VII Торайгыровские чтения. Качество жизни в Павлодарской области. Состояние и перспективы», посвященной 55-летию Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2015. – қазақша, орысша, ағылшынша. Collection of articles of International research and practical conference “Toraiyrov readings VII. Quality of life in Pavlodar oblast. Current state and trends” devoted to the 55th anniversary of Pavlodar State University named after S. Toraiyrov. – Pavlodar: PSU named after S. Toraiyrov, 2015.

ISBN 978-601-238-547-2
Т. 1 – 2015. – 428 б.
ISBN 978-601-238-548-9

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001(574) (063)
КБЖ 72(5Қаз)

ISBN 978-601-238-548-9 (Т. 1)
ISBN 978-601-238-547-2 (общ.)

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2015

Қымбатты қонақтар!
Құрметті конференцияға қатысушылар!

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің 55 жылдығына арналған «VII Торайғыров оқулары. Павлодар облысындағы тұрмыс сапасы. Жағдайы мен келешегі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ашылуымен сіздерді шын жүректен құттықтаймын!

Абайдан кейінгі қазақтың жазба әдебиетінде ерекше көзге түскен көрнекті ақындарының бірі, әйгілі жерлесіміз Сұлтанмахмұт Торайғыров аз ғана өмірінің ішінде әлденеше лирикалық өлең, ондаған мақала, екі роман, бес-алты поэма жаңа сатыға көтерген. «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп Абай атамыз жырлағандай, осы асыл сөздерге сай Сұлтанмахмұттың тірі творчествосы ешқашан ел есінен кетіп, өлмек емес. Керісінше, жыл өткен сайын оның рухани мұрасы жандана береді.

Бірақ еліміз дара ақын Сұлтанмахмұтты Абайдан кейінгі ең ірі суреткер, кадрлеп оқитын классик ғана ретінде қарастырмайды. Күш-қайратын, ой-санасын, ақыл-парасатын, ақтық демі біткенше ел-жұртының бақытты болу жолына өмірін сарп еткен, «Біз Алаштың баласы» деп ұран салған тұлға өз ұлттының рухани көшбасшысына өткен ғасырда айналғаны ақиқат. Баршамызға білім ордамыз өшпестей рухани қазына қалдырған тұлғаның есімімен атанғаны – тек қана зор мәртебе емес. Бұл – үлкен жауапкершілігіміз.

1926 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына ат салысыңыздар!» деген ашық хатында Жүсіпбек Аймауытов: «Ақын – елінің тілі ғой, адал туған ұлы ғой, бұлқ-бұлқ еткен жаны ғой, жанын жеген ары ғой. Жаннан, ардан безбесе, ақының қандай ел қастерлемесін! – деп жазған еді. Аймауытов негізін қалаған, елінен қолдау сұраған Торайғыровтану мұрасы жыл санап жолға қойылды. Осы бағытта біздің білім ордамыздың үлесі мол екенін занды мақтаншыппен айтуға болады. Күні бүгінге дейін Торайғыров шығармашылығы жайында бірнеше ғылыми еңбектер жазылды. Университетіміздің бұрынғы басшысы Ерлан Арынның мұрындық болуымен тарлан ұлдың ұлы тұлғасы туралы бірнеше монографиялар мен жинақтар жарық көрді. Дәстүрге айналған Торайғыров оқулары да бірігіп жасап жатқан жемісті еңбегіміздің дәлелі.

Басты мақсатымыз – Алаш арыстың шығармашылығына қызығушылық тудыру және оны кейінгі ұрпаққа насихаттау. Ақынның бай әдеби мұрасының арқасында жас ұрпақты нағыз ел азаматтар ретінде тәрбиелеу. Ал осы ізгі мұратты көздеген бұл конференцияның тигізер септігі мол, берері көп деп білемін.

Озық елдердің жоғары жетістіктерін уағыздап, жаңалық жаршысы бола білген біртуар тұлға болашаққа өз аманатын осылай баяндап кеткен: «Бүгіндегі жастарға оқу міндет, бар қиындықты тек қана ғылым жеңбек». С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қабырғасында өтіп жатқан бүгінгі ғылыми кездесу Сіздердің алдағы уақыттағы жұмыстарыңызға шығармашылық шабыт сыйлап, табыс әкелсін!

**Уважаемые гости!
Уважаемые участники конференции!**

Мы рады приветствовать вас на международных Торайгыровских чтениях, которые стали традиционными в стенах нашего вуза и проводятся уже седьмой раз. Нынешние чтения, которые проходят в преддверии 55-летнего юбилея нашего вуза, объединены актуальнейшей темой: «Качество жизни в Павлодарской области, Состояние и перспективы». Для нас большая честь – участие в конференции ученых из разных регионов страны и наших коллег из стран Евразийского Экономического Союза.

Глубокая символика в том, что эти чтения, связанные с именем поэта большого гражданского мужества, страстного поборника социальной справедливости и народного просвещения, выпали в одну декаду с Форумом патриотов Казахстана «Мәңгілік Ел». Торайгыровские строки «Хочу быть солнцем, которое бы рассеяло тьму над головой моего народа» – формула гражданской самоотверженности, которая подтверждена его многотрудной жизнью. Пронизанная бескорыстной любовью к своему народу, торайгыровская поэзия во все времена будет звучать как набат гражданского мужества.

Наш выдающийся земляк верил в будущее своего народа, неутомимо стремясь словами и делами приблизить его «солнечное утро». Некоторые исследователи называли лирического героя поэта «частицей вечной, неистребимой, огненной материи». Ведь неслучайно излюбленный образ его произведений – образ огня, воспринимаемый им как символ тепла и света. Смысл своей жизни Торайгыров видел в просвещении родного народа, в освобождении его от духовного и социально-политического гнета. Трепетное отношение к родной земле «Ұлы Дала Елі», о котором прозвучало в приветственном слове участникам Форума Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева, красной строкой проходит через все творчество Султанмахмута Торайгырова. Отзвуки общенациональной идеи «Мәңгілік Ел», который был посвящен нынешний, можно четко услышать в торайгыровском гимне Алаша, объединившем духовную элиту нации в первой половине прошлого века.

Уверен в том, что собравшиеся ученые всесторонне обсудят литературное наследие Султанмахмута Торайгырова, его участие в общественной жизни Казахстана, поделятся своими изысканиями друг с другом. Но – и это от радно отметить – Торайгыровские чтения значительно расширили как географические, так и научные рубежи, не заикливаясь лишь на гуманитарных науках. Нынешняя конференция, безусловно, отличная площадка для ученых технических, аграрных, социально-экономических наук. Тот факт, что под эгидой «Торайгыровских чтений» собралось такое столько талантливых ученых, исследователей и изобретателей, несомненно, поможет вам обменяться опытом, почерпнуть неординарные идеи, найти инновационные решения тех или иных проблем.

Наша конференция – всенаправленная, и в равной степени чтит наше общее наследие, гордится настоящим и с большой надеждой глядит в будущее. Риторика «VII Торайгыровских чтений» обусловлена новыми вызовами, которые ставит перед нами стремительно меняющийся мир и всецело отвечает концепциям, предложенным Президентом Казахстана Н. Назарбаевым на Генеральной Ассамблее ООН.

Как сказал один мудрец: «Нет людей, есть идеи». Вы, уважаемые 7-ых Торайгыровских чтений, и есть генераторы новых идей, которые, в конечном счете, и двигают человечество. Успехов вам и плодотворной работы.

**1. Адам әлеуетінің жағдайы мен дамуы
1. Состояние и развитие человеческого потенциала
1. State and development of human potential**

**1.1 Интеллектуалды және мәдени-рухани даму
1.1 Интеллектуальное и культурно-духовное развитие
1.1 Intellectual, cultural and spiritual development**

М. Ж. КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ОТТЫ ЖЫРЛАРЫ

ӘУБӘКІР С. С.
магистрант, С. Торайгыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЖҮСІП Қ. П.
профессор, С. Торайгыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Дана да дара тұлғалардың шығармашылығы сан салалы болып келеді. Мәшһүр Жүсіп шығармалары да сондай. Біз бұл мақалада оның отты жырларына назар аудармақпыз.

Атақты ақын, ғұлама оқымысты Мәшһүр Жүсіптің көп қырлы талант екені елге мәлім. Қаршадайынан оқыған, оқып қана қоймай, көңіліне мол дүние тоқыған білімдар. М. Ж. Көпейұлының қазақ әдебиеті үшін еткен еңбегі баға жетпем мұра. Бүгінгі ұрпақ біздің міндетіміз оны саралап зерттеу. Оның өлендерінің тақырыптары қоғамдық-әлеуметтік өмір тудырған заманның зәру мәселелері көрініс табады.

Мәшһүр Жүсіп 1858 жылы өзінің айтуынша (қазақша қой жылы, арабша ережеп айында, жұма күні, бесін кезінде), Қызылтауда, Найзатас деген жерде дүниеге келеді. Нәресте туған соң ата-баба салтымен азан шақырып, атын Адам Жүсіп болсын деп қояды. Ал, оның Мәшһүр Жүсіп дейтін атқа ие болуы жайы да қызық. Сегізден тоғызға аяқ басқан шағында қалың топтың алдында бірде-бір мүдірместен мақамына келтіре отырып “Төрт жігіттің өлені”, “Ер Тарғын”, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” лиро-эпос дастандарын жатқа толғайды. Жиылған қауым дән риза болып, “баланың аты – Мәшһүр болсын, тіл-көзден аулақ болуы үшін басына үкі тағып қойыңдар”, – дейді [1, 29 б.].

Қара өлең, қайым өлең, жар-жар, аужар, сынсу, батырлар жыры, лиро-эпос жыры, шешендік сөздің неше алуан түрін жастайынан жаттап өскен Мәшһүр өзі де он бес жасынан бастап өлең шығара бастапты.

М. Ж. Көпейұлының әдеби мұрасы жайында баяндама жасаған қай баяндамашы болмасын балығы оның шығармашылығының

күндылығын, әсіресе халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы еңбегін аса зор бағалады.

М. Ж. Көпейұлы тек қана Қазақстанда емес, өзге елде болып жатқан оқиғаларға сергек көңілмен қараған. 1905 жылы бірінші орыс революциясының әсерімен осы жылдың 9 қаңтарында болған оқиғаға арнап ақын «Қанды жексенбі» өлеңін жазған.

1917 жылы Қазан қаласында «Хал-ахуал», «Сарыарқа кімдікі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітаптарын шығарған. Қазақ ауыз әдебиеті мен шығыс әдебиеті үлгісінде «Гүлшат-Шеризат», «Шайтанның саудасы», «Фибратнама» т.б. қисса-дастандарды жазған [2, 32 б].

Біз Мәшһүр Жүсіптің ақындығына тоқталсақ, оның нәзік те отты, ойлы өлеңдері халықтың өз ішінен қайнап шыққан талант екенін көрсетеді. Ел ішінің жағдайына жастай қанық ақын ағайын-туыс, бауырдың жан сырын терең жырлайды, нәзік тербейді. Олардың мінез-кұлқын салмақты баяндап, сабырлы түйіндейді. Бір қызығы, әрқайсының мінезі әртүрлі, бірі біріне кереғар, күле салуы да жылдам, ренжи салуы да оңай. Енді ақынға сөз берсек, ол:

Аманыңда елжіреп мақтайтын ағайын,
Алыстамай айналып жақтайтын да ағайын.
Ауырыңды жеңіл ғыш жоқтайтын да ағайын
Еркелетіп бетіңнен қақпайтын да ағайын,

– десе, бұл күнделікті өзіміз көріп, өзіміз қоян-қолтық араласып жүрген ел тірлігі. Халқымыз “Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол”, – дейді. Ағайынның тағы бір мінезіне ашынып, “Туысқан бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды”, – деп те ашылады. Қалай болғанда да өзінің өскен жұртына жетері жоқ. Осыны Мәшһүр Жүсіп тіпті әдемі толғайды:

Әуел баста аңдамай тартып жүрме сазайын,
Толып жатыр түрлі сөз қайсыбірін айтайын.
Түсінсе түйткіл сөзімді улы тілмен шағайын,
Өскен ордам жамандап жақсыны қайдан табайын, – дейді.

Мәшһүр Жүсіптің осындай жақсы жырларының қатарына оның “Жеті жетім”, “Қажылық иман шарттары”, “Адам екі түрлі”, “Жанайын ба?”, “Дауасыз дерт”, “Күндіз бен түннің айырмасы”, “Сырға сөз” секілді өлеңдерін атар едік.

Өз кезінде Мәшһүр Жүсіп сан-салалы ауыз әдебиеті үлгілерін мол жинағаны, өз замандастарының шығармаларын да хатқа түсіргені көпке аян.

Бұл жөнінде академик М.Әуезов былай деп тұжырымдайды: “Ол, өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт” дейді.

Ақын ел енесін басқан қараңғылықтың себебін білімнің жоқтығынан деп біледі. Отаршылдықтың зардабын, олардың зорлығының қатты бататыны да содан деп түсінеді. Сондықтан да ақын «Үш рет сөз» атты өлеңінде:

Қылады әркім мазақ ғылымы жақтан
Надандар адасуда білімі жақтан
– дей келіп, оның отаршылдықтың құрсай түсуіне тиімді болып тұрғанын ашына айтады:

Шаруаның берекесі кірмейді екен,
Мекен-жай қоныс қылыр орны жоқтан,
Іргеннен атақоныс мұра шықты,
Тарылып аймағынды крестьян.

Мұнда қазақ жерінің талан-таражға түсіп күйі қашақан қысыл таяң сәті ешбір бүкпесіз берілген. Еркіндігін еріксіз айрылған ел іргесінің бүліншілікке ұшырауына түрткі болған кім екен деген сұрақтың туындауы заңдылық [3, 41 б.].

Мәшһүр Жүсіп ел ішін көп шарлап, ақсақалды қарт, ақ самайлы әжелердің аузынан халық ауыз әдебиетін жинайды. Сол мақсатпен кейде баратын ауылына жете алмай далаға қонса, кейде таудың ішіндегі бұлақтың басына түнейді.

Ақын мал соңында салпақтап күндіз-түні еңбек етіп жүрген кедей шаруаның ауыр азабын, жетім мен жесірдің көз жасын өлеңге қосты. Сол қиындық бейнебір өз басынан өтіп жатқандай сезінді:

Болмайды түн күндізсіз, күндіз-түнсіз,
Ай кірсіз деген сөз бар, Құдай мінсіз,
Шаттық пенен қапалық кезек нәрсе,
Бірінен соң бірі бар артық – кемсіз,

– деген жолдармен дүниенің бірқалыпты тұрмай өзгеретінін, алдағы жақсы күннен күдер үзбеу керектігін жырлайды, елге демеу, сүйеу болып, басу айтады. Біз осы жолдардан ақын өз қара басының ғана қамын ойлап қоймай, өзгенің де өзегіндегі өксігін, өкінішін бар жанымен сезіне алатындығын көреміз.

Мәшһүр Жүсіп бүкіл түркі халқын тегіс сүйген, оны “батыр да, қайсар ел” деп дәріптеген, түркі тілі араб тілінен кейінгі ғажайып

үнді, мазмұнды тіл екендігін дәлелдеп айтқан. Әсіресе, Қожа Ахмет Ясауиді түркі елінің ғұламасы атаған, бұл кісі туралы бір аңызды келтіреді. Сопы ақын “тоқсан тоғыз мың машайығын” шақырып: “Сіздер баршаныз бір жерде отырып, бас-басыңызға бір ауыздан сөз айтындар, кейінгі заманға естелік болсын”, – дегенде, “қай ретті қылып сөйлейміз” деп Сұлтан хазіреттің өзінен сұрағанда: “Мақал деп айтылатұғын сөз болсын...” депті. Ең алдыңғысының айтқан сөзі екен: “Хазірет баршамызға бір-бір сөз айт деп шақырды. Жалғзын дәнеме айтпайсың, өзің білме, білгеннің тілін алма деген осы екен-ау”, – дейді. Сонда солардың ең аяқ соңында қалғаны: “Сендердің қасында құйысқанға қыстырылған тезек сықылды болып жүріп мен не айтамын”, – деген екен. Орта буында біреуі дәнеме айтпаған соң: “Кел, мұны қол-аяғын байлап, тіпті ештеме айтпаса суға тастап жіберелік” деп бас салғанда: “Құдайға шүкір, көп қорқытады, терең батырады” деген осы екен-ау”, – депті. Қазақ ішінде “мақал” деп айтылып жүрген сөз тоқсан тоғыз мың машайықтан қалған екен десіп келеді”, – деп зерттеуші айтса, біз мақал-мәтелдің бір үлгісі Қожа Ахмет Ясауиден бастау алған шығар деген ойға қалдық [4, 27 б.].

Осындай қыруар жақсы ісімен халық алдында айдай жарқырап көрінген ғұлама қашанда халқының жүрегінде.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жүсіпова Г.Қ. Мәшһүр Жүсіп дастандары. – Автореферат
- 2 Сүтжанова С.Н. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің әдеби мұрасы. – Автореферат
- 3 Ұлт тағылымы // 2002 № 4 69-89 беттер
- 4 Қазақ тілі мен әдебиеті // 2001 33-34б.

ҚАЗІРГІ ЛИНГВИСТИКА ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ТІЛДІК ТҰЛҒА МӘСЕЛЕСІ

АБДЫГАЛИМОВА Ж. О.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.

Тіл – қоғамда адамдардың бір-бірімен сөйлесуін, түсінісуін, пікірлесуін қамтамасыз ететін қатынас құралы. Егер тілді функционалдық жағынан анықтағымыз келсе, оны қатынас құралы, адамдардың бір-бірімен пікір алысып, өзара түсінісуінің құралы дейміз.

XX ғасырдың соңы парадигмалардың ауысып, алмасуымен ерекшеленеді. Адамның жеке өзіндік қасиеттері, сонымен қатар, тіл

жүйесін өзінше пайдалануы да жаңа зерттеудің орталығына айналды. “Антропоцентристік парадигма бағдарынан қарағанда зерттеу нысаны таным объектісінен субъектіге ауысады, яғни тілде көрініс беретін адам тұлғасы мен адамның сөз саптауындағы тіл мәселесі талдауға түседі. Антропоцентристік тіл білімінің дамуына өзіндік үлес қосқан Ю.Н. Карауловтың: «Тілдің шекарасынан аспай, ауқымнан алыстамай тұрып, *тілді жасаушы мен тұтынушыға*, яғни нақты тілдік тұлға – адамға назар аудармай тұрып, тіл құдіретін түсіну мүмкін емес... адамның әуелі тілін түсініп алмай немесе адамды тілінен танымай тұрып, өзін жете тани алмайсың» [1, 7 б.] деген пікірімен келіспеуге болмайды.

Әрбір тілдік тұлға өзінің алдындағы тұлғалар қалдырып кеткен барлық тілдік байлықты меңгеруімен, соны иелене алуымен қалыптасады. Әр тілдік тұлғаның тілі көп дәрежеде жалпыға ортақ тілден, біршама деңгейде өзіндік жеке тілдік ерекшеліктен тұрады.

Өйткені ұлттық мәдениетті меңгеру мен әлеуметтік психологияның қалыптасуы тіл көмегі арқылы ғана мүмкін болады. Сондықтан тілдік тұлғаның болмысын зерделеу кешенді талдау негізінде тарихи-мәдени қайнар көздерді, мәтіннің этноұлттық ерекшеліктері мен әлеуметтік сипатын, халықтың философиялық дүниетанымы мен психологиялық мінездемесін айқындау арқылы іске асуы және адамның тілдік болмысын түсінуге, зерделеуге жетелейтін лингвистикалық категория ретіндегі тілдік тұлға құбылысы қазіргі білім парадигмасының мазмұнын, күй-қалпын айқындаушы маңызды ғылыми ұғымға айналуға.

Егер тілді ой мен санаға қатысы жағынан анықтамақ болсақ, онда тілді ойды қалыптастыратын, оны жарыққа шығаратын құрал, ойлау құралы дейміз.

Тілді құрылымы жағынан анықтамақ болсақ, тіл – қатынас жасауға қажетті материалдардың жиынтығы деп қараймыз. Тілді таңбалық сипатына қарай таңбалар жүйесі, семиотикалық жүйе деп анықтау да тілдің қоғамда атқаратын қызметіне қатысты екені сөзсіз.

Қазіргі әлем кеңістігіндегі жаһандану мен ұлтсыздану үрдісі өріс алған алмағайып замандағы тәуелсіздіктің жаңа сапасы мен сипатының маңызы ерекше. Соның нәтижесінде ұлттық сананың жаңғырып, болмысымызды тануға деген құлшыныс қазіргі тәуелсіз мемлекетіміздің мүддесімен сабақтасуда. Бұл жағдаят ұлтсыздану үрдісіне қарсы ұлтжандылық сананың қалыптасып, ұлттық негізді дәлелдейтін тірек-дәйектерді зерттеуді жана да кешенді деңгейге көтеруді қажет етуде.

Дегенмен, қазіргі дүние дамуын байсалды зерделеудің пайымдау жүйесі қазіргі заманға сай өркениет дамуының нәтижесі ретіндегі жаһандану үрдісін жоққа шығара алмайды. Осы жағдайда ғаламдасудың бір жолы ретінде тұтасу немесе концептуалдану үрдісі байқалуда. Осы ғаламдық кеңістікке, мысалы, қазақ ұлтының да бір бөлшек боп еніп, өзіндік болмысымен сақталып қалуының кепілі – дүниенің тұтас бейнесін немесе дүниенің ұлттық бейнесін тіл арқылы тану. Нақты айтқанда, оған негіз болатын тілді тұтынушы ұжымдағы тілдің коммуникативтік қызметімен сабақтас ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін оның мұрагерлік (кумулятивтік) қызметі.

Осыған орай, қазіргі тіл білімінде дүниені тіл арқылы танудың әлемдік моделі және сонымен сабақтас ұлттық моделі анықталуда. Демек, қазіргі заманда тілдің қызметі жалаң коммуникативтік құрал ретінде емес, ойды білдіріп қана қоймай, тілдік санада ойды түзетін, құратын, сақтайтын, жеткізетін таным тетігі, ел тарихын сақтаған мәдени-құжаттық қор деп тұжырымдалады. Осы қағидаға сәйкес тілді зерттеу оны тұтынушымен тығыз байланыста зерттейтін антропоэлектік (адамтанымдық) бағыт өріс алуда. Яғни мұнда сөз иесінің болмысына (тұлғасына) ерекше мән беріледі. Бұл арада мұндай зерттеулерге нысан болатын – тіл арқылы ұлттың болмысы мен мәдениетін дәйектейтін ел тұлғаларының ісі мен сөзі, рухани шығармашылық мұрасы.

Осыған орай, егемен елдің тілдік саясатының рухани құндылығын Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың: «Ұлтты күшейтудің бір тетігі – туған ана тілі» деп бағалаған тұжырымы ұлттық болмысымыз бен елдігімізді тіл арқылы танудың бағдары болары анық.

Өз алдына егемен ел болуға, тәуелсіз мемлекет құруға бет алған, сол жолда қайта түлеу, жаңғыру кезеңін бастан кешіріп отырған кезеңде ұлттық тұлға болған ел ағаларының рухани мұрасын танудың, тіліміздің асылы мен құдіретін танудың ел үшін қаншалықты өзекті мәселе екенін атап көрсеткен жөн.

Қазақ тілінің өміршендік, мұрагерлік құндылығы «халқы үшін қызмет етуден басқа бақыт жоқ» деп білген М. Әуезов сынды тұлғалардың барлық қасиетін жан-жақты аша алады. Атап айтқанда, оны іске асыратын – ғалымдық, суреткерлік, ағартушылық, кәсіптік тұлғасының толық бейнесін тілі арқылы аша алатын тіл білімінің адамтанымдық бағыттағы тілдік тұлға теориясы. Сайып келгенде, мемлекеттік мәртебеге ие болған ана тіліміздің мәселесі тіл білімімен шектелмей, ұлттық болмысты танытатын, қоғамдық-әлеуметтік қызметімен қозғаушы күш ретінде арқау болуда.

Сондықтан тілдік тұлға мазмұнына ғалымдардың көрсетуінше, мынадай компоненттер енеді:

1) құндылықтық (аксиологиялық), дүниетанымдық жүйе, тәрбие мазмұны;

2) тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі;

3) жеке тұлғалық (адамдық, терең жекелік) қасиеттер.

Тілдік тұлға - тұлғаның тілі, дискурсы арқылы анықталатын психикалық, әлеуметтік, этикалық және т.б. құрамдас бөліктерін толық қамтитын толыққанды көрінісінің бір түрі. Адамды тілден тысқары зерттеу мүмкін болмайды, тілді жасаушы, қолданушы, пайдаланушы – адамға назар аудармай, тілдің шегінен аспай, тілдің өзін тану мүмкін емес. Себебі адамның бір ауыз сөзін естімейінше, оның қандай адам екені жайлы мәлімет алу мүмкін емес. Сондай-ақ, тілді адамнан тысқары да қарастыру мүмкін емес, себебі, сол тілде сөйлейтін тұлғасыз тіл жай таңбалар жүйесі болып қана қалады. Сондықтан «Тұлғаның тілдік тұлға ретінде қалыптасуы тек тіл арқылы ғана жүзеге асады».

Ю.Н. Караулов көркем мәтінге сүйене отырып тілдік тұлғаның деңгейлік моделін жасап, оның үш құрылымдық деңгейін анықтап көрсетеді: 1. Вербалдық-семантикалық деңгей (немесе құрылымдық-жүйелік); 2. Когнитивтік деңгей (немесе тезаурустық); 3. Прагматикалық деңгей (уәждемелік) [1, 11 б.]. Тілдік тұлғаны тануда Ю.Н. Караулов жеке дара зияткерлік қасиетін қарастыруды ұсынады да, тілдік тұлғаның бірінші деңгейіне сәйкес тілдік нормадағы білігін «нөлдік деңгей» деп атайды. Бұл деңгей - вербалдық-семантикалық (семантико-қатарлық, инварианттық) қарапайым сөйлеу тілін меңгеру дәрежесін көрсетеді, сөз тіркесі мен сөйлемнің тілдік жүйедегі қалыптасқан үлгісінен тұрады. Вербалдық-семантикалық деңгейде негізгі бірліктер ретінде сөздер қарастырылады, ал олардың арасындағы қатынас түрлі грамматикалық, парадигмалық және синтаксистік байланыстар арқылы көрініс табады, стереотиптері – стандартты фразалар мен сөйлемдер.

Бұл деңгей тілдік жүйеде іске асады. Онда тұлға жалпы тілге тән ерекшеліктерді меңгереді. Оны қазіргі тіл білімінде тілдік аялық білім деп түсіндіреміз. Кез келген айтылымның мән-мағынасын түсіну үшін сөйлеуші мен тыңдаушыда халықтың өткен тарихынан, рухани дүниесінен хабардар аялық білім негізі болу керек. Аялық білім – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі арқылы қалыптасқан ұғым-түсінігі. Тілді меңгеру арқылы тіл үйренушінің санасында қалыптасатын аялық білім танымдық қызметпен, яғни,

оның ойлау жүйесімен тікелей байланысты. Сол себепті осы деңгейде тіл үйренушінің санасында танымдық қызмет арқылы қазақ тілі туралы жаңа таным, жаңа ұғымдар қалыптасады. Тіл үйренушінің сөйлесім әрекетінде кездескен тілдік бірліктердің құрылымдық, салғастырмалы, қолданбалы қасиеттерін, жалпы беретін мағынасын түсінуі оның осы нөлдік деңгейін анықтайтын өлшем болмақ.

Екінші тезаурустық деңгей – әр адамның танымында, шығармашылығында ұғым, идея, тұжырым бірліктерінен құралатын когнитивтік деңгей. Онда әлеуметке тән релеванттық білімдер мен түсініктердің өзектілігі мен бірегейленуі және ұжымдық немесе жеке когнитивтік кеңістік тудыруы жүзеге асады. Бұл деңгей тұлғаның білім, сана, танымын бейнелеген мәтіндері негізінде қалыптасқан, мәтін түзуші, мәтін және мәтін қабылдаушы тұтастығынан тұратын дискурсын танытады.

Мәтіндер арқылы көрінетін тілдік тұлға феномені – психикалық, әлеуметтік және этикалық, эмоциялық компоненттерден тұратын күрделі құрылым. Тілдік тұлға болмысы оның дискурсы арқылы анықталады.

Когнитивтік немесе тезаурустық деңгей – тұлғаның әлемнің тілдік моделінің, оның мәдениетаралық құзыреттілігінің көрінісі, тіл мен таным сабақтастығының нәтижесі арқылы іске асқан тезаурустық қалыптасу кезеңі. Бұл деңгейдің ерекшелігі тіл үйренушінің қазақ тілін меңгеру дәрежесін сипаттайтын тұлғаның грамматикалық және лексикалық білімінің қоры арқылы көрінеді.

Лингво-когнитивтік деңгейдің бірлігі ретінде нөлдік деңгейдегі сөздердің көмегі арқылы айтылатын түрлі түсініктер, идеялар, концептілер қарастырылады, олардың арасындағы қатынас әлемнің құрылымын бейнелейтін белгілі бір тәртіпке келтірілген иерархиялық жүйе бойынша тізбектеледі, стереотиптері - өз тезаурусындағы түсініктеріне сәйкес таңдап алынған әралуан жалпылама айтылулар, қанатты сөздер мен афоризмдер арқылы көрініс табатын концептілер арасындағы тұрақты стандартты байланыстар.

Тілдік тұлғаның басым қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, идеалдарын бейнелейтін неғұрлым маңызды концептілері оның тезаурусында соғұрлым кеңірек көрініс табады. Тезаурус дегеніміз – біріншіден, жиілігі бойынша реттелген сөздік, екіншіден, осындай сөздіктің негізінде айқындалған тілдік тұлғаның өзіндік бір ғалам бейнесінің суреті. Ол сурет тілдік тұлғаға тән ғалам бейнесі үзіктерімен тікелей байланыста болатын концептуалдық құрылымға негізделеді. Концепт – көпкомпонентті, күрделі когнитивті құбылыс,

тілдік тұлғаның тілдік-когнитивті деңгейлерінің негізгі бөлшегі, әлемнің шындық немесе көркемдік негізін көрсетуші ұжымдық сананың қозғалысын айқындаушы бірлік. Адам санасындағы дүние бейнесі концептілердің көмегімен сөз арқылы таңбаланып, жарыққа шығады, вербалданады. Оның құрылымын орталық нүктесі, яғни өзегі бар және сол өзек маңына топтасқан білімдер, тұжырымдар, түсініктер мен ұғымдар, ойлар, қиялдар, болжамдар, ассоциациялардан тұратын өріс түрінде елестетуге болады. Осы бағыттағы адам танымының үдерісі оның сол әлемде қандай бағдар ұстанғанына байланысты. Концептілік өріс құру арқылы белгілі бір концепт шеңберіндегі ғаламның тілдік бейнесі сипатталады.

Концепт ұғымын лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан ерекшеленетін ментальды көрініс ретінде айқындау гуманитарлық, оның ішінде лингвистикалық білімнің антропоцентристік парадигмасының қалыптасуындағы заңды қадам болып табылады.

Тілдік тұлғаның қалыптасу үрдісі адамның жалпы интеллектуалдық деңгейінен, парасат биігінен бастау алып, оның тұлғалық мінезінің құрылымын, саяси, қоғамдық, психологиялық және т.б. ерекшеліктері түзеді. Бәрінің негізін тұлғаның ұлттық болмыс-бітімін, ұлттық-рухани құндылығын, ұлтжанды сезімін, қоғамдық ой биігін сипаттайтын рухани қажеттілік құрайды. Екінші бір қажеттіліктің бірі – ұлттық тәрбие арқау болған отбасылық тәрбие үрдістері, тектілік ұғымының ана сүтімен санаға сіңірілуі. Демек, М. Әуезов сынды ұлт перзенттерінің ұлттық тұлға болып қалыптасуы кездейсоқтық емес.

Демек, жоғарыда аталғандарды қорытсақ, Ю.Н.Караулов орыс тіл білімінде тілдік тұлға табиғатын бір құрылымға жинақтап, оны үш деңгейде анықтайды [1]:

Бірінші деңгейді кейде нөлдік деңгей деп те атайды. Себебі онда тілдік тұлғаның дәстүрлі тілді меңгеру деңгейі анықталады. Атап айтқанда, тәлім-тәрбие алған отбасы мен ортасы, тегі, білімі және соған сәйкес қалыптасқан өзіндік сөз қолданысы, яғни тілді қолдану ерекшелігі, тіл көрнектілігі (метафора, мақал-мәтелдер, фразеологизмдерді орынды қолдануы).

Осы деңгейге сәйкес М. Әуезовтің ерекше тілдік тұлға ретінде қалыптасуына әсер еткен қайнар көздердің бірі – ол дүниеге келген тарихи шежіре мен көркем сөз астасқан Ұлы Шыңғыстау өлкесі. Бала кезінен Ұлы Абайдың асыл сөздерін естіп, халқымыздың қайғы-мұңын жырлап, өлең-толғауларын ту қылып көтерген және сол өлкенің гауһар жырларын тындап, таным бұлағын суарып, рухына

сіңіріп өскен. Оның артында қалған ұланғайыр мұрасын зерделеп, ой елегінен өткізу үшін де әр дәуірдің, әр ұрпақтың өз айтар сөзі, таным-түсінігі болатыны сөзсіз. Ғасырлар бойы көшпелі тіршілікті бастан кешіріп, XIX ғасырдың бел ортасында жол айрығына келген қазақ өмірінің барлық әні мен нәрін, сыны мен сырын, соры мен бағын тендессіз тарихи тұлға Абай тағдыры арқылы әрі көркем, әрі түпсіз ой көзімен ашып берген суреткер туралы талай-талай ізденістер жалғаса бермек. Олай болатыны Мұхтар Әуезов шығармашылығы ғасырлық өлшемдердің аясына әлдеқашан именбей-ақ енген.

Екінші деңгейде тілдік тұлғаға тән танымдық кеңістікті құрайтын әртүрлі түсініктер мен білімі өзектеліп, тілдік тұлғаның өзіндік ғаламының тілдік бейнесі ашылады, өзіндік тілдік әлемі (тезаурус) қалыптасады. М. Әуезовтің бұл деңгейге сәйкес тұлғалық шығармашылығының жүзеге асып, тұлға ретінде танылуының қырлары танылды. Ұлы жазушы, ғалым, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтің көркем мұрасы біздің төл әдебиетіміздің ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің де жетістігі. Романшы, драматург, ғалым, сценаршы, аудармашы – бұл ұлы қаламгер дарынның толық емес тізімі. Оның Абай туралы эпопеясы мен асқан шеберлікпен жазылған шағын әңгімелері, повестері XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алтын қорына мәңгілік енеді.

«Абай», «Таң», «Шолпан» журналдарында жарияланған алғашқы әңгімелері мен зерттеу мақалаларынан, повестері мен драмалық шығармаларынан-ақ өзін қалыптасқан қаламгерлік жазу өрнегі, белсенді азаматтық бет-бағдары мен пікір толғамы бар сөз зергері ретінде бар даусымен мәлімдеді.

Сонымен қатар өзіндік танымдық деңгейде білімінің өзектеліп, тілдік тұлғасын анықтайтын мақалаларының ғылыми-танымдық сипаты.

Үшінші, яғни прагматикалық деңгейдің басты өзегі – сөйлеуші (я жазушы) мен тыңдаушының (я оқушының) арақатынасы. Нақты айтқанда, тыңдаушының танымын, көзқарасын, психологиясын айтушының ескеріп, барынша оған ықпал етуді, сөзін ұғындыруды, ойын жеткізуді мақсат етуі. Бұл арада прагматикаға негіз болатын уәж бен мақсат тілдік тұлға сатысына көтерерлік қуатты факторлар екенін атап өткен жөн.

М. Әуезовтің тілдік тұлғасын уәж мақсат-мүдделерінің мазмұны белгілеп, тілдік, тұлғалық прагматикалық ерекшеліктерін қалыптастыратын, біздің ойымызша, ұлт қамын, болашағын ойлаған мемлекеттік мүдде мен кәсіби тұлға тұрғысынан жасаған мұрасы, қазақ тілінде жазылған ғылыми стильдің, ғылыми түсініктеменің прагматикалық үлгісі деп бағалауға болады.

Кез келген тілдік тұлға, ең алдымен, ана тілін дамытушы. Осы орайда М.Әуезовтің тілдік тұлғасының танымдық-шығармашылық нәтижесі ретіндегі нақты прагматикасы – **«Абай жолы» эпопеясының тілі**. Абай шығармалары тілі мен ортақастығы, әсері.

Абай шығармалары халықтың ауызша және жазба ескерткіштерінде сақталған көне қазақ мәдениетінен, шығыс мәдениетінің ұлы шығармаларынан - тәжіктің, азербайжанның, өзбектің классик, поэзиясынан, орыс сол арқылы Европа мәдениетінен нәр алған. М. Әуезов көрсеткен осы **«үш ұлы қайнар булақтың»** ізі оның өз шығармаларында да, әсіресе, «Абай жолында» сайрап жатыр. Жазушы *«сөздік жағынан менің романдарымның Абай өмір сүрген тарихи дәуірге сәйкес ерекшеліктері мол. Оның үстіне мен Абайдың өз шығармаларының сөздік қорынан да мейлінше пайдаландым»* дегенді сірә кемегер ақынмен өз арасындағы сол рухани ортақтықтан шығарып айтса керек. Абай шығармаларында да, эпопеяда да халқымыздың 19 ғасырдың 2-жартысындағы өмірі суреттеледі. Абай да, Әуезов те сол кезеңдегі көне қазақ мәдениетін, яғни халық тілі байлығын, әсіресе, ондағы байырғы құбылыстарды, шешендік нақыл сөздерді, мақал-мәтелді, билер айтысындағы түрлі көне және дәстүрлі сөз қолданыстарды, афоризмдік орамдарды, аңшылыққа, халқымыздың тақпақ пен тапқыр жауаптарында қалыптасқан ежелгі тілдік дәстүрді, ас беруге, қыз ұзатып келін түсіруге, өліктің артын күтуге, той-томалақ түрлеріне, әр алуан этнографиялық затты қаласы, рухани мәдениетке байланысты лексикалық қабаттардың қай-қайсысын да қажетінше қамти пайдаланды.

Абай заманында Орта Азия мен Араб шығысының классик ақындарының шығармалары кеңінен тараған. Бұларды, яғни шығыс мәдениетінің ұлы шығармаларын – Рудаки шығармалары тілінің данышпан қарапайымдылығын, Фирдауси ғазелдеріндегі әуезді ырғақты, Низами мен Руми жырларының өн бойынан айқын сезілетін дыбыстық, сондай-ақ, жеке сөз түріндегі қайталауларды, синтаксистік егіздеулерді, ассонанс пен аллитерациялық тәсілдер, Сағди мен Хафиз өлеңдерінің сырт әуенділігі мен саздылығын барынша жетік білді. Шығыстың көркем сөз өнерінде кеңінен тараған садж, тавзе, ил-тизом, таносуб, иштикок тәсілдерін өздерінің шығармаларында Абай да, Әуезов те жиі пайдаланды.

Әрине, М.Әуезовтің тілдік тұлғасының прагматикалық деңгейін, мақсатын анықтайтын негізгі өзек – ұлтты сүю, оған насихат айту. Сонымен, жазушының тілдік тұлғасының табиғатын ашып, ғалымдық

кабілетін, тілдік шеберлігін танытатын оның мұрасының ұлттық мазмұны мен көркем де түсінікті тілінің арқауы – көріктеу құралдары, архаикалық этнолексика, риторикалық сұраулар, мақал-мәтелдер және айқын мақсат. Ал бұл ұлы мақсаттардың іске асуының негізгі тетігін М.Әуезовтің шығармашылығынан табылатын асыл мұрасы, оны танытатын ұлт мәдениетінің ерекше қасиетін хабарлаушы танымдық ақпаратты, сонымен байланысты XX ғасыр басында пайда болған ағартушылық және ұлттық сананы оятушы өзіндік тілдік әлемі десек, соның негізінде оны дәлелдейтін – тілдік тұлға теориясы.

Заманымыздың заңғар жазушысы, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің XX ғасырдағы биік шыңы — ұлы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің артында қалған ұланғайыр мұрасын зерделеп, ой елегінен өткізу үшін де әр дәуірдің, әр ұрпақтың өз айтар сөзі, таным-түсінігі болатыны сөзсіз. Оның тұлғалық болмысын толық танудың, яғни әуезовтанудың болашағына дәйек болатын ғылыми-танымдық негіздің бірі тілдік тұлға теориясы деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987.
2. Әуезов М. Уақыт және әдебиет / Құраст. Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: Қазмемкөркемәдебас, 1962. – 428 б.

РОЛЬ ЗРИТЕЛЬНЫХ ВОСПРИЯТИЙ В ПРОЦЕССЕ ФОРМИРОВАНИЯ ТВОРЧЕСКОГО ВООБРАЖЕНИЯ

АБИШЕВА С. И.

к.п.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В современном образовании проблема способностей является одной из самых серьезных проблем. Несмотря на кажущуюся разрешаемость проблемы способностей ввиду многообразия различных видов учреждений дополнительного образования, среднего и высшего уровней, школ с различными уклонами, лицеев и гимназий, направленных на освоение различных видов творчества, не говоря уже об основных (профессиональных) учебных заведениях, дело обстоит гораздо серьезней. Частичное или полное отсутствие современных методик в данных учебных заведениях зачастую не позволяет обучающемуся полностью проявить всю гамму своих способностей.

Психологическими механизмами формирования творческих способностей могут выступать сложная многоуровневая структура ценностей и способностей, определяющих эти важные качества.

Каждая деятельность предъявляет человеку определенные требования к его психическим процессам, скорости реакций, работе анализаторов, к свойствам личности. Возможность развития способностей к определенному виду деятельности может быть выявлена в предшествующем развитии индивида, до занятия этим видом деятельности. Правильнее говорить, что развитие способностей в целом связано не только с конкретным специальным видом деятельности, а со всей жизнедеятельностью индивида, с его реальной деятельностью, куда специальный вид деятельности включается в качестве составляющей. Раскрытие общих особенностей преобразующей психической деятельности дает возможность понять механизм универсализации способностей, их переноса с одной области деятельности на другую.

Первичной формой психической перцепции является ощущение, возникающее при непосредственном воздействии предметов и явлений материального мира на анализаторы человека.

На основе синтеза ощущений складывается более сложная форма отражения – восприятие. В отличие от ощущений в нём формируются не отдельные свойства, а образ предмета в целом. Воспринимая, человек не только видит, но и смотрит, не только слышит, но и слушает, а иногда он не только смотрит, но рассматривает или всматривается, не только слушает, но и прислушивается. Восприятие – это форма познания действительности. Восприятие образуется на основе совместной деятельности ряда анализаторных систем. Восприятие всегда целостно. Мы никогда не путаем предметы между собой, несмотря на множество различных ощущений, получаемых от них.

Живя и действуя, разрешая в ходе своей жизни, встающие перед ним практические задачи, человек воспринимает окружающее [1, 182 с.]. Но как объяснить тот факт, что все мы воспринимаем одно и то же?

В процессе восприятия формируется «перцептивный образ», который играет важную роль в регуляции поведения и деятельности человека. Образ обладает свойством объективированности: в образе объект представлен находящимся вне воспринимающей системы. Образ субъективен – недоступен стороннему наблюдателю.

На основе ощущения и восприятия возникает более сложная форма чувственного отражения действительности – **представление** – вторичный чувственный образ предмета, который в данный момент не действует на органы чувств, но действовал в прошлом.

Представления служат основой для умственных действий, этапом перехода к мышлению – форме опосредованного отражения. На уровне представлений предмет обособляется от фона, и в этой связи возникает возможность мысленно оперировать с объектом независимо от фона.

Зрительное восприятие простых форм происходит мгновенно и не требует длительных поисков с выделением опознавательных признаков и их дальнейшим синтезом в одну целую структуру. Иное имеет место при восприятии сложных предметов их изображений или целых ситуаций. В этих случаях лишь наиболее простые и хорошо знакомые предметы воспринимаются сразу.

Процесс зрительного восприятия сложных объектов представляет сложную и активную перцептивную деятельность, и хотя он протекает несравненно более сокращенно, чем процесс опознания предмета на ощупь, он все же требует участия двигательных компонентов, приближаясь тем самым к осязательному восприятию. Для того, чтобы обеспечить возможность длительного сохранения образа, нужны движения глаза, перемещающие изображение с одних пунктов сетчатки на другие. Изучение движений глаз, с помощью которых субъект ориентируется в рассматриваемом предмете, стало одним из существенных методов исследования восприятия сложных объектов и изображений. Факты показали, что глаз, рассматривающий сложный объект, никогда не движется по нему равномерно, а всегда ищет и выделяет наиболее информативные точки, привлекающие внимание рассматривающего. Хорошо известно, что нормальный субъект воспринимает предложенный ему предмет, выделяя в нем множество признаков, включая его в различные ситуации и обобщая его в одну категорию с внешне различными, но по существу близкими предметами.

Организация перцептивных процессов и черты постоянства, которые мы устанавливаем в мире, обеспечивают нам непротиворечивом и вязкое восприятие окружающего. Однако существуют случаи, когда восприятие искажено, – когда, например, от самих предметов поступают противоречивые сигналы или когда мы неправильно интерпретируем монокулярные сигналы, получаемые от предметов – зрительные иллюзии

В основе восприятия пространства лежит функция специального аппарата – полукружных каналов (или вестибулярного аппарата), расположенного во внутреннем ухе. Этот аппарат, тонко реагирующий на отражение трех основных плоскостей пространства, является его специфическим рецептором. Он тесно связан с аппаратом глазодвигательных мышц, и каждое изменение в вестибулярном

аппарате вызывает рефлекторные изменения в положении глаз. Такая тесная взаимная связь между вестибулярным и глазодвигательным аппаратом, вызывающая оптико-вестибулярные рефлексы, входит в систему, обеспечивающую восприятие пространства.

Вторым аппаратом, обеспечивающим восприятие пространства, и прежде всего глубины, является аппарат бинокулярного зрительного восприятия (в одном глазу получается двумерное изображение предмета, немного отличное от изображения в другом глазу, позволяет мозгу объединить эти два изображения в один трехмерный образ).

Третьим важным компонентом восприятия пространства являются законы структурного восприятия: восприятие целых геометрических форм или структур; целостный характер восприятия цвета; законы восприятия формы (описанные гештальтпсихологами). К ним присоединяется и последнее условие - влияние хорошо закрепленного прежнего опыта.

Восприятие пространства не ограничивается восприятием глубины. Его существенную часть составляет восприятие расположения предметов по отношению друг к другу. Воспринимаемое нами пространство никогда не носит симметричного характера; оно всегда в большей или меньшей степени асимметрично. Одни предметы расположены от нас сверху, другие внизу; одни дальше, другие ближе; одни справа, другие слева. Различные пространственные расположения предметов в этом асимметричном пространстве имеют часто решающее значение.

Примером этого могут служить ситуации, когда нам нужно ориентироваться в расположении комнат, сохранить план пути и так далее. В условиях, когда мы можем опираться на дополнительные зрительные сигналы (расстановка вещей в коридорах, различный вид зданий на улицах), такая ориентировка в пространстве осуществляется легко. Когда эта дополнительная зрительная опора устраняется, такая ориентировка резко затрудняется. Ориентировка в таком асимметричном пространстве настолько сложна, что одних описанных выше механизмов недостаточно. Для ее обеспечения нужны добавочные механизмы, прежде всего, выделение «ведущей» правой руки, опираясь на которую человек и осуществляет сложный анализ внешнего пространства и системы абстрактных пространственных обозначений (правое – левое).

Тот сложный комплекс приборов, которые лежат в основе восприятия пространства, требует столь же сложной организации аппаратов, осуществляющих центральную регуляцию пространственного восприятия. Таким центральным аппаратом

являются третичные зоны коры головного мозга или «зоны перекрытия», которые объединяют работу зрительного, тактильно-кинестетического и вестибулярного анализаторов [2, 111 с.].

Таким образом, наше восприятие окружающего – результат истолкования сигналов, улавливаемых антеннами, настроенными на внешний мир. Эти антенны – наши рецепторы; глаза, уши, нос, рот и кожа. Мы чувствительны также к сигналам из нашего внутреннего мира, к мысленным образам и к воспоминаниям, хранящимся в памяти на более или менее сознательном уровне.

Образ, регулирующий сознательную целенаправленную деятельность человека, включает три уровня психического отражения: сенсорно-перцептивный, представлений, вербально–логический. Основная характеристика сенсорно-перцептивного отражения состоит в том что оно возникает в условиях непосредственного воздействия предметов и их свойств на органы чувств человека и развертывается в реальном масштабе времени. Человек воспринимает предмет в том месте, в котором тот находится, и в тот момент, когда тот действует на органы чувств. Вторым уровнем отражения и вторичным образом предмета является представление, которое возникает без непосредственного воздействия на орган чувств. К уровню представлений относится широкий круг психических процессов, важнейший среди которых – образная память и воображение. В них появляются элементарные обобщения и абстракции.

С феноменом воображения в практической деятельности людей прежде всего связан процесс художественного творчества.

По мнению Э.В. Ильенкова: «В форме искусства развивалось и развивается та самая драгоценная способность, которая составляет необходимый момент творчески-человеческого отношения к окружающему миру, - творческое воображение или фантазия» [3, 50 с.].

Никакая фантазия не способна изобрести нечто такое, что человеку не было бы известно. В связи с этим основой творчества ряда мастеров искусства становится реальность, которая пропускается через продуктивное воображение.

Чаще всего творческий процесс в искусстве связан с активным воображением: прежде чем запечатлеть какой-либо образ на бумаге, холсте или нотном листе, художник создает его в своем воображении, прилагая к этому сознательные волевые усилия. Нередко активное воображение настолько захватывает творца, что он утрачивает связь со своим временем, своим «я», «вживаясь» в создаваемый им образ. Реже импульсом творческого процесса становится пассивное воображение,

так как «спонтанные», независимые от воли художника образы чаще всего являются продуктом подсознательной работы творца, скрытой от него самого. И, тем не менее, наблюдения за творческим процессом, описанные в литературе, дают возможность привести примеры роли пассивного воображения в художественном творчестве. Так, Франц Кафка исключительную роль в своем творчестве уделял сновидениям, запечатлевая их в своих фантастически мрачных произведениях. Кроме того, творческий процесс, начинаясь, как правило, с волевого усилия, т.е. с акта воображения, постепенно настолько захватывает автора, что воображение становится спонтанным, и уже не он творит образы. А образы владеют и управляют художником, и он подчиняется их логике.

Динамический характер действительности выдвигает в число первоочередных задач изучение структуры способностей личности, необходимых для успешного выполнения конкретных видов деятельности, и их диагностики, что обуславливает, соответственно, более подробное рассмотрение этих вопросов.

Художественное познание обладает особыми психическими механизмами, отличными от тех, которые имеют место в логическом мышлении.

В зависимости от поставленной задачи студентам необходимо ставить задачи для самостоятельного принятия решения адекватной оценки своей работы, на примерах сопоставления с целью выявления анализа и логики восприятия. Немаловажным аспектом в способности дифференцировать, распределять, резюмировать, выстраивать логическое заключение работы является художественно-эстетическая информированность.

Многоэтапное раскрытие разнообразных по сложности задач, формирует инициативность воображения студентов. Таким образом, развитая личность находит своё отражение в навыках профессиональных специалистов, способных воплотить авторский идейный замысел через концепцию, стилевое решение, создание образа, включающее идейную, эмоциональную систему взглядов.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии. – СПб: Питер, 2000 - 712 с.: ил.
- 2 Лурия А. Лекции по общей психологии. – СПб.: Питер, 2006 - 320 с.
- 3 Ильенков И.В. Об эстетической природе фантазии.//Вопросы эстетики, вып.6. – М., 1964.

РОЛЬ ФРАНЦУЗСКОГО ЯЗЫКА В ПОЛИЯЗЫЧНОМ ОБРАЗОВАНИИ

АЙДАШЕВА Т. М.

ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЖҮСІП Қ. П.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тәуелсіз Қазақстанның публицистикасы, негізінен, қазақ және орыс тілді мерзімді басылымдар негізінде дамып келеді. Олардың әрбірінде газет тақырыпаттарының негізгі міндеттері, нақтылай айтқанда, ақпараттылық және мәтін мазмұнымен сәйкестік талаптарының көрініс табу деңгейі әртүрлі, әрқайсының оқырманға әсер етудегі өзіндік ерекшеліктері де сан алуан.

Ақпараттылық. Газет тақырыпаттарының ақпараттылық деңгейіне байланысты оларды толық ақпаратты және толымсыз ақпаратты деп бөлген жөн екенін айттық. Толық ақпаратты тақырыпаттар қазақ және орыс тілді мерзімді басылымдардың екеуінде де кездесетін «қарапайым» тақырыпаттар санатында. Ал мәтіннің бір емес, бірнеше мағыналық элементі көрініс табатын кешенді тақырыпаттардың қазақ тілді газеттерде ең жиі кездесетін және әдеттегі көрінісі – бір-бірімен «немесе», «яки», «болмаса» деген сынды шылаулармен байланысқан екі бөлімді тақырыпаттар. Оған келесі мақалалар дәлел: «Түрме деген санаторий емес немесе темір тор ішіндегі өмір» (ЕҚ. – 12.08.2009), «Есті қыз етегін жауып жүреді немесе оқу орындарында хиджаб кию мәселесі» (СС. – 23.09.2010), «Өркениеттілікке қалай жетеміз немесе кекшілдік пен жікшілдік хақында» (Ақ. – 2007. № 7).

Мұндай тақырыпаттардың негізгі ерекшелігі – бірінші бөлімде автор мақала жайлы жалпы хабар ғана (көбіне жалпы идеясы) беріп не мүлде жұмбақтап, түспалдап айтса, екінші бөлімде оны толықтырып, оқырманға «сыр сандықтың» аузын аша түседі.

Орыс тілді мерзімді басылым беттерінде де мұндай кешенді тақырыпаттар жиі кездеседі: ««Портал» в прозрачность, или Зачем Правительство в Сети поселилось» (КП. – 14.12.2010), «В пасынках в родном государстве, или Почему в полный голос не звучит казахская речь» (ЭЖ. – 09.06.2005), «Операция «Ы», или Приключения немцев в Казахстане» (К. – 07.01.2000).

Кешенді тақырыпаттардың бөліктері бір-бірімен шылаусыз, тыныс белгілері арқылы да байланысуы мүмкін: «Ауызына құдай сөз салған: Абайды толық танып болдық па?» (П. – 2004. № 6), «Қазақстан мұнайы: Бір ғасыр не берді» (З-Қ. – 08-14.09.1999), «Ұйықтай білу де өнер: Кім қанша және қалай ұйықтайды?» (П. – 2004. № 11). «Дорогу осилит идущий: Программа, стартовавшая в 2011 году, уже дает результаты» (КП. – 11.01.2012), «Лошадь будет жить: Как отказаться от дурной привычке курить?» (ЭЖ. – 19.08.2005).

Толымсыз ақпаратты тақырыпаттар алдыңғыларға қарағанда мазмұндылық тұрғысында «әлсіздеу» болса да, ессіне бейнелілік аспектісінде анағұрлым айшықты. Сол себепті мұндай мақала атаулары қазақ және орыс тілді публицистикада жиі кездеседі: «Болмайды, жаман болады!» немесе кей ырым-тыйымдардың мәні» (ЖА. – 10.11.2009) және «Жаман болады!» (СС. – 11.08.2012). Екі мақала да бір тақырыпта, қазақ халқының ырымдары мен тыйым сөздері жайлы жазылған. Алғашқысының бірінші бөлімі мен екінші тақырыпат бірдей десе де болады. Егер бірінші мақала атауы сондай қалыпта ұсынылған болса, екеуін де толымсыз ақпараттыға жатқызар едік, алайда алғашқысында автор мақалаға кешенді атау құрастырып, бірінші бөлімінде хабардың «бетін» сәл-пәл ғана ашса да, екінші бөлім арқылы оны толықтырып, оқырманның қабылдауын жеңілдеткен. Сөйтіп, реципиент бұл мақала қазақ халқында бұрыннан келе жатқан ырым-тыйымдар жайлы сөз ететіндігін бірден аңғарады да, өзіне қызықты көрінсе, оны толық оқиды, жоқ болса, мақаланы кейінге шегереді. Ал екінші, «Жаман болады!» атты мақалаға келер болсақ, оны оқыған адресат толымсыз ақпаратты тақырыпатқа тап болып, ол не жайлы екендігін ойша тұжырымдай бастайды, мақала атауының мұндай экспрессивтілігін ескерсек, оқырман оны толық оқиды деген ықтималдық жоғары екендігі айтпаса да түсінікті.

Мұндай құбылыстар орыс тілді мерзімді басылым беттерінде де жоқ емес. Мысалы, «Вне конкуренции!» (К. – 26.11.1999), «Где Сивоконь – там «золото!»» (КП. – 27.11.1999) мақалалары пауэрлифтинг бойынша әлем чемпионатында жеңімпаз атанған теміртаулық Алексей Сивоконь жайлы сөз етеді. Байқап қарасак, бірінші мақала атауы толымсыз: онда кім жайлы айтылғандығы, қандай оқиға орын алғандығы бірден түсініксіз. Мақаланы толық оқыған реципиент қана жерлесіміздің сонау Италияда өткен додада қарсыластарынан баса озып, жеңіс тұғырынан көрінгендігін біледі. Мұнда автор осындай тақырыпат арқылы оқырман қызығушылығын тудырып, өз шығармасын оқуына итермелегісі келген. Ал екінші мақалаға кезіккен оқырман біршама көбірек ақпараттылық мөлшеріне тап болады. Мақала атауымен шектеліп-ақ, реципиент оның мазмұнынан белгілі деңгейде хабардар бола алады.

Көріп отырғанымыздай, қай тілді публицистикада болмасын, толық ақпаратты тақырыпаттарға қарағанда, толымсыздар мазмұндылықтан гөрі басқа қызметтерге екпін түсіруге тырысады, нәтижесінде ақпараттылық аспектісі «әлсіреп», бәсеңдейді.

Мәтін мазмұнымен сәйкестік. Э.А. Лазарева «Заголовок в газете» еңбегінде: «Тақырыпат пен мәтін арасындағы мағыналық байланыс бұзылған кезде стилистикалық қателіктер орын алады... Газет мақаласының тақырыпаты оның мәтініне ишара етіп, оның шағын көрінісі болуы тиіс. Осы кезде «тақырыпат – мәтін» байланысы туындайды. Мақала атауы мәтіннің негізгі ойын дамытып, оның мазмұнымен тығыз арақатынаста болса ғана, экспрессивті байланыс орын алады. Ал егер тақырыпат бұл талаптарға сай келмей таңдалған болса, экспрессияның туындамауымен қоса, тақырыпаттың мәтін мазмұнымен байланысын түсіну қиынға соғады» [1, 21], – деп, мақала атауының оның мазмұнымен сәйкес болуының маңыздылығын айшықтап кеткен.

Жалпы алғанда, қазақ тілді басылымдарда тілшілер өз мақалаларына берген атаулары оның мазмұнымен сай болуына баса назар аударады. Алайда мұндай кемшіліктер мүлдем орын алмайда десек, шындыққа жанаспас еді. Айталық, «Бстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» (ЕҚ. – 28.05.2011) мақаласы. Мұндай тақырыпатқа кезіккен оқырман ойына бірден Абай Құнанбайұлының ақыл, қайрат, жүрек туралы жазылған он жетінші қара сөзі түседі де, мақала сол бір даналыққа не оның авторындай дара тұлғалардың бірі туралы жазылған-ау деп тұспалдап, жазбаның өзін оқыса, онда мынадай ұзын-сонар мәтінге тап болады:

«Асқар Алатаудың сілемдерімен астасқан Суықтөбе тауының етегінде Қастек атты шағын ауыл бар. Сырт қарағанда, бұл еліміздегі көп елді мекендердің бірі ғана. Алайда оның өзгелерге ұқсамайтын көптеген ерекшелігі бар. Сол ерекшелігінің бірі – осынау шағын ауылдың бір өзінен 15-16 ғылым докторлары, 50-ге тарта ғылым кандидаттары шыққан. Және олардың бәрі де қандай ғалымдар десеңізші. Иә, еліміздің іргелі ғылымдарының әр саласына сол Қастектен шыққан ғалымдардың әрқайсысының қосқан үлесі өз алдына бір төбе деуге болады. Әрине, Қастек ауылының адамдары оларды әрдайым мақтаныш тұтады. Сол мақтауға лайық ағаларымыздың бірі, техника ғылымдарының докторы Токтасын Мендебаев десем, бұл артық айтқандық емес.

Осы арада сәл шегініс жасасақ, еліміздің өзге өңірлері сияқты Суықтөбе бауырындағы Қастек ауылының азаматтары да басынан талай-талай жайтты өткерген. Оның бәріне тоқталып жатуға дәл қазір мүмкіндік жоқ. Қысқа қайырғанда, сонау Қазан төңкерісінен кейінгі ақ пен қызылдың қақтығысын, ұжымдастырудың нәубетін, одан кейінгі Ұлы Отан соғысының барлық ауыртпашылығын басынан өткерген бұл ауылды көп елді мекеннің бірі ғана емес, бірегейі деуге болады. Олай дейтініміз, осы Қастек ауылының адамдары 1934 жылға дейін Кеңес өкіметін мойындамай, Суықтөбе тауының жықпыл-жықпылына тығылып алып, ақ гвардияшылармен де, қызылдармен де атысып, олардың ыркына көнбегені өз алдына бір әңгіме. Кейін Кеңес өкіметі тарапынан сол қылықтарының зардабын қастектіктер әбден көрді де. Біраз адамның қырғыз асып, жан сақтауға мәжбүр болуы бұл сөзіміздің бір айғағы. Токтасын ағамыздың әкесі Мендебай ақсақал да сондай алмағайып заманда Қырғызстан асып кеткен екен. Ол Ұлы Отан соғысы басталған шақта ғана ауылға қайта оралыпты. Бірақ тағдыр тауқыметі, аштық пен қуғын-сүргін, ауыр жұмыс денсаулығына көп зардабын тигізсе керек, ауылға оралысымен-ақ дүниеден озған көрінеді. Токтасын ағамыз бен Күләй апамыз, міне, осылайша жетім-жесір атаныпты. Бірақ олардың бағына көп ұзамай соғысқа кеткен Мендебайдың бауыры Нүсіпқұл жараланып, елге оралыпты. Жетімі мен жесірін жылатпаған ел емеспіз бе, Нүсіпқұл аға бауырының отбасын қамқорлығына алып, Токтасын ағаның алаңсыз ер жетуіне, оқып білім алуына көп көмек көрсетті. Ол кезде қазіргідей емес, ағайын мен туғанның, абысын мен ажынның өте тату кезі. Қатықсыз қара шайды, қатқан нанды қақ бөліп жейтін ауыл адамдары тағдыр тауқыметін бірге көтеретін.

Тоқтасын ағаның құрдастары да ызғарлы соғыс жылдарының ауыр нәубетін арқалап өсті. Содан да олар қайыспайтын қара нардай берік болып қалыптасты. Ауылдағы Бұлантай ағамыз ашқан бастауыш мектепте Әбуғали Монтаев, Тоқтасын Әбдіқалықов, Хамит Дөшкеев, Базарбай Спанов, Жамал Ысқақкеліні сияқты білікті ұстаздардан білім алған Тоқтасын Алматыдағы №12-ші қазақ орта мектебінде оқуын жалғастырды. Бұл мектепте де үздік оқыған ол 1958 жылы Мәскеудің Бауман атындағы жоғары техникалық училищесіне оқуға түсті. Біз онда 3-4-сыныпта оқитынбыз.

Көршілес тұратындықтан да болар, менің анам Сәлиха мен Тоқтасын ағаның шешесі Күләй апамыз өте тату болатын. Екеуі егіс алқабында да, қырман басында да темекі тізбесінде де бірге жүріп, бірге еңбек ететін. Таң бозынан кетіп, жұмыстан қас қарая оралатын екеуі үйдегі бір шәугім шайды да бірге іше отырып, шер тарқата сырласушы еді. Сондағы Күләй апамыздың көбіне айтатыны баласы Тоқтасынның жайы болатын. «Тоқтасыным оқуын бітірген соң келін аламын. Шіркін, сол күнге жетсем ғой», – деп армандап отыратын. Баласының жұрттың аяғы жете бермейтін Мәскеуде оқитынын мақтаныш көретін апамыз, тәубе, ол арманына жетті де. Алайда ол күнге дейін апамыздың талай қиналыстан өткені анық.

Әлі есімде, бірінші курсты бітірген соң Тоқтасын аға ауылға келді. Жаз бойы тыным көрмей, ұжымның шөбін шабысты, астығын орысты, темекісін жиысты. Бірақ күзді күні ақысын еңбеккүнмен алды. Онда колхозда ақша жоқ, еңбеккүн үшін әркімге мөлшерлеп арпа-бидай, шөп беретін. Қалтасында көк тиыны жоқ студент Мәскеуге қайтуға ақша таппай қатты қиналған. Біреуден ала тұруға да еш мүмкіндік жоқ. Себебі, елдің жағдайы бірдей. Сол кезде Күләй апамыз зыр жүгіріп, баласының қайтар жолына қажет тиын-тебенді жылап-сықтап жүріп, зорға жинап бергені әлі көз алдымда тұр. Нүсіпкүл ағаның үйіндегі Тоқтасын ағаның жеңгесі Анаркүл тәтеміз де бұл әулетке оңынан кездескен екен. Күләй апамыздың алдын қиып өтпейтін тамаша келін бола білді.

Сол бір сындарлы қиын шақта елдің ынтымағы мен бірлігі де кемел, пейілі де кең еді. Қазір ғой, заман кеңейіп, бақ-дәулетіміз артқанмен адамдардың пейілі тарылып бара жатқаны. Ол кезде қатықсыз қара көже ішіп жүрсе де жайрандап, жарқылдап жүретін. Ең ғажабы, сол адамдар ең алдымен балаларының оқып, білім алғанын армандайтын.

Жалпы, сол қиын-қыстау кезеңнің өзінде қазіргідей қарақан басын емес, бүкіл елдің тілеуін тілеген, елдің ұйытқысы болған екі

азамат менің есімде ерекше жақсы сақталып қалыпты. Оның бірі – Усабек ағамыз болса, екіншісі мектебіміздің алғашқы директоры болған Әбуғали ағамыз еді.

Усабек ата бүкіл жетім мен жесірдің қамқоршысы еді. Жоқ-жітікке үнемі көмек қолын созып отыратын. Ауылда ол кісінің алдын ешкім кесіп өтпейтін, айтқанын екі етпейтін. Көктем шыға ол елді ұйымдастырып, арық-атыздарды қаздыратын, ауылға су әкелетін, көшенің бойына тал-терек ектіретін, бау-бақша отырғызатын. Тіпті 1960 жылдары өзі бас болып алма ағашының көшеттерін әкеліп, әр үйге таратып, оны отырғыздырғаны әлі есімде. Қастектегі бүгінгі жайқалып өсіп жатқан алма ағашы сол кісінің егіп кеткен жемісі.

Мектеп директоры болған Әбуғали Монтаев ағамыз да елді жинап, қамыс орғызып, ескі мектептің шатырын жаңалады. Әктеп-сырлап, қожыр-қожыр мектеп үйін жұнттай қылғаны да есте. Сабақтан бос уақытта ауылдың бар баласын жинап алып, оқу ордасының айналасындағы жерді дуалмен қоршатып, бау-бақша еккізген. Көше бойлатып тал, терек отырғыздырған Әбекеннің ісін ауыл жұрты ұмытқан жоқ. Қайта олардың әрбір ісі кейінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге болды.

Бұл адамдар жайлы жазудағы мақсат та Тоқтасын ағаның шыққан ортасының, тал бесігінен алған тәрбиесінің өзегі қайда жатқанын айту еді. Айтса айтқандай, Тоқтасын аға да сол жоғарыдағы ағаларындай еліне шын жанашыр азамат болып қалыптасты. Мәскеудегі оқуын бітіріп келісімен Алматыдағы жабық әскери зауытқа өз мамандығы бойынша инженер болып орналасты. Жас маман ретінде ерекше қамқорлыққа бөленіп, екі бөлмелі үй алды. Тоқтасын аға мен Қапуза тәтенің сол шағын пәтеріне Қастектен бармаған адам кемде-кем шығар. Қашан көрсең сол үйдің төрінде ауылдағы ағайын-көрші терлеп-тепшіп шай ішіп отыратын. Ауылға «Ақ келін» атанған Қапуза тәтеміздің пейілінің кендігі сонша, ара-арасында жұмысына жүгіріп барып кеп, ерінбей-жалықпай сол кісілерге қазан көтеріп, тыным таппайтын.

«Ағаның үйі – ақ жайлау» деген ғой, әрі Күләй апамыз осында отырған соң біз сияқты студенттер де сол үйді жағалаймыз. Орта құрсақ болып жүргендіктен, осы үйге анда-санда бір соғып, тыңқып тойып қайтамыз. Онымен қоймай, неше түрлі жиын-тойымызды да осы кісілердің үйінде өткіземіз. Неткен кендік, неткен қаймағы бұзылмаған қазақы мінез десенізші. Қазір ондай тар үй түгіл, біреудің кең сарайдай көк ордасына басыңызды да сұға алмайсыз.

Сол қарапайым халықтың алғысын алғандығынан шығар, Тоқтасын аға мен Қапуза тәте жаман болған жоқ. Өндірістен кейін, ізденіп жүріп, ғылыми жұмысқа ауысты. Қазақтың Қ.Сәтбаев атындағы техникалық университетінде ұстаздық етті. Кандидаттық, докторлық диссертациясын қорғады. Бір айта кететін жайт, Тоқтасын 2008 жылға дейін Қазақстанда мәшине жасау саласынан докторлық қорғаған жалғыз ғалым еді. Қазақтың инженерлік ғылымында ойып тұрып өз орнын анықтаған ол мәшине жасау саласының елімізде кенже қалғанын ескере отырып, шәкірт тәрбиелеуді де ұмытпады. Иә, оның жетекшілігімен 3 адам ғылым докторы, 11 адам техника ғылымдарының кандидаты атағын алды. Бұл арада Тоқанның жүзге жуық ғылыми еңбектердің, жинақтардың авторы екендігін айта кетсек дейміз. Алайда ол еңбектерінің бәрінің атын атап, түсін түстеуге газет мүмкіндігі көтермейтінін ескере отырып, бірер еңбегіне ғана тоқталатын болсақ, оның қазақ тілінде мәшине жасау технологиясы туралы оқулық жазған алғашқы ғалым екендігі де біраз жайтты айтып тұрған жоқ па. Сондай-ақ 2000 жылы «Рауан» баспасынан шыққан мәшине жасау технологиясы жөніндегі алғашқы сөздіктің авторы да осы біздің Тоқан.

Тоқан өнегелі отбасының бас иесі. Ұл-қыз өсірген әке. Немере сүйіп отырған ата. Солардың бәрі Тоқтасын ағаның қамқорлығына, жылуына бөленіп, бақытты тұрмыс кешіп жатыр десем, туған әкесінің орнын жоқтатпай, қамқор бола білген Нүсіпкүл ағасынан қалған ұл-қыздарына да ол әке орнына әке бола білді. Бәрінің жоғары білім алуына жәрдемдесті. Артынан ерген Тоқтамысты техника ғылымдарының докторы дәрежесіне жеткізді. Аға алдындағы парызын адал орындады. Ауылдың оқимын деген бар баласына да көмек қолын созудан жалыққан емес. Жанам деген жүрекке шок тастаған ғалымды шәкірттері де ерекше жақсы көреді. Тоқанның әріптестері де оның білім-білігін, адамдық қасиетін жоғары бағалайтынын көз көріп жүр. Өз басым осындай қадір-қасиетке ие азаматты ең бақытты адам деп санаймын. Иә, Тоқтасын аға шын мәнінде бақытты адам».

Осылайша, оқырман автордың бұл публицистикалық шығармада Суықтөбе тауының етегіндегі Қастек атты ауылдан шыққан техника ғылымдарының докторы Тоқтасын Меңдебаевтың өмір жолынан сыр шертетіндігіне көз жеткізеді. Ең қызығы, мақала мәтінінде оның тақырыпатындағы қолданыс бірде-бір рет кездеспейді және негізгі идеясы да одан әлдеқайда алшақ. Осындайда оқырман тақырыпатты оқығаннан кейінгі бастапқы болжамы мен үміті оны оқығаннан кейін алған ақпараттымен сәйкес

келмесе, біріншіден, оның санасында түсініспеушілік туындайды: «неліктен автор мақалаға осындай атау берді, менің күткенім басқа еді» деген сынды ойлардың етегінде құр мақаладан ғана емес, бүкіл басылымнан көңілі қалуы мүмкін.

Орыс тілді басылымдарға келер болсақ, мұнда мақала атауы оның мазмұнымен сәйкес келмей жататын кездер қазақ публицистикасына қарағанда жиірек кездеседі. Оның басты себебі – жоғарыда аталғандай, тілшілердің оқырманға әсер етушілік қызметке көбірек екіпін түсіруі. Мысалы: «Избавиться от ржавчины» (КП. – 08.12. 2012). Мұндай тақырыпатқа кезіккен реципиент, сөз жоқ, мақалада шынымен де күнделікті тұрмыста бірқатар қиындықтар тудыратын тоттан құтылудың амалдары жазылған ба деп ойлайды. Ал шын мәнінде бұл мақалада жемқорлықпен күресу мақсатымен елде әзірленген жаңа жүйе талқыға салынған, ал «даудың басы» – параны автор тотқа балап, метафоралау әдісін бейнелі қолданған. Демек, оқырманның болжамы тағы да ақталмады. Егер тақырыпатта автор «тот» сөзін тырнақшаға алып, оны ауыспалы мағынада қолданғанын көрсете білсе, оқырман ол сөздің астында басқа мән жатқандығын түсініп, осындай қателік орын алмас еді.

Сол сияқты «Наши дети – папуасы?!» (ЭК. – 07.12.2006) мақаласы. Автор шығармасына осындай атау беру арқылы оқырман назарын аударып, оның қызығушылығын ояту негізінде мақала мәтінін оқуға итермелегісі келгені анық. Алайда осы жағдайға оқырман көзімен қарайтын болсақ, мақала атауын оқығаннан кейін оның санасында түсінбеушілік туатыны айтпаса да анық жайт, содан кейін ол ойша өз болжамын келтіруге тырысады: «бәлкім қандай да бір психологиялық не басқа да зерттеулер Қазақстанның балалары Папуа Жаңа Гвинеяның балаларына ұқсас шығар» деген сынды ойларға келіп, мақала мәтініне жүгінсе, ондағы жазба мынадай:

«(Лид): Конечно, выбор оптимальной модели 12-летнего цикла среднего образования не является краеугольным вопросом вхождения Казахстана в число развитых государств. Но от него зависит гораздо большее – будущее нашей страны.

Рахметулла Башаров, академик Казахской академии образования им. Алтынсарина, последние годы вплотную занимается проблемой философии образования, является автором целого ряда образовательных концепций, многочисленных статей и фундаментальных трудов, в том числе монографии «Методология развития поликультурного образования в Казахстане».

– Рахметулла Башарович, почему в обществе бытует мнение, что современная образовательная практика опережает теорию образования?

– Это не совсем так. Во-первых, основные исследования проблем образования велись лишь в рамках педагогической науки. В этих условиях она, перегруженная непосильными задачами, не смогла найти однозначно эффективного для себя пути защиты и саморазвития. Во-вторых, и практика не всегда готова воспринимать новые модели образования. Она проявляет готовность слепо следовать за псевдонаучными прожектами административно-приказных решений. Поэтому многочисленные образовательные эксперименты, реализуемые на практике административно-командными методами, не позволяют мне однозначно согласиться, что образовательная практика опережает теорию образования.

– Например?

– О многочисленных неудачных экспериментах много писалось в средствах массовой информации. Я бы хотел выделить исключительно значимый для общества вопрос, связанный с выбором оптимальной модели 12-летнего цикла среднего образования. Мы подвергли сравнительному анализу эффективность ряда моделей среднего образования, который показал следующее:

1-е место – $6+3+3=12$ лет

2-е место – $5+4+3=12$ лет

3-е место – $6+4+2=12$ лет

4-е место – $4+5+3=12$ лет

5-е место – $4+5+2=11$ лет

6-е место – $4+6+2=12$ лет

Так вот, по своей эффективности модель $4+6+2=12$, защищаемая центром 12-летнего образования, оказалась на последнем месте, пропустив даже ныне действующую модель 11-летнего среднего образования. Объективно такая модель 12-летки не нужна для казахстанского общества, потому что она вредна. Чем ее вводить, лучше было бы сохранить более эффективную нынешнюю 11-летку. Однако, если командно-административный принцип перевесит все остальные научные принципы, то модель $4+6+2=12$ скоро получит путевку в жизнь.

– А вы наверняка поддерживаете японскую модель 12-летнего образования? Ведь она по эффективности стоит на первом месте в мировом образовательном пространстве.

– Знаете вы или нет, но старшее поколение помнит: в 50-60 годах прошлого столетия США били в набат: «Нация в опасности! Мы отстаем от СССР, у них самая эффективная модель среднего

образования $4+3+3=10$ ». Когда Япония переходила на 12-летнее образование, она, по существу, сохранила преимущество этой советской модели, усилив только начальную школу до 6 лет.

– Почему именно начальную?

– Во-первых, начальная школа является школой родного языка, национального менталитета и духа. Поэтому начальная школа призвана сформировать у учащихся национальные черты характера и культуру с тем, чтобы в дальнейшем полностью их освободить от такой заботы и окунуть молодое поколение в общечеловеческую культуру, открывать доступ свободного плавания в море современной цивилизации.

Во-вторых, начальная школа является основой всей непрерывной системы образования. Поэтому она призвана заряжать детей положительными эмоциями, победным настроением. В противном случае низкий уровень учебных умений, унаследованный уже в начальных классах, как злой рок, трансформируется в малую отзывчивость учеников на последующих ступенях образования и создаст предпосылки для устойчивого пораженческого настроения у них, подготавливая почву для «трудных» подростков.

– И какую модель 12-летнего среднего образования вы предлагаете?

– В своих статьях и научных трудах мы доказывали, что на переходном этапе самой оптимальной моделью отечественного 12-летнего среднего образования является модель $5+4+3=12$. В сравнительном анализе эта модель по эффективности занимает вторую строку, после японской модели $6+3+3=12$.

– Как вы считаете, почему наши вузы, как главные заказчики профильного обучения на старшей ступени среднего образования, не выступают главными экспертами оценки той или иной модели?

– Я некомпетентен отвечать на такие вопросы. Экспертов выбирают МОН страны и центр 12-летнего образования. Однако замечу, что в условиях, когда высшая школа Казахстана переходит на 3-4-летнее бакалаврское образование, а магистратура отведена на послевузовский уровень, необязательно быть семи пядей во лбу, чтобы понять: нет альтернативы 3-летней профильной старшей ступени 12-летнего среднего образования, которая призвана частично разгрузить учебные материалы 3-4-летних вузов.

Что касается экспертов, приглашенных из других стран, то скажу следующее. Главными иностранными экспертами, насколько мне известно, выступают представители из Папуа – Новой Гвинеи и России. Однако они мало информированы, плохо знают, какую национальную и образовательную политику ведет Казахстан.

Поэтому представители из Папуа – Новой Гвинеи дают нам такую рекомендацию, как будто наша страна находится на уровне развития папуасов времен Миклухо-Маклая.

Когда выбирают экспертов, с методологической точки зрения важно знать, какова государственная образовательная политика той страны, откуда прибывают эксперты. Например, российская национальная образовательная политика построена на принципах монокультурного подхода, тогда как государственная образовательная политика Казахстана – на принципах поликультурного подхода.

Для монокультурного подхода с приоритетом православно-христианских ценностей и единого русского языка модель 4+6+2 12-летней средней школы, предложенная российскими разработчиками, можно сказать, является идеальной. И эксперт из этой страны, как и некоторые казахстанцы, может оказаться в плену этой модели. А для поликультурного казахстанского подхода такая модель совершенно противоречит духу и букве самой прогрессивной общепризнанной государственной политики Казахстана. Отечественная система образования должна проектировать в себя национальную политику, для реализации которой модель 5+4+3=12 является наиболее оптимальной и востребованной».

Сөйтіп, әлеуетті реципиент мақала авторының еліміздің он екі жылдық білім беру жүйесіне көшу бағдарламасын талқыға салған кезде шетелдік мамандардың көмегіне жүгінгендігін және жоғарыда аталған мемлекеттен келген ғалымдар ұсынған кенестерін өз елінің даму деңгейіне сай етіп құрғандығын сынап көрсеткендігіне көз жеткізеді. Осындайда мақаланы толық оқығаннан кейін алған ақпарат оқырманның бастапқы үміт еткен болжамынан артық болуы неғайбыл.

Тағы бір мақалаға назар аударайық: «Зидан в юбке» (ЭЖ. – 29.09.2006). Мұндай тақырыпты алғаш оқығаннан кейін онда әлемдік футболдың атакты жұлдыздарының бірі – Зинедин Зидан мен әйелдер гардеробының бір бөлшегіне қатысты шыққан шу шығар деген болжамдар ойға бірінші келеді. Шынтуайтқа келгенде, тілші бұл мақалада Қазақстандағы әйелдер футбол құрамасы жайлы алматылық «Алма-КТЖ» клубының бапкері Борис Емелинмен сұхбаты жайлы баян етеді. Мұнда да мақала барысында аяқдоп шеберінің есімі бірде-бір рет сөз етілмейді, тіпті біздің нәзік жанды футболшыларымыздың бірі оны пір тұтып, соған еліктеп ойнайтындығына ұқсас ойлар да кезікпейді. Сөйтіп, оқырман тағы бір қайшылыққа тап болады.

Демек, оқырман көңілін мақалаға аудару мақсатымен оның атауын мазмұнға жауап бермейтін етіп құру – публицистикадағы

өрескел қателіктердің бірі. Оның салдары – оқырманның үміт еткен ақпаратты алмауымен қатар, мақаладан, тіпті кейде басылымның өзінен баз кешу. Мұның барлығы мәтін мазмұнымен сәйкестік публицистикалық тақырыпқа қойылатын маңызды талаптардың бірі екендігін анық дәлелдейді.

Қысқасы, қазақстандық мерзімді басылымдарда публицистикалық тақырыпқа қойылатын талаптардың негізгі әрі маңыздылары – ақпараттылық және мәтін мазмұнымен сәйкестік орыс тілді публицистикаға қарағанда қазақ тілдіде біршама толық сақталады. Орыс тілді мерзімді басылымдарда журналистер өз мақалаларына атау беру барысында, әдетте, көркемдік бейнелілік, оқырман көңілін қарату тарапына көбірек назар аударады, нәтижесінде ақпараттылық қызмет шетке ысырылып, көмескілене түседі. Есесіне қазақ тілді публицистикада мазмұндылық мәселесі бәрінен жоғары тұрады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Лазарева Э.А. Заголовок в газете: Учеб.пособие для студентов-журналистов. –Свердловск: Изд-во Урал. ун-та, 1989. – 96 с.

Қысқартулар

- АА. – «Алаш айнасы» газеті
- Ақ. – «Ақиқат» журналы
- АТ. – «Ана тілі» газеті
- ЕҚ. – «Егемен Қазақстан» газеті
- ЖА. – «Жас Алаш» газеті
- З-Қ. – «Заман-Қазақстан» газеті
- К. – «Караван» газеті
- КП. – «Казахстанская правда» газеті
- СС. – «Сарыарқа самалы» газеті
- ЭК. – «Экспресс К» газеті

ГАЗЕТ ТАҚЫРЫПАТТАРЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӘСЕРІН АРТТЫРУДАҒЫ ТІЛДІК ЕМЕС ҚҰРАЛДАРДЫҢ РӨЛІ

АСАНБАЕВА Е. Б.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЖҮСІП Қ. П.
ғылыми жетекші, ф.ғ.д., профессор

Мақала атауы – публицистикада маңызды роль атқаратын күрделі құрылымдардың бірі: тілшінің қаламынан туған туындының оқылу-оқылмауы, оқырманның нақты авторға және жалпы басылымға деген көзқарасы, мақаланың қандай сарында қабылданатыны – мұның барлығы публицистикалық шығарманың осы бір құрамдас бөлігіне байланысты. Сол себепті журналистер мақала мазмұнымен қатар оның атауына да зор мән береді. Публицистикалық тақырыптың өзінің негізгі міндеттерінен басқа экспрессивтілік және оқырман санасына әсер етушілік қызметтерін атқарудағы тілдік құралдардың ролін өткен тарауларда сөз еттік: мұнда журналист қарапайым троп пен фигурадан және тілдік қайталамалардан бастап, парцелляциялық құрылымдар мен прецедентті мәтіндер және ерекше зеректік пен ой ұшқырлығын талап ететін окказионализмдерге дейінгі сан алуан құралдардың көмегімен бірнеше сөздің бойына олардың өзіндік мағыналарынан басқа қосымша мән үстеп, реципиентке ықпал жасаушы «күшті» үйлестіре алады. Десе де, публицистикада осындай күшке ие құрылымдардың саны бұнымен шектелмейді: тілшілер өз туындыларына атау беру ісінде лингвистикалық құралдардан басқа тілдік емес құралдарды да іске қосады. Бұл ретте қазіргі баспасөз тілінде тақырыпат экспрессиясын арттырушы тиімді әрі ең жиі кездесетін амал графикалық болып табылады.

Мақала тақырыпатын оның «қаптамасы» кейпінде пайдалану кезінде заманауи публицистер аталған құралдардың қай-қайсысын пайдаланса да, көп жағдайда қалыптасқан тілдік норманы бұзу арқылы өзінің дiттеген мақсатына жетеді. Мұны ғылымда «тілдік ойын» деп атап кеткен ғалымдар да бар. Егер бұрын мұндай әрекетке «грамматикалық/стилистикалық қате», «сауатсыздық» деп қараса, бүгінгі күні баршаға ортақ тілдік норманы бұзу – қарапайым нәрсе. Тiптi бұған «өзгеше норма» деп қарап жүргендер де бар. Кейде қарапайым қате мен осындай «өзгеше норманың» ара-жігін анықтау қиындық туғызады. Ғалымдар мен тіл жанашырлары мұндай «тілбұзарлықпен» күресудің амалдарын іздеумен дал

болса, журналистер өздерінің «шығармашылық бостандықтарын» пайдаланып, жалпы ережелерді бұзып болсын, қаламынан туған шығармаларының мейлінше әсерлі әрі оқырман көңіліне ұнамды болуы үшін бар күштерін салуда. Енді бір топ лингвистер осындай «өзгеше нормалардың» тіл біліміне енгізіп жатқан жаңалықтары мен олардың жалпы ерекшеліктерін зерттеуді қолға алған. «Енді нормативтілік мәселесі назардан ысырылып, дұрыс/бұрыс түсінігі орынды/орынсыз түсінігімен жиі алмасатын болды... «Орынды әрі мақсатты нәрсенің барлығы дұрыс» деген тұжырым коммуникативті не ситуативті түрде шартталған норманың болмысын анықтайды» [1, 58] деуші ғалымдардың ойлары әбден орынды. Қалай болғанда да біз газет тақырыпаттарының әсер етушілік қызметін арттырудағы графикалық амалдардың қауқарын жоққа шығара алмаймыз. Олардың мақала атауының прагматикалық табиғатына қосатын үлесін заманауи мерзімді баспасөз беттеріне шолу жасап байқауымызға болады.

Орыс және қазақ тілді мерзімді басылымдарды саралай келе, «өзгеше норма» үдерісінің орыс тілді баспасөзде жиі қолданылатынын байқадық. Дегенмен, аталмыш әрекетке біртіндеп қазақ публицистикасының тілшілері де «ет үйретіп» келеді. Көп жағдайда мұндай графикалық «өзгешелеу» тақырыпат бойында окказионалдылық құбылысының пайда болуына әкелгенімен, бұл оның экспрессивтілік және прагматикалық сипатын еселей түседі.

Тақырыпат экспрессиясын арттыру мақсатымен туған графикалық амалдардың бірі – ерекше әріптермен (шрифтімен) белгілеу. Бұл – қазіргі баспасөз журналистері арасында ең жиі кездесетін тілдік емес әсер етуші құрал. Біз бұл топқа келесі амал-тәсілдерді жатқыздық:

Омонимдік негізді пайдалана отыра, бір сөздің құрамынан өзге бір сөзді (әсіресе оның түбірін) ерекшелеп, көбіне үлкен қаріптермен, белгілеу: «возДУШНАЯ яма» (Караван – 21.01.2005); «ОПЕРАтивное перевоплощение» (Экспресс К. – 28.05.2010); «ЧУдная долина» (Экспресс К. – 22.06.2004).

Осыған ұқсас, бір сөздің құрамынан қысқартылған сөздерді тауып, белгілеу: «ВОЗможный офис» (Комсомольская Правда – 13.02.2013) (мұндағы «ВОЗ» – «всемирная организация здравоохранения», яғни «дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы»); «СМИрно! Вольно!» (Экспресс К. – 05.05.2007) (ҚР Қарулы күштерінің 15 жылдығына орай Қорғаныс министрінің БАҚ өкілдерімен кездесуі жайлы сөз ететін мақалаға автор осындай атау берген); «ЕСли ЦАрит взаимопонимание» (Экспресс К. – 03.07.2007) (мұндағы «ЕС» – Еуроодақ, ал «ЦА»

– «Центральная Азия» яки Орталық Азия); «АНОмальный взлет» (Экспресс К. – 20.05.2004) («АН» – ұшақ маркасы), «Мы начинаем КВН! ВКЛючайся!» (Комсомольская Правда. – 02.03.2012) («КВН» – баршаға белгілі ресейлік телебағдарлама болса, «ВКЛ» – орыс тіліндегі «косу» етістігінің қысқартылған түрі).

Кейде журналистер бір сөздің бойына басқа сөзді «сыйғызып», тақырыпатты мейлінше көзге түсерлік ету үшін олардың орфографиясын өзгертіп жазуға дейін барады: «СМЕРЧельный случай» (Экспресс К. – 03.05.2006) («смерч» (құйын) + «смертельный» (қатерлі); «Я встретил ВАЗ. И все былое...» (Экспресс К. – 29.03.2003) (А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» атты шығармасында «Я встретил вас...» деп басталатын өлең жолы аталмыш тақырыпатта Қазақстанда алғаш рет жинақталған «ВАЗ» автокөлігінің атауымен «толықтырылып», өзгертілген); «САМБОбытный праздник» (Экспресс К. – 15.11.2005) («самбо» спорт түрі + «самобытный» (өзіндік); «ПИВАли дни веселье» (Экспресс К. – 27.05.2006) (темекі және сыра сынды зиянды өнімдердің жарнамасына тыйым салынатыны жайлы сөз ететін мақалаға автор осындай әсерлі тақырыпат құрған).

Өзге тілдегі сөздердің (не олардың транскрипцияларының) төл сөзбен дыбыстас не «түбірлес» болуы: «No commЕНTs» (Экспресс К. – 13.06.2007) (Ұлттық бірыңғай тестілеу жайлы мақаланың атауында журналист шетелдік сөз бен аталмыш аббревиатураны жымдастырған), «Коматозное SOSтояние» (Экспресс К. – 14.06.2007) (тілші елімізде диабет ауруының асқынып кеткендігі жайлы осылай «күйінеді»), «CHINAя церемония» (Экспресс К. – 15.04.2006) (Сыртқы істер министрінің қытайлық делегациямен кездесуі жайлы баяндалатын мақаланың атауы істің мән-жайын анық көрсеткен).

Ал кейде журналистер сөздерді үлкен шрифтімен ерекшелемей-ақ, шетелдік сөздің транскрипциясының өз тіліндегі сөздермен дыбыстас болуын «өзінің жағына ойнатуға» тырысады: «ЕС говорит «йес»», «О, йес, ОЭС» (Экспресс К. – 24.12.2010), «Остановите Землю – Yes I do» (Экспресс К. – 26.05.2012) (танымал өлең жолдары – «Остановите Землю – я сойду» – архитектуралық құндылығы бар ескі автобус аялдамаларын қорғауға алынған тарихи ескерткіштердің қатарына қосу туралы ұсыныс талқыланатын мақала атауында орынды түрленген).

Осыған ұқсас тағы бір графикалық амал – транслитерацияны қолдану. Мысал үшін мына бір мақалаға назар аударайық: «Қазақстаннан – Qazaqstanga» (Жас Алаш. – 17.01.2013). Қазақстан Республикасында қызу талқыланып жүрген латын графикасына көшу

мәселесі сөз болатын мақалаға тілші осындай әсерлі де жарқын атау беріп қана қоймай, өзінің авторлық ойын да жеткізе білген көрінеді.

Сонымен қатар шетелдік сөздерді еш аудармасыз, транслитерация, не басқа сөздің құрамынан тауып, ерекшелелеусіз-ақ құр өзін публицистикалық мақаланың атауында орналастыру оған оқырманның бірден назар аударуына себепші болады: «Грузовики made in Kazakhstan отправляются за рубеж» (Комсомольская Правда. – 18.04.2012), «Money, money, money: Дефицит купюр крупных номиналов в республике» (Континент. – 2006. № 15).

Графикалық ерекшеленудің тағы бір түрі газет беттерінде тыныс белгілері арқылы көрініс береді. Айталық, «По (у)родству бродяжьей души...» (Экспресс К. – 12.10.2007) атты мақаладағы жақшаны автор құр босқа қойған жоқ. Екі сөздің бір-бірінен тек бір әріппен өзгешеленуі осы әріпті тыныс белгілерімен ерекшелеп, тілшінің айтқысы келген ойын осылайша жеткізуге негіз болған.

Өткен тараушалардың бірінде, публицистикалық тақырыпаттардағы пунктуацияның қызметін талдау барысында, біз кейбір тыныс белгілерінің көптеген мақала атауларында тілдік нормадан ауытқып қолданылатынын айттық. Мұны да графикалық ерекшеленудің қатарына жатқызуымызға болады, себебі ешқандай пунктуациялық белгі тұрмауы керек жерге қандай да бір тыныс белгісін орналастыру журналистің осындай графикалық амалдың негізінде реципиенттің белгілі бір сөзге не сөз тіркесіне көңілін аударту тілегінен туған: «Әншіге – 50 жыл» (Сарыарқа самалы. – 28.11.1996), «Бүгін – ҰБТ!» (Сарыарқа самалы. – 02.06.2015).

Көріп отырғанымыздай, публицистикада мақала тақырыпатының бейнелілік және әсер етушілік, экспрессивтік қырларын арттыруда прецедентті құрылымдар мен стилистикалық бояма лексика сияқты тілдік бірліктерден басқа оқырманның назарына, ең алдымен, визуалды деңгейде көзге түсу арқылы, оны түрлі ой-әрекетке итермелейтін графикалық амал-тәсілдердің де өзіндік прагматикалық әлеуеті бар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Современный русский язык: коммуникативно-функциональный аспект //Учебное пособие. – Ростов-на-Дону: Изд-во Рост.гос. пед. ун-та, 2000.

ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЕМ СЛУХА В ИНКЛЮЗИВНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ

АУБАКИРОВА С. Д.
докторант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Слух имеет большое значение для интеллектуального и речевого развития ребенка.

Нарушение слуха есть полное или частичное снижение способности обнаруживать и понимать звуки.

Причины нарушения слуха [1, с.174-176] подразделяют на три группы:

1) причины и факторы, приводящие к возникновению наследственной глухоты или тугоухости;

2) факторы, воздействующие на развивающийся плод во время беременности матери или приводящие к общей интоксикации организма матери в этот период (врожденное нарушение слуха);

3) факторы, действующие на сохранный орган слуха ребенка в процессе его жизни (приобретенное нарушение слуха).

Существует классификация нарушения слуха по типу заболеваний:

1) **Кондуктивная тугоухость**, вызываемая препятствиями на пути проведения звуковой волны: скопления ушной серы, средний отит, отосклероз и др. Хорошо лечится либо консервативным, либо хирургическим путем.

2) **Нейросенсорная (сенсоневральная) тугоухость** связана с нарушением преобразования механических колебаний в электрические импульсы. Причинами ее развития являются нарушения во внутреннем ухе или улитке. Поражение рецепторов звукового анализатора может быть вызвано акустическими травмами, ототоксическим действием антибиотиков, сосудистыми нарушениями кровоснабжения улитки и др. причинами, приводящими к гибели волосковых клеток внутреннего уха. Данный вид тугоухости очень тяжело поддается лечению и может быть компенсирован только слухопротезированием.

3) Смешанная тугоухость представляет собой сочетание двух вышеупомянутых типов нарушения слуха

Согласно международной классификации тугоухости:

1) **Слух в норме** означает, что человек слышит звуки на всех частотах **от 0 до 25 дБ** и не испытывает проблем с общением.

2) 1-я степень тугоухости (слабая) означает, что человек слышит звуки только **в диапазоне 26-40 дБ**. Доступно восприятие разговорной речи на расстоянии 6 м и более, даже шепот. Трудности восприятия речи в шумной обстановке, и при восприятии тихой и отдаленной речи. Общение с помощью устной речи.

3) 2-я степень тугоухости (**средняя**) означает, что человек слышит звуки только **в диапазоне 41-55 дБ**. Доступно восприятие разговорной речи на расстоянии менее 6 м, некоторые воспринимают шепот на расстоянии до 0,5 м. Имеются трудности в восприятии тихой и отдаленной речи, диалога. Необходимо использование слуховых аппаратов на уроке. Общение с помощью устной речи, которая имеет специфические особенности.

4) 3-я степень тугоухости (**средне-тяжелая**) означает, что человек слышит звуки **в диапазоне 56-70 дБ**. Воспринимают разговорную речь на расстоянии менее 2 метров. Испытывает затруднение при коллективном общении и разговоре по телефону. Обычно понимают речь, если видят лицо собеседника. Необходимы постоянное использование слуховых аппаратов и специальная систематическая коррекционная работа с сурдопедагогом и логопедом.

5) 4-я степень тугоухости (**тяжелая**) означает, что человек слышит звуки в диапазоне 71-90 дБ. Неразборчиво слышат разговорную речь даже у самого уха. Понимают речь только при наличии слухового аппарата, если видят лицо собеседника и тема разговора им понятна. Необходимо обязательное слухопротезирование или кохлеарная имплантация.

6) **Глухота (глубокая)** означает, что человек может услышать звуки только **громче 91 дБ** и испытывает трудности в понимании даже усиленной наушниками речи.

Таким образом, тугоухость есть стойкое понижение слуха, при котором возможно овладение речью с опорой на остаточный слух; глухота есть стойкая потеря слуха.

Дети с нарушением слуха подразделяются на 4 группы [2, с. 61-68]:

1) **ранооглохшие – глухие без речи;**

2) **позднооглохшие – глухие, сохранившие речь;** дети, потерявшие слух вследствие какой-либо болезни или травмы после того, как они овладели речью, т.е. в 2—3-летнем и более позднем возрасте;

3) **слабослышащие с развитой речью;**

4) **слабослышащие с глубоким речевым недоразвитием.** Уровень речевого развития зависит от возраста, в котором произошло

нарушение слуха, условий воспитания и от своевременности начала коррекционной работы.

Особенностями речи слабослышащего ребенка являются неразборчивость, глухость, замедленный темп. Запас слов ограничен. Голос слабослышащего обычно глухой, интонация малоразвита и невыразительна. Недостаточность своей речи он дополняет жестиком. Письменная речь отражает все недостатки устной речи.

При легкой степени снижения слуха необходимо усиление громкости звучания речи на занятии для активизации ослабленного слуха. При тяжелом снижении слуха необходимо приучать считывать с губ, использовать тактильно-вибрационную чувствительность, опора на остаточный слух.

Содержание коррекционно-педагогической работы:

1) Развитие речи: развитие языковой способности, накопление словаря, работа над значением слов, отработка различных форм речевой деятельности, формирование различных форм речи, проведение элементарных языковых наблюдений.

2) Развитие слухового восприятия, остаточного слуха, двигательного, тактильно-двигательного, зрительного восприятия.

В обучении детей с нарушениями слуха применяется билингвистический подход, который признает равноправными средствами учебно-воспитательного процесса словесную и жестовую речь. Слабослышащему ребенку, обучающемуся в общеобразовательной школе, должна быть предоставлена помощь специалиста сурдолога и логопеда.

Условия обучения детей с нарушением слуха в инклюзивной образовательной среде [3, с. 57-64]:

1) наличие психологической и физиологической готовности ребенка к обучению в массовой общеобразовательной школе (на основании заключения ПМПК);

2) наличие безбарьерной среды в образовательном учреждении;

3) наличие психолого-педагогического сопровождения: сурдопедагога, логопеда, психолога;

4) наличие специального оборудования в школе:

– звукоизолированный кабинет сурдопедагога для проведения индивидуальных и групповых занятий (не менее 15 кв.м.);

– «бегущая строка» на этажах;

– световая индикация начала и окончания урока;

– FM системы для индивидуальной и групповой работы.

Эффективность обучения глухих и слабослышащих детей повышается при проведении своевременной систематической коррекционной работы с сурдопедагогом и логопедом, активном участии семьи в его обучении и воспитании, активности самого учащегося и с развитием технических возможностей слухопротезирования.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Барабанов Р. Е. Этиология нарушения слуха и речи у глухих и слабослышащих детей [Текст] / Р. Е. Барабанов // Молодой ученый. – 2011. – № 5. Т.2. – С. 174-176.

2 Борякова Н. Ю. Педагогические системы обучения и воспитания детей с отклонениями в развитии. – М.: изд-во «АСТ, Астрель». – 2008 г. – 222 с.

3 Инклюзивное образование: настольная книга педагога, работающего с детьми с ОВЗ. Методическое пособие / Под ред. М. С. Старовой. – М.: Гуманитарный изд. центр ВЛАДОС, 2011. – С. 57-64.

«ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКА ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ҚОЗҒАЛУЫ КҮШІ РЕТІНДЕ

АХМЕТОВА Д. Д.
оқытушы, экономика және бизнес магистрі,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ТЕМІРБОЛАТ А. Қ., ОМАРОВА Д. С.
студенттер, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тұрақты даму негізгі үш компоненттің – экономикалық, әлеуметтік және экологиялық арасындағы кешенді байланысты болжайды.

Бүгінгі таңда «жасыл технологияны» қолдану жайы ең бір өзекті мәселеге айналып отыр. Еліміз «жасыл экономикаға» көшудің алдағы ұзақ мерзімді жоспары барысында Қазақстанның экономикалық тұрақтылық қуатын барынша сақтай отырып, экономиканың өркендей түсуіне мүдделі. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған «жасыл экономика» – халықаралық «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасын іске асыруға негіз боларлық құқықтық, экономикалық және ғылыми-негіздік шарттарды жақсартатын, сондай-ақ табиғатты қорғауға қарай игеріп, оны тиімді тұтыну тәжірибесін жетілдіруге ынталандыратын игі бастама.

Қазіргі кезде қоғам «жасыл» экономика сөзінің мәнісін әр түрлі түсінеді. Бірі бұл елдің табиғатын жақсартатын экономиканың жаңа салалары деп түсінеді. Басқалары бұл сөзді табиғатқа көмектесуге және пайда келтіруге бағытталған жаңа технологиялар ретіндегі экожүйенің өзіндік түрі деп есептейді. Үшіншілері, бұл мақсаты экологиялық таза өнімдерді құру болып табылатын дамудың жаңа кезеңіне ауысу деп есептейді.

Түсінікті анықтаудың барлық осы жолдары сөздің мағынасына өте жақын. «Жасыл» экономика – бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика. «Жасыл» экономика бірінші кезекте, қазіргі уақытта сарқылуды ұшыраған (пайдалы қазбалар – мұнай, газ) ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған.

Жасыл экономиканың негізінде – таза немесе «жасыл» технологиялар жатыр. Мамандардың айтуы бойынша «жасыл» экономиканы дамыту, көптеген постиндустриалды елдерде өзінің ауқымымен қозғаған экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта елімізде «Жасыл экономикаға» көшу бойынша ұлттық стратегия әзірлену үстінде. Сарапшылардың пікірінше жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орынды алатын Қазақстанда аталмыш жобаны жүзеге асыруға мол мүмкіндік бар. Соған орай «жасыл экономика» қағидаттарын енгізу мәселесі жан-жақты талдауға негіз болуда.

Көптеген елдерде «жасыл» экономикаға өту кезінде салықтық ынталандыру қарастырылған. Әлемдік тәжірибенің аяқ алысына сүйене отырып, «жасыл» салаға инвестиция ағынын көптеп тарту үшін салықтық ынталандыруды қолдану жағы ескерілетін болады. Бұл ретте министрлік жобаны әзірлеу кезінде салықтық жеңілдіктер енгізбек.

«Жасыл» экономиканы дамытудың жеті негізгі бағыттары:

Бірінші бағыт – жаңартылатын энергия көздерін енгізу.

Пайдалы қазбаларды ары қарай сақтау туралы мәселе орасан ауқымға ие болады. Біздің мемлекет табиғи қорлары өте бай ел ретінде танылған. Мұнай, газ – бүкіл дүние жүзінде ең ірі энергетикалық қорлардың бірі ретінде сыныпталады, бірақ тіпті олардың өзі уақыты келгенде сарқылады, демек өмір үшін жаңа ресурстар табу қажет. Бұл ретте Қазақстанның жақсы экожүйеге,

жер қыртысына және орманға ие болуы айғағы басқа елдер алдындағы өзінің ұстанымын айтарлықтай арттырады.

Екінші бағыт – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы энергия тиімділігі.

Қалалық тұрғын үй қорының маңызды бөлігі кеңестік дәуірден кейінгі уақытта салынғандықтан, тұрғын үй кешендерінің көпшілігі тиімсіз жылу изоляциялық құрылымдармен және жылумен қамтамасыз ету жүйелерімен жабдықталған, ол маңызды жылу шығындарына алып келеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда жылумен қамтамасыз ету аспаптарының жұмысының істен шығуы саласындағы іс-шараларды жүзеге асыратын энергия сервистік компаниялары әрекет етеді.

Үшінші бағыт – ауыл шаруашылығындағы органикалық егін шаруашылығы.

Бірінші кезекте бағыттың аталмыш түрі әр түрлі азық қоспаларынан, синтетикалық тыңайту өнімдерінен (пестицидтерден) бас тартуды қарастырады. Дақылдық өсімдіктердің шығымдылығын, өсуін қамтамасыз ету үшін органикалық тыңайтқыштарды пайдалану туралы сөз болып отыр. Ауыл шаруашылығын «көгалдандыру» табиғи қорларға зиян келтірместен, халыққа азық-түлікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстан мынадай бағыттар бойынша әрекет етуді жоспарлайды:

- жердің құнарлылығын басқару;
- суды тиімді пайдалану;
- өсімдіктер және жануарлар денсаулығын басқару;
- фермаларды механикаландыру.

Төртінші бағыт – қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру.

Қалдықтарды басқару мәселесі ерекше танымалдылыққа ие болды. Лас көшелер, үйінділер және қандай да бір болып жатқанға бақылаудың жоқтығын жиі кездестіресіз. Қалыптасқан жағдайларға байланысты қалдықтарды өндірістік өнімнің қайталама өнімі ретінде пайдалану ұсынылған. Осылайша, мысалы қатты тұрмыстық қалдықтарды кешенді қайта өңдеу және балама отынды алу технологиясы Алматыда іске асырылуда.

Бесінші бағыт – су қорларын басқару жүйелерін жетілдіру

Су адамзаттың өмір сүруін және экожүйелердің тұтастығын қамтамасыз етудің шешуші табиғи құрылымы болып қала береді. Осыған байланысты су қорларын тиімді пайдалану орасан ауқымға ие болатын мәселе болып қала береді.

Алтыншы бағыт – «таза» көлікті дамыту

Қазақстандағы тасымалдардың көпшілігі дизелде/бензинде жүргізіледі. Қазіргі уақытта тасымалдардың басым бөлігі бензин (дизель) негізінде жүзеге асырылады. Бірінші кезекте бұл парник газдарының жоғары шығарындыларына жағдай жасайды.

Жетінші бағыт – экожүйелерді сақтау және тиімді басқару

Осы бағыттағы қызмет басты түрде біздің елдің бірегей табиғат байлығын сақтауға бағытталған.

«Жасыл экономиканы» дамытуда Германия, Оңтүстік Корея мемлекеттері алдыңғы орында. Олар «жасылдануды» дамыту бойынша оң нәтижелерге қол жеткізіп отыр. «Біз әлем елдерінің оң тәжірибелерін пайдаланамыз. Бүгінгі таңда әлемде экологияға қатысты көптеген проблемалар бар. Күн сайын табиғи ресурстар азайып, қоршаған орта ластанып жатыр. Сондықтан да адамзат үшін жасыл экономикаға көшу міндетті болып отыр.

Балама қуат көздерін қолдану, тұрғындардың таза ауыз суды тұтынуы және өндіріс қалдықтарын қысқарту мақсаттарын жүзеге асыру барысында ауқымды жұмыстар бар. «Жасыл экономикаға» көшудің маңызды бір буыны – қоқыс өңдеу. Соған орай ел аумағында жоспар бойынша 40-тан астам қоқыс өңдеуші кешеннің құрылысы басталмақ. Осындай кешен таяуда Астана қаласында пайдалануға беріледі. Испан технологиясы бойынша салынған зауыт жылына 400 мың тонна қоқысты қайта өңдеп, қала қажеттілігін өтеуге қауқарлы болады. Алдағы 2 жылда республикамызда дәл осындай 9 зауыт бой көтереді.

Бүгінде елімізде жел энергетикасы, қуат көзін үнемдеу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату жөнінде біршама заң қабылданды. Енді саладағы заңнаманың тиімді орындалуын қадағалау – негізгі шара. Сондықтан да «жасыл экономикаға» негізделген құқықтық базаны жетілдіру осы бастан қолға алынуда.

«Жасыл» экономика ел үшін басымдылықтар әкеледі.

«Жасыл» экономикаға ауысу барынша үлкен танымалдыққа ие болып келеді және ауқымды қызығушылық тудырады. «Жасыл» экономика бірінші кезекте экономикалық прогреске жағдай жасайды және мыналарды қамтамасыз етеді:

- ішкі жалпы өнімнің өсімі;
- елдің табыстарын ұлғайту;
- елдегі жұмыссыздық көрсеткіштерін азайта отырып, халық үшін жұмыс орындарын құру.

Бұл жерде «жасыл» экономикаға ауысу климаттың өзгеруі, пайдалы қазбалардың сарқылуы және су ресурстарының тапшылығы сияқты жаһандық қауіптен тәуекелдерді төмендетеді.

«Жасыл» экономиканы дамыту бағдарламасы аясында Қазақстан экономиканың 10 шешуші секторына құралдарды инвестициялауды жоспарлайды:

- ауыл шаруашылығы;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы;
- энергетика;
- балық аулау;
- орман шаруашылығы;
- өнеркәсіп;
- туризм;
- көлік;
- қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу;
- су қорларын басқару.

Поэтому создание музыкально-педагогического комплекса, призванного не только познакомить молодежь с национальным музыкальным и песенным творчеством, но и помочь в изучении языков, является востребованным в образовании и воспитании подрастающего поколения.

Данный комплекс включает разработку и издание следующих учебников, учебных пособий и книг, а также запись CD:

- учебник «Музыкальный казахский: учимся казахскому языку через тексты песен» (в соавторстве с Дүкембай Г.Н., Кудерина А.Е.);
- учебно-справочное пособие «Песенные традиции казахского народа: словарь, перевод и понятия» “Song Traditions of Kazakh People: Dictionary, Translation and Concepts” (в соавторстве с Дүкембай Г.Н.);
- сборник: «Балаларға арналған әндер»;
- сборник: «Балаларға базарлық»;
- книга: «Жүректен шыққан әуендер»;
- книга: «Жастар және отаншылдық тәрбие»;
- книга «Қазақ хандығы тарихынан» (музыкально-поэтический цикл из 10 песен) на слова поэта Серік Елікбай.

Музыкально-педагогический комплекс предусматривает конкретный музыкальный и лексический материал, направленный на оптимизацию влияния музыкального воспитания на формирование духовного потенциала молодого поколения на основе активного включения в музыкально-творческую деятельность, а также включает новые подходы и методы к изучению английского и казахского языков.

Так, издание учебного пособия «Музыкальный казахский: учимся казахскому языку через тексты песен» рассматривает новый метод изучения казахского языка посредством казахских детских песен, что позволит приобщить учащихся к казахской музыке и способствовать музыкально-эстетическому воспитанию учащихся.

Учебно-справочное пособие «Песенные традиции казахского народа: словарь, перевод и понятия», “Song Traditions of Kazakh People: Dictionary, Translation and Concepts” является значимым вкладом в изучение казахского, русского и английского языков, в развитие лексикографической науки и одновременно практическим достижением в определенной области знания, в частности музыкального искусства. Целью издания учебно-справочного пособия «Песенные традиции казахского народа: словарь, перевод и понятия» “Song Traditions of Kazakh People: Dictionary, Translation and Concepts” является формирование понятий о казахской народной традиционной музыке, в том числе о песенных традициях казахского народа, что позволит привлечь внимание к данной области искусства, сформировать художественно-эстетическое мировоззрение народа, в том числе и молодого поколения. Пособие поможет русскоязычному читателю и иностранцам понять и узнать

ближе данную область искусства, песенные традиции казахского народа. Пособие предполагает перевод музыкальных терминов и понятий на русский и английский языки, что делает его актуальным и отвечающим современным тенденциям в области образования, развития искусства и культуры.

Издание сборников песен и книг «Балаларға арналған әндер», «Балаларға базарлық», «Жүректен шыққан әуендер», «Жастар және отаншылдық тәрбие» служит практической реализации одного из направлений Послания Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана Стратегия «Казахстан-2050» – формирование национальной идеологии «Мәңгілік Ел», «нового казахстанского патриотизма – основы успеха нашего многонационального и многоконфессионального общества».

Возрождение исторической памяти самым непосредственным образом связанное с обретением Независимости, играет неограниченную роль в воспитании новых поколений граждан обновленного суверенного Казахстана.

«Именно им, молодым гражданам Казахстана», как отметил Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев, «продолжать великие деяния своих предков в будущих временах». Поэтому издание книги «Қазақ хандығы тарихынан» (музыкально-поэтического цикла из 10 песен) на слова поэта Серік Елікбай приобретает особую актуальность и необходимость.

Таким образом, создание данного музыкально-педагогического комплекса, направленного на патриотическое, нравственное и культурное воспитание молодого поколения посредством национальной музыки, служит гармоничному и всестороннему развитию молодежи, воздействуя на сознание и поведение формирующейся личности, на совокупность межнациональных отношений и на преодоление негативных явлений в обществе. Музыкально-педагогический комплекс способствует раскрытию творческого, гуманистического потенциала общества и привносит определенный вклад в культурное наследие современного Казахстана.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» от 14.12.2012

ОРЫС МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МӘТІНДЕРІН КОМПЬЮТЕРМЕН ОҚЫТУ

ЕДИЛОВА М. Н.

студент, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.

МҰҚАНОВА Қ. Қ.

доцент, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.

Бүгінгі таңда мультимедиялық үйретуші бағдарламалар, электрондық оқулықтар білімді ақпараттандырудың негізгі факторларының бірі болып саналады.

Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгертуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі.

Оқыту технологиялары оқу процесіне, сабақ түріне байланысты жан-жақты: проблемалық оқыту, ойын арқылы оқыту, тірек сигнал арқылы оқыту, компьютерлік оқыту, электронды оқыту, коммуникативтік технологиялар, инновациялық оқыту, жаңа технологиялар бойынша оқыту.

Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпараттарды білуге жол ашады. Тыңдаушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдысын және олардың танымдық белсенділігін арттырады. Орфографиялық, лексикалық дағдыларын қалыптастырады. Компьютер әсіресе, тіл үйренушілердің әр түрлі тілдік жаттығу жұмыстарын орындау кезінде одан көп көмегін тигізеді. Негізінен мына әдіс-тәсілдер қолданылады:

1) Сұрақ-жауап диалогы, тапсырманың мәні компьютердің сұрағына тура жауап беру; сұрақ құрастыру үшін негізгі тілдік мәтін пайдаланылады.

2) Таңдап алынған жауаптар диалогы. Жауап беруші ұсынылған жауаптар тізбегінен өз жауабын таңдайды.

3) Бос орынды толтыруға арналған жаттығулар.

4) Сөздікті қаншалықты меңгергендігін бақылауға арналған жаттығулар: компьютер аударуды керек ететін сөздер тізімін ұсынады; орысша-қазақша жазылған сөздер ұсынылады. Олардың ішінен дұрыс эквиваленттерін тауып, жұп құрау қажет.

Компьютер интерактивті оқытудың жоғарғы сатысын қамтамасыз етеді. Бұл жаттығу жасау барысында оқушының іс-әрекеті компьютердің үнемі әрі тез реакциясы арқылы жүзеге асады. Оқушылар жұмыс қарқының өздері белгілейтін болғандықтан, компьютерлік оқу өз бетімен оқудың принциптеріне толық жауап береді.

Компьютерге үйретуші техника ретінде қарау, оны қазақ тілін үйрету үшін пайдалану мүмкіндігі оқыту үдерісін өзгертті және оқыту әдістемесіне түбегейлі түрде әсер етті. Психологтардың пайымдауынша, сабақта әр түрлі компьютерлік технологияларды пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырады және өз қабілетіне сенімділігін тудырады.

Ғалым Қ.Қадашева былай дейді: “ Жаңаша жаңғыртып оқыту, жоғары белсенділікті дамыту және деңгейлік оқыту әдістемелерін жоғары дәрежеде дамыту оқытудың техникалық және электронды құралдарын жан - жақты пайдаланғанда ғана толық орындалады. Бірақ оқытудың жаңа техникалық және электронды құралдарын тиімді пайдалану оқытушының шеберлігіне байланысты.

Қазақ тілін оқытуда компьютерді қолдану оқушылардың тек көру сезіміне ғана сүйеніп қоймайды. Компьютердегі дыбыстық, қозғалыс жасау, түрлі анимациялық мүмкіндіктер оқушылардың сезімдік дамулары арқылы ақыл-ой қызметінің де белсендірілуіне жайлы жағдайлар жасайды. Мультимедияның өзіне тән мүмкіндіктерін бай әрі мол етіп қолдана отырып, мәтінді оқытуда оны түрлі әдіс-тәсілдер арқылы кеңейте аламыз.

Компьютер арқылы мәтінді оқытуда қолданылатын оқу-әдістемелік материалдар өзара ерекше мазмұндағы жүйені құрайды. Компьютерді қолдану барысында оқушылардың компьютерлік сауаты дами түседі, қазақ тілін оқытудың көптеген міндеттері компьютерге «жүктеледі». Қазіргі кезде белгілі болып отырған компьютер арқылы оқытатын арнаулы мынадай программалар бар:

- Уордсток (сөздікпен жұмыс жасау программасы);
- Мэтчмастер (сәйкестіктерді іріктей алуға дағдыландыруға арналған программа);
- Чойсмастер (варианттарды іріктей алуға дағдыландыратын программа);
- Клоузмастер (бос орынды қажетті жауаппен толтыру дағдысын қалыптастыруға арналған программа);
- Кроссводмастер (кроссвордтарды толтыруға үйрететін программа);
- Юнисаб (сөз немесе сөз тіркесін, дыбысты алмастыруға дағдыландыру программасы);
- Юнилекс (Мәтін бойынша сөздікпен жұмыс жасау программасы);
- Гэпмастер (жіберілген бос орындарды толтыруға дағдыландыру программасы);

- Пинпойнт (іздену, шешу, табу дағдыларын қалыптастыруға арналған программа);
- Спидрид (оқушыны шапшаң оқуға дағдыландыратын программа);
- Сториборд (мәтінмен жұмыс жасауға арналған программа);
- Тестмастер (сұрақ-жауап формасындағы тест алуға арналған программа).

Дидактикада оқыту процесіне сәйкес маңызды орын алатын - кері байланыс. Кері байланыс, әсіресе, оқушы үшін маңызды. Осы жол арқылы ғана оқушы өзінің білім алу әдістерін қалай меңгергенін керсете алады. Оқушының компьютерді қолдана отырып қазақ тілін үйренуі мұндай кері байланыстың жедел және белсенді өтілуіне мүмкіндіктер жасайды.

Мәтіннің мазмұны дауыстап, мәнерлі түрде жазылған, яғни мәтін компьютерде мультимедиялық жүйе арқылы берілген. Бұл бөлімде компьютердің дыбыстық, көру мүмкіншіліктері іске қосылып, оқушының көру, есту, тыңдау әрекеттері арқылы мәтіннің мазмұнымен танысуы басталады. Одан соң оқушылар компьютердегі мәтіннің оқылуына еліктеп, өздері солай оқуға дағдыланады. Мұғалім өзінің шеберлігіне сай бұл бөлім бойынша сабақта түрлі әдістер қолдана алады.

Жаңа әдістерді пайдалану – бүгінгі күннің талабы. Жаңаша жаңғыртып оқыту, интерактив әдістер, жаңа технологиялар тіл үйренушінің танымдық, білімдік белсенділігін тудыруға, уәждемесін тудыруға бағытталған. Қазақ тілін үйренуде бұл әдістер арқылы елеулі нәтижелерге жетуге болады. Бірақ бұның бәрі оқытушының шеберлігіне байланысты, оқытушы үнемі ізденісте болуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Тараз: ТарМУ, 2003.
- 2 Көшкімбетова С.А., Кенжебаев Т.К. Мектептің оқу тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды ендіру жолдары. - Тараз университеті, 2004.

ӘЛЕМДІК БОДАН ӘДЕБИЕТТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЕЛІҚПАЕВ С. Т.
ф.ғ.к., профессор

Жалпы қазақ әдебиеті сан салалы, көп тараулы. Яғни қазақ басынан өткен барлық тарих, кезең, бұрылыс, ойпаң тұстардың бәрі ел әдебиеті басынан көрініс тапты. Өкінішке орай, қазақтың азат кезінен, бұғаулы, байлаулы уақыты көп болды. Осының бәрі әдебиетте өз қолтаңбасын қалтырды. Орхон-Енесей жазбаларындағы тағаш атты өзге жұрт, өзегі бөлек мемлекетке қарсы айтылған қаһарлы да қаралы сөздер соның айғағы. Жазба тек тарихи оқиғалар тізбегі емес әдеби туынды да. Демек бодан әдебиеттің алғашқы сілемдері атанған жазбалардан әрі біз білмес кезеңнен басталуы мүмкін. Қытай билеушілерін, жаулап алушыларды мадақтаған кез келген туынды бодан әдебиетке қатысты, сол ағымның шартына толар шығарма. Айтқан сөздерімізді қорта келіп айтарымыз бодан әдебиет деп ұлт мүддесіне қарсы, ұлтшылдықтан ада жат жұртты мадақтар иіп әкеліп жаулап алушы жұрттың өнерін, білімін, өркениеттілігін артық қоя отырып, өзінкін көзге шұқыр әдебиетті айтамыз. Өз ішінен бодан әдебиет екіге бөлінеді. Қарсылықты немесе келісімпаз. Қарсылықты ағым өз елінің қаһарманын суреттеп, соны мадақтап өткен күнін аңсай жазылса, келісімпаз бағыт жат жұрт өкілін айта отырып, шым-шымдап енгізіп, ел санасына сіңіріп өз қандасын тұқыртып, ұлттық идеологияны езіп жаншып басқаны ой төріне шығарады. Бұған дейін қазақ әдебиеті тарихы орыстық-батыстық ғалымдар күшімен жазылып келгендіктен бодан әдебиет мәселесі көтерілген жоқ. Қазақ жұрты 300 жыл бодан болғандықтан әдебиетте «қызыл тіл кісендеулі» күй кешті. Бодандық әдебиет тек қазақ басындағы хал десек қателесеміз.

Бұл әсіресе Еуропа мемлекеттерінде бой көрсетті. Қазақты ұзақ ғасырлар уысында ұстаған, улаған батыстық, орыстық ақпараттық идеологияны түсіну үшін (бұл бүгінде жалғасуды) тамұқ төрі, жан жүрегінен сөз бастауды жөн көрдік. Батыста тұрып батыс соққысын көп көрген поляк әдебиеті болды. Өз кезінде соншалық әлді, сөзі мен ісі ірі Речь Посполитая әсіресе жариялықтан, демократияшылдықтан қан құшты. Речь Посполитая сейм арқылы басқарылды. Сеймде восводалар ел тағдырын шешетін. Бірақ бір ғана восводаның ветосы (латынның қарсымын сөзі) бүкіл мемлекеттің келешегіне балта шапты. Тек бір «Сейм елшісі» восвода veto жарияласа, еш шешім

қабылданбады. 1652 жылдан бастап 1764 жыл арасында 55 сеймнің 48-бос шақырылды.

Ұлы жиын рәсуаға ұшырады. Шетелдің ақшасына сатылған бір шляхтич арқылы жат жұрт жат ойын жүзеге асыра алды. Польша билігіне кездейсоқ адамдар осы халыққа қатысы жоқ бейотан, бейтаныс жандар келді. Көңілі бөлек кездейсоқ жандар кесімсіз келіп, көңілсіз кетіп жатты. 1574 жылы Генрих Валуа Краковадан түнде, өзін сайлаушыларын таңқалдыра қашып кетті. Батыс-орыс тарихшылары айтып жүргендей Польшаға Түркия шабуыл жасаған жоқ. Еуропаны түріктер езіп-жаншыды деген миф, негізгі әңгімені ары өкету, шырға шақ салу, адастыру болатын. Жалған Дмитрийді дүниеге әкелген Речь Посполитая ісін ұмытпаған Ресей Украинаның азат ұлы Мазепаны құрта отырып ақшаның, сатқындықтың көрінісі Богдан Хмельницкийдің күшімен Украинаны бөліп өкетті. Белорусияны бауырына алды. Польшаға қарсы Еуропаның жаңа күші жас перісі шведтер аттанды. 1661 жылы үштен бірі қырылған поляктар Олив келісім шартына бұған дейін болмаған контрибуциямен Польша өзіне пайдасыз түрде қол қойды. 1668 жылы тағы да тізерлей тұрып жерінің мол бөлігін бере отырып Ресеймен «мәңгілік бейбітшілікке» келісті екі халықтың сорына орай әсіресе поляктар қасіретіне озбыр мінез, тарпаң туыс Орыс мемлекеті Польшаға көңіл беріп, жүрек мұзын жібіткен емес. Оған Наполеонды қайтарған II Александр ісі, бірінші жаһан соғысындағы қырылған поляктар, екінші жаһан соғысындағы ұлт зиялыларынан айырылған Кеңес өкіметі Польшаның бар жақсысы қанына қол жуған кезде істің жайы белгілі болған. Кеше 2010 жылы Лев Качиньски басқарған Польша өкіметі бүтіндей қырылып қалғанда да осыған көз жетті. Польшаны жаулап алған «еуропалықтар» қылыштың ұшын тәнге, әдебиетін жанға күштеп енгізді.

1594 жылы «Энеида», 1614 жылы Вергелийдің «Георгиниі», 1618 жылы Тассоның «Азат етілген Иерусалимі», 1638 жылы Овидийдің «Метаморфозасы» поляк тіліне аударылды. Осы тізім ішіне Сенеканың «Ипполитасы», Корнелдің «Сидасы», Лукиан мен Расин шығармалары енді. Польша әдебиетінде бұған дейін болмаған құбылыс көрінді. Қазақ әдебиетіндегі Ш.Уалиханов, С.Ерубаев, О.Сүлейменов секілді таза латын тілінде жазатын Сарбевский бастаған бір топ бабы басқа бағыт, бағыты бөлек поляк деп аталатын бөгде жолды тандаған жандар жалау тікті, желкен көтерді. 1627 жылы католик шіркеуіне жақпаған жаулаушылар ұнатпаған кітаптар жұрт алдында поляк тілді шығармалар өртелді. Бұған дейін адамдар

өртеген батыс, енді ой өзегі әдеби туындыларды отқа жақты. Фашистердің осы әдеті, кеше яғни 2010 жылы Америкада қасиетті Алла кітабы «Құранды» отқа жағумен жалғасуда. Ақын және баспагер Ян Гербурт «Қазір иезуит ақыл береді, иезуит соттайды, қолшоқпарлар арқылы басқарады, соған қарамастан қулықпен арамдықпен көрінбей, ақымақ істерге кіріспейді» деп күңірене жазды. (Людвич Кондратович. История польской литературы. Том II, Москва 1862. 363-364 беттер). Ештемеге қарамастан бар шығармасын тек поляк тілінде жазуға тырысқан ақындар шыға бастады. Бұлардың ірісі Я.Кохановский болды (1530-84) «Псалмов Давида», «Песнях», «Фрашнах», «Тренах» секілді туындылар әр халықтың өз поэзиясы болу керек деген Рей пікіріне қосылған жауап секілді болды. Осы бағытта жазған М.Семп-Шажальский (1550-1581), С. Кленович (1545-1602). Ш.Шимоновичтер поляк тілінің ұлылығын, мөлдірлігін, байлығын мадақтады. Тек латын тілі ғана емес поляк тілінде де шырайлы шедевр тудыруға болатынын танытты. Аталған жандар төл тілі мен таңылған жат тілі арасындағы сөз майданы бодандық әдебиеттің күрес шыңы десек болады. Қос тіл шын шайқас, ақтық күресте ұлттың барын, нәрін, сөнін ортаға, сорпаға салады. Бұл ұлы ұрыста тең түсу жоқ, кем түсу бар. Төл тілі, әдебиеті жығылған жұрттың болашақ теңізіне желкен салуы мүмкін емес. Осы теке тірес тек ақындар жарысы, табысы емес, ақылдар жарысы деуге болады.

Поляк бодан әдебиетінің ірі өкілі қарсылықты бағыттағы ақыны Адам Мицкевич болды (1798-1855). Студенттердің құпия қоғамына мүше болғаны үшін А. Мицкевич 1824-1829 жылдар арасында Ресейге жер аударылды. Кәрі қатал Ресей үшін өзіне қарсыларды Сібірге, Ресейге жер аударту негізгі жазаның бірі болды. Есесіне Янушкевич секілді көңілі жүйрік, көзі ояу поляк ұлдары қазақ жұрты, Құнанбай секілді тұлғаларға табына қарап, тарих бетіне қазақ халқы бейнесін қашап кетті. «Орыс достарға» атты күштеп жазылған, тістеп айтылған шығармаларға, А.С. Пушкиннің паң, тәкәппар «Ол біздің арамызда болды» жазылған өлеңіне қарамастан ақын Ресейді қабылдамады. 1826 жылы дүниеге келген «Қырым сонетасы» алыстағы Отанға деген сағынышқа толы, көз жасы көл, көңілі шер шайыр жанынан зар төкті. 1828 жылы паракқа түскен «Конрад Валленрод» поэмасы саяси астарға, азатыққа ұмтылған идеяға толы болды. 1929 жылы Ресейден аттанып 1930-31 жылдардағы поляктар көтерілісінің жеңілгенін көрген ақын Францияға қоныс аударады. Никоай I-ге қарсы жазылған «Редут Ордана» поэмасы

арқылы А.Мицкеевичтің әдебиеттегі жаңа кезеңі басталады. Қалған өмірінің бәрінде ол орыс экономикасына қарсылығын қылыш тілмен танытып, бар ғұмырын осы жолда сарп етеді. 1832 жылы шыққан «Дзедовтың» 3-бөлімі, 1834 жылы «Пан Тадеуш» осы сөзімізге айғақ. А. Мицкеевичтің соңынан А. Мальчевский, С.Госцинский, Ю.Б. Залесский секілді «украин мектебі» деп аталар ақындар тарихтағы өз орындарын сайлады. Кейіндері поляк әдебиеті көгіне Ю. Словецкий, Г. Сенкеевич секілді ірі жазушылар бой көтерді. Бодан жұрттың бота көзден аққан бұршақ жасын Ю. Словецкий (1809-1849) қанды сиямен қағаз бетіне түсірді. «Қорланғандар әкесі», «Швейцар чедә», «Шығысқа саяхат» секілді туындылар езілген елдің өмірінен хабар берді. Осылардың ішінде бүгінге дейінгі орыс рухы қабылдамас, жиренішпен тәрк еткен Украинаның өр ұлы, ер мінез, азаттық алауы Мазепа туралы баяндалған «Мазепа» трагедиясы шоқтығы биік, туы заңғар шығарма болды.

Поляк қаламгерлері шетелге кеткен, орыс бұғауына бой ұсынбаған жандар жайлы да жазды. М.Конопницкая (1842-1910) «Бразилиядағы пан Б.Бальцер» атты эпикалық поэмасы тілімізге тиек. Өкінішке орай Кеңестік дәуірде шетке кеткен 2 миллион қазақ туралы кеңес жазушылары жақ ашпады. Классик С. Мұқанов «Өмір мектептерінде» М. Шокай туралы келеке етіп жазды. Э. Ожешко (1841-1910) өз роман, повестерінде белорус жеріндегі еврейлердің ауыр өмірі жайлы «Мейр Эзофович» (1887) айтты. Б. Грус (1847-1912) «Форпост» (1885) романында поляк шаруаларының жерін жаулап алған неміс басқыншылығы туралы ашына суреттеді.

Осы кезеңде ірі суреткер Г.Сенкеевичтің (1846-1916) жұлдызы туды. «Көмір сызбалар», «Нан үшін» секілді өз жерінде және шетте жүрген поляк ұлдары жайында еңбектері ел назарын аударды. Бодан елдің тақырыбы тар, аясы аз болғандықтан келмес күндерге қазақтың І.Есенберлин секілді тарих қойнауына құлаш ұрды. «Отпен және қылышпен», «Топан су», «Пан Володчевский» сынды іргелі шығармаларда 17 ғасырдың екінші жартысындағы рыцарлы-шляхталы, Польша елі туралы сұлу сағынышпен, мол махаббатпен, әсем әспеттеумен жазды. Шын қалам иесі, шебер суретшінің өткен күнге қарайлаудан басқа қайраны жоқ еді. Мағжанша айтсақ:

Өткен күн таң-тамаша ертегі ғой,
Ерлері ертегінің өрт еді ғой.

Дәл осындай жай Г.Сенкеевичтің басында да болатын. Романтикалық тін, асқақ рух «Крестшілер» (1897-1900), «Камо грядеши» сияқты туындыларында да көрініс болды.

Өкінішке орай XX ғасыр басында Польша әдебиеті көп ағымды болғанымен негізгі сара жол ұлт әдебиеті соқпағынан адасып қалды. Бұл басқа әңгіме.

Болғар, венгр әдебиеттері Батыс Еуропа елдерінің тепкісін көрді. «Үрейлі сот туралы сөзі» 17 ғасырда көшірілген Ионн Даласкиннің (673-777) енбегі тіпті де төл нұсқа емес болатын. Бұлғар, мажор, сербтерге ат басын тіреген түріктер Константинопольдік патриархтың өтінішімен Еуропада пайда боолды. Бұлғарлар «фанарлоттар» деп жек көре атаған константинопольдік православтар бәле басы, өрт ордасы еді. Ел адастырған аңыз басы осылай туған. Бұлғарлар есін өте кеш жиды. Бұлғар әдебиеті түркі тектес әдебиет ішіндегі күрмегі көп, жұмбағы зор тарихқа толы. Бұлғар оянуының негізін салушы Пайсий Хилендарский (1722-1798) болды. Бұлғарлар славян емес еді. Пайсийдің 1762 жылы жазылған «Славян-бұлғар тарихы» екі елдің қосылмас қосынның шежіресінен сыр шертеді. КСРО-ның ғылым академиясында 1954 жылы жарық көрген «Бұлғария тарихының» I томында «Біздің халықтың саяси және рухани құлдығы қапасында ол ұлт оянуының алғашқы ұшқынын тастады. Бұлғарлар ұлт есебінде оянды, ес жиды, ер жетті» делінген.

Сафоний Врачанскийдің (1739-1814) «Кириакодроний сиречь Недельниги» (1806) алғашқы бұлғар тіліндегі еңбек деп аталғанымен, бұл шіркеу тіліндегі, христиандық ұғым айнасы болды. 19 ғасырдың 30 жылдарында бұлғар ақындары Д. Польский, К. Огнянович, А. Кипиловский, Г.Пешанов әдебиетке араласты.

Бұлғар әдебиеті христиан-еуропа боранында бағзыдан бағытын жоғалтқан, трагедияға толы әдебиет. Бұлғар әлемі бүгінгі демократияшыл Еуропаның қанды жолының шаңына көмілген қаралы тасы, үнсіз мола, өлген рух, сөнген шамы...

Еуропаның тағы бір бодан әдебиеті мол өкілі венгрлер. Батыс зерттеушілері венгрлердің мемлекеттік тілі латын тілі болды дегенмен (қазақ тілімен тең орыс тілі біздің тарихымызды талдаған ұрпаққа басқаша жету мүмкін) салттық-жоралық өндер, венгрлердің шабуылы жөніндегі жырлар өз тілінде (қарлұқ бұтағымен туыс) болды.

«Геста хунгарорум» (1200 ж. шамасында) жарық көріп еуропалық зерттеушілер Анонимус деп атағанмен (бүркеншек) бұл түркілік туынды еді. Кейінгілер оны мүлде өзгертіп бет-бейнесін бояп тастады.

Бұл кейінгі Еуропада «рыцарлық әдебиеттің» бастауы болған ұлы шығарма болатын. Кейінгі жылнамашы Шимона Кезай (1284 жылдар шамасында) венгрлер ғұндар екенін баса, сендіре айтты.

Өкінішке орай өтірікке толы батыс тарихы аталған еңбектердің өзегін өзгертіп жіберді.

Венгрлерді тас-талқан етіп, әдебиетін ұлт әлемін аяққа орап шылғау жасаған австралиялықтар Габсбургтер әулеті, империясы болды. Еуропа қресшілер деп атаған шындығында «күресшілер» яғни «куруцтар» (күрес, курияш сөзі мадиярларда әлі бар) поэзиясы венгр тәңіршілерін өз жолына, ұлт еркіндігіне шақырды. Олар католик дініне қарсы шықты. Миколаша Зрини, Гадриэл Батори, Бетлендер «тенгр» құдайына табынуға үндеді. Сондықтан да орыс тіліне аударылған жырларында Шахдор Петефи: «Богом венгров поклянemся не всегда – никогда не быть рабами, никогда!» дейді. Белгісіз куруцтік ақын «Мадьяр! Австралиялыққа сенбе!» деп күмәнсіз күреске шақырады. Венгр әдебиетін жарға жығар, жалауын көтертпес бағыт «гуманистік» болды. Латын тіліндегі әдебиетті яғни католиктік ілімді ұлықтаған кезең Италиядан білім алған король Матьяш Хуньяда (1440-90) болды. Католик дінімен уланған Янош Витез (1408-72), Янус Паннониус (1434-72), Андраш Хорбат, Гашпар Хельтай, Петер Барнемиссалар болды.

Еуропа тарихшылары айтқандай венгрлер 1526 жылы Мохачта жеңілгеннен соң түркі экспансиясы басталады десе де, 16 ғасырда венгрлердің өзі тілі қалыптасты, туыстас түріктер венгрлердің өз тілінің қалуына мүдделі болды. Түріктер екі жаққа да түсінікті тілді мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерді. Демек түрік шабуылы қатыгез, езгішіл Еуропаға прогресстік құндылықтар әкелді. М.Бетленнің «Түркиядан жазылған хаттар» еңбегінде түпнұсқаны оқыған жан осыны түсінеді. 1653 жылы Я.Апацай Чери (1625-59) алғаш венгр тілінде Венгр энциклопедиясын жасады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Хализев В. Е. Теория литературы Москва: Академия, 2009. С. 432. ISBN – 978-5-7695-58-14-6
- 2 Горбунов А. М. Панарома веков Москва: Книжная палата, 1991. С. 576, ISBN – 5-7000-0174-8
- 3 Новое литературное обозрение, Москва, 2004, №65. С.480, ISSN – 0869-63-65

ЛАКУНАНЫҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ РӨЛІ (М. ӘУЕЗОВТИҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)

ЕРФАЛИЕВА С. Ж., ЖҰМАБЕКОВА Б. Қ.
С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЕРФАЛИЕВ Қ. С.
ПМПИ, Павлодар қ.

Тіл – қоғам өмірімен тығыз байланысты құбылыс. Ол оның әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жағдайын көрсетеді, мәлімет береді. Қоғамның даму деңгейіне қарай тіл де жаңа түсініктермен, терминдермен толығып отырады. Сондай терминдердің бірі – лакуна.

Лакуна – баламасыз лексиканың тілдік бірліктері. «Лакуна – белгілі бір тілде бар, бірақ екінші тілде сөздер мен ұғымдардың болмау жағдайында пайда болатын қуыстар, бос жерлер мен кемістіктер». Яғни лакуна – коммуникация үдерісі кезінде басқа лингвомәдениет өкілдері түсінбейтін, басқа мәдениет өкілдерінің тілдеріне сәйкес көрініс тапқан мәдениеттің ұлттық өзгеше элементтері. Ұлттық лингвомәдени жүйедегі айырмашылықтар мен оларды жою жолдарын зерттеу арқылы лакуна теориясының негізі қаланады. Осыған орай қазіргі кезде зерттеушілер лакунаға әртүрлі анықтама беріп, оны талдай отыра мысалдармен дәлелдейді, іштей бірнеше мағыналық топтарға жіктейді. Алғашында көбі лакунаға салғастырмалы тілдердің біреуінде лексикалық мағынаға ие түсініктің екінші тілде тұрақты атауының болмауы деп қарапайым түсінік берген. Алайда бүгінгі таңда лакуна ұғым-түсініктерінің ауқымы едәуір кеңейді. Мәселен, В. И. Жельвис пен И. Ю. Марковина оны «екі жергілікті мәдениеттің мағыналық, тілдік және эмотивті категорияларын салыстырғанда пайда болатын сәйкессіздіктер» деп түсіндірсе, И. Ю. Марковинаның Ю. А. Сорокинмен бірігіп жазған зерттеуінде «реципиент үшін өзге мәдениет мәтінінде ұғынықсыз және түсінікті талап ететін барлық бірліктер» лакуна болып табылады делінген [1, 37-39-б.].

Орыс тіліндегі *лакуна* термині 1950 жылдардың соңында француз және ағылшын тілдерін зерттеуші Ж. П. Винэ мен Ж. Дарбельне және А. Мальблан ғылыми айналымға енгізген француз тіліндегі *lacune* терминінің транспозициясы болып табылады.

Лакуна жайлы зерттеулерді көбіне француз тілінің стилистикасын зерделеумен және оны орыс тілімен салыстырумен айналысқан орыс (кеңес) мектептерінің лингвистері В. Л. Муравьев, Ю. С. Степанов,

В. Г. Гак және т.б. сынды ғалымдар қолға алды. Олардың еңбектерінде орыс тіліндегі лакунология, ең алдымен, этнопсихологиялық, этнолингвистикалық және мәдениеттанымдық аспектілерде дамыды.

Бір жағынан лакуна ұғымының осынша кеңеюі тіл мен мәдениеттің шын мәніндегі тығыз өзара байланысына сүйенсе, екінші жағынан, тілдік бірліктермен қатар лингвомәдени және мәдени лакуналарды анықтау, авторлардың ойынша, тіл мен мәдениет корреляциясының кейбір нақты формаларын бекітуге септігін тигізеді. И. Ю. Марковина: «Лакуналар, жалпы түсінікте, бір жергілікті мәдениетте бар және екіншісінде жоқ нәрсені бекітеді», – дейді [2, 47-б.].

Ю. А. Сорокиннің «Локальды мәдениеттің ерекшеліктерін анықтау жолдарының бірі – лакуналарды айқындау әдісі» мақаласында мынадай тұжырым жасалады: «...көркем әдебиет қандай да бір жергілікті мәдениетте дәстүрлі түрде қызмет ететін түсініктердің (елестету арқылы жүзеге асатын) өмір сүру амалы болып табылатын және түсіндіруді талап ететін лакуналардың сәйкестенуі мен қайшылықтарының жиынтығы ретінде қарастырыла алады». Басқаша айтсақ, ғалымның ойынша, «... лакуналар лингвомәдени қауымдастық тәжірибесінің толымсыздығы не артықтығының салдары болып табылады. Лакуналар – жергілікті мәдениет үшін дәстүрлі түрде рұқсат етілген вербалды әрекет үрдістері, құбылыстар мен фактілерді түсіндіру амалдарының жиынтығы болып табылатын коннотация құбылысы» [3, 123-б.]. Оның И. Ю. Марковинаямен бірлескен авторлықта жарияланған зерттеуінде бұл пікір толықтырыла түскен: «Жалпылама түсінік бойынша лакуна белгілі жергілікті мәдениетте бар құбылыстың екіншісінде болмауын көздейді», – деп, екінші «мәдениет» сөзіне түсіреді [4, 47-б.]. Келесі еңбектерінде аталған ой өз жалғастығын табады: «Реципиент үшін өзге мәдени мәтінде ұғынықсыз, оғаш және түсіндіруді талап ететіннің барлығы мәтінде ол туындаған мәдениеттің ұлттық айрықша элементтері барын білдіретін белгі болып табылады. Мұндай элементтерді біз лакуналар деп атаймыз» [5, 37-б.].

Қазіргі кезде лакуналарды лингвистикалық және экстралингвистикалық (мәдени) деп бөлу аса маңызды болып табылады. Аралық сипатқа лингвомәдени лакуналар ие. Тілдерді не бір тіл ішіндегі бірліктерді салыстырғанда анықталатын лакуналар *тілдік* немесе *лингвистикалық* деп аталады: олар салыстырылатын тілдер (*тіларалық лакуналар*) не бір тіл ішіндегі (реалды және потенциалды) бірліктер (*тілішілік лакуналар*) арасындағы қайшылықтарды (бос орындар, қуыстар) анықтайды.

Мәдени лакуналар мәдениеттер арасындағы қайшылықтарды талдау және бекіту кезінде анықталады, олар көбіне осы мәдениет иеленушілері тілінің қатынасы үрдісі барысында көрініс табады.

Лакуналардың синхрониялық топтарының барлық сан алуандығын, өз кезегінде, екі негізгі типке бөлуге болады. Бірінші типті синхрониялық лакуналар *көстілді* (немесе *көптілді*) жағдайда, бірқатар тілдерде әлем мен мәдениетті психикалық қабылдау ерекшеліктерін білдіретін семантикалық өрістер не сөздер немесе екі тілдің лексикалық және грамматикалық жүйелерін салыстырған кезде оңай анықталады. Бұл лингвистикада аса терең зерттелген және көп сипатталған *тіларалық (интерлингвистикалық)* лакуналар болып табылады.

Ю. С. Степанов, В. Л. Муравьев, Л. С. Бархударов, Р. А. Будагов, Г. Д. Гачев және т.б. ғалымдардың лакуна жайлы түсініктерін жинақтай келе, Ю. А. Сорокин мен И. Ю. Марковина лакуналардың мынадай негізгі белгілерін атап көрсетеді: *ұғынықсыздық*, *үйренбегендік* (экзотикалық), *бейтаныстық* (жаттық), *дәлсіздік* (қателілік). Лакуналар мен лакуна еместердің белгілері мынадай қарама-қайшылықтар арқылы ұсыныла алады: *ұғынықсыз – ұғынықты, үйренбегендік – үйреніштікті, бейтаныс – таныс, дәлсіздік/қателілік – дұрыс* [5, 37-б.].

Жоғарыда аталған ғалымдардың лакуна туралы ой-тұжырымын түйіндейтін М.Әуезовтың «Абай жолы» атты романынан үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын)мысалдар келтірейік.

Қазақ халқының кеңпейілдігі мен қонақжайлылығын айқындайтын мысалдарды қарастырайық. Аталған қасиеттерді мысалда сипатталған мәдени ұлттық ерекшелікті көрсететін дастарханнан байқауымызға болады.

«Қонақасыға әрқашан аса мырза аталған Сүйіндік үйі бүгінде етті келістіріп асқан екен. Қарабастың өткір сары пышағы қыстан қалған семіз жаяны да, алтындай сары үілдірікті де лып-лып сызып, жапырақтап жатыр. Жалғыз сұр емес, сары ала қып асқан екен. Қыс бойы бордаққа байлаған, жаңада сойылған семіз қойдың жас сүбелері де бар екен. Бапты қып жемек болған семіз қойды жай сойғызбай, үйіткізіп алыпты. Жас ет, үйіткен қойдың еті болғанда, мына табаққа тағы да өзгеше дәм бітіріп, нәр берді» [6, 154-б.] Байқағанымыздай, мәтінде сыйлы қонаққа арнап тартылатын ұлттық тағамға сипаттама берілген. Бұл тағамдағы ет мүшелері аса қадырлы қонаққа арнап таңдалып асылғанын көрсетеді. Аталған ұлттық тағамның ерекшелігі *жая, сұр, сүбе* сөздерімен дәмділеп жеткізілген. Бұл автордың сөз шеберлігі мен мәдени және тілдік

білімінің жоғары деңгейде екенін дәлелдейді. Себебі автор мазмұнды ғана сипаттап қоймай, сонымен қазақ дастарханының ұлттық дәмін де жеткізе білді. Алайда, орыс және ағылшын тілдеріне аударғанда *жая, сур, сүбе* сөздері қиындық туғызды. Орыс тілінде «казы», «сало» деп берілсе («*Дом Суондика всегда славился радушием и гостеприимством. Сегодня угощение тоже было обильное. Карabas острым ножом с желтым роговым черенком нарезал казы и сало*» [7, с. 198]), ағылшын тілінде ол ұшыраспайды да («*The evening meal was served, and since the guests were kinsmen the entire family was present*» [8, р. 133]). Орыс тілінің кіші академиялық сөздігінде «салоға»: «Сало – жировое отложение в теле животного организма», – деген түсінік берілген [94]. Яғни «сало» деген «май». Сонда туындыда *казы* мен оның *майы* жайында ғана сөз қозғалған, тіпті қалған басқа ет түрлері мүлдем аударылмаған. Ал ағылшын тілінде тек кешкі астың әзірленіп, жақсы отырыс болғаны ғана айтылған. Бұл, әрине, ұлттық ерекшелікті, оның дәстүрін көрсетпейтіні сөзсіз. Оған себеп – халық танымында, қабылдануында орын алмауы.

Қазақ халқының тұрмыстық ерекшелігін көрсететін мысалдан келтірейік. «*Жидебайдағы қыстаудың ең үлкен бөлмесі осы. Кілемді, текеметті, алашалы, көрпелі, меймандос, мол үй*» [6, 94-б.].

Аңғарғанымыздай, мәтінде автор қыстаудағы қонақ күтетін бөлменің сипаттамасын берген. Бөлме *кілем, текемет, алаша, көрпе* аттаулы заттармен әшекейленген. Олардың барлығы төсеніш ретінде қолданылса да құрамы, ітелу жолы, пішіні және сапасы жағынан өзара ерекшелінеді. Күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келген сондай дәстүрлі қолөнер үлгілерінің бірі – алаша, кілем тоқу, көрпе тігу, текемет басу.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» алашаға: «түрлі түсті жіптен арқау салып жолақтап тоқитын тақыр кілем, төсеніш» [9, 39-б.], деген түсінік берілсе, кілем деп «түрлі түсті жіптерден өрнек сала тоқылып, еденге я қабырғаға пайдаланатын үй жиһазы» аталған [9, 436-б.]. Ал текемет дегеніміз – «бетіне әртүрлі ою-өрнек салынып басылған бағалы киіз» [9, 796-б.]. Бұлар халықтың тұрмыс-тіршілігінен, шаруашылығы мен дүниеге деген көзқарасынан мағлұмат береді. Шығармада осы *көрпе (корпе, corpeh), алаша (алаша, alasha)* реалий сөздері – транскрипция (транслитерация), *кілем (ковер, rugs), текемет (кошма, draperies)* сөздері үйлесім жолымен тәржімаланған. Мысалы, *Дом Улжан самый большой в зимовье Жидебай. Гостеприимный, просторный, он весь украшен коврами, кошмами, алаша* [7, с. 136].

Ulzhan's house in which Abai lived with his grandmother and mother was the largest one in the Zhidebai winter settlement. This spacious and hospitable home was decorated with rugs, draperies and alasha [8, p. 95].

Байқағанымыздай, қазақ қолөнерінде пайдаланылған негізгі шикізаттың бірі және ең бастысы жүн болды. Халық шеберлері материалдың табиғи қасиеттеріне зер салып, оны өндеуде техникалық тәсілдің барынша тиімді және күнделікті тұрмысқа ең қолайлы жақтарын қарастыра отырып, әсемдік, әдемілік дүниесіне де көңіл бөлген.

Романда тағы бір ұлттық ерекшелікті көрсететін, мәдени мен тарихи ақпарат беретін мәдени және тілдік бірліктердің бірі – мифология, яғни дін, наным-сенімдер.

Халықтың діні, наным-сенімдері мен көзқарастары оның тарихына, рухани-мәдени, саяси өміріне үлкен әсер ететін фактор болып табылады. Оның тұрмысында этносанасы мен менталитетіне ықпал ететін жекелеген ежелгі тәңіршілдік әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері орын алған: ата-бабалар әруағына, отқа, күнге, жұлдыздарға, көкке және т.б. табыну. Сондай сенімдердің бірі – үшкіру.

Үшкіру – адам ағзасы дертке шалдығып, ауырғанда аят-дұға оқып, шипа тілеу. Үшкіру адам тіл-көз, сұққа іліккенде және сикыр, күншілдікке қарсы рухани сауықтыру үшін «жанға дауа, дертке шипа» табу мақсатында қолданылады. Діни танымда мұны, жалпы адам ағзасындағы дерттің негізін топырақтан жаратылған адамдармен қатар өмір сүретін оттан жаратылған жындар әлемінің болуымен, солардың әсерімен байланыстырады. Қазақ халқы осы сенім бойынша күн батарда жаңа сойған қойдың өкпесімен қаққан, бетіне су бүркіп үшкірген. Осы сенімді шығармадан да кездестіреміз. Мысалы: *Жалғыз-ақ алғаш жығылған күннің ертеңінде, әжесінің бұйрығы бойынша бір қартаң қатын күн батарда Абайды далаға алып шығып, жаңа сойған қойдың өкпесімен қақты. Бетіне су бүркіп, үшкіріп:*

– Кет, бәлекет, кет! Көш, баламнан, көш! – деп батып бара жатқан қып-қызыл күнге қаратып қойып, бірдеме ем істеген болды [6, 53-54-б.].

По приказанию бабушки одна пожилая женщина на закате солнца вывела Абая из юрты и несколько раз похлопала его горячими легкими только что зарезанного барана.

– Сгинь, нечистая сила, сгинь! Оставь сына моего! – говорила она и, повернув Абая лицом к заходящему солнцу, продолжала свое удивительное лечение, опрыскивая мальчика водой изо рта [7, с. 89].

His grandmother ordered an old woman to take him out of sunset and slap him several times with the steaming lungs of a sheep that had just been slaughtered. «Perish away, you evil spirit! Perish away and depart from my son», she cried and turning Abai to the setting sun, continued the strange cure by sprinkling water upon him from her mouth [8, p. 63].

Қазақ халқында ауа райының қалай болатынын, келешекте не күтіп тұрғанын т.б. болжап, құмалақ салатын ғұрып қалыптасқан. Құмалақпен бал ашу – бірнеше ғасырлардан бері халқымызбен жасасып келе жатқан, жаратылыс пен табиғаттың ерекше құбылыстарын ұдайы бақылау нәтижесінде пайда болған сәуегейлік ілім. Аталған ғұрып туындыдан да көрініс тапқан: *Құнанбай ауылында дәл осы күнде құмалақ салған кісі болса, жүргішілердің: «Бүйірі тоқ, қанжығасы берік, қос-қосардан олжасы бар!» дер еді [6, 136-б.].*

И если кто-нибудь в ауле Кунанбая гадает на овечьем помете, он, наверное, видит, что у путников «бока сытые, – едут с двойными дарами», как будто дело шло о возвращении не из города, а из грабительского набега [7, с. 181].

And if anyone in Kunanbai's aul was at that moment foretelling the future from the droppings of the sheep, he must have observed: «The sides of the travelers are fat, and they are laden with spoils, as though returning not from the town, but from the land of an enemy whom they had pillaged» [8, p. 119].

Мұндағы тәржімалау аудару калькалау жолымен жүзеге асқан. Сондықтан болса керек, ол ұлттық ерекшелікті толық көрсетпей тұр.

Қорыта келгенде, екі елдің өзара байланысы қарым-қатынас арқылы ғана емес, сонымен қатар көркем шығармаларын аударып, сол халықтың бай мұраларымен танысу арқылы да жүзеге асады. Алайда, жоғарыда байқағанымыздай, аудармаларда кейбір мәселелер бастапқы мағынасынан айырылып, өзгерістерге түсіп, ұлттық ерекшелігінен алыстаған. Осындай қиындықтар негізінде аудармада лакуна пайда болады. Аудармашы реципиентке түсінікті болу үшін туындысын сол елдің мәдениеті мен танымына жақындатуды көздеген. Әрине, түпнұсқадағы ұлттық ерекшелікті жоғалтпай басқа тілге аудару және реципиенттің қабылдауынан шығу аудармашының тілдік шеберлігі мен елтанымдық білімі жоғары болуын талап етуде.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бреус Е. В. Курс перевода с английского языка на русский. – М.: Р-Валент, 2007. – 320 с.

2. Морковина И. Ю. Влияние лингвистических и экстралингвистических факторов на понимание текста: дисс. ... канд. филол. наук. – М., 1982

3. Сорокин Ю. А. Метод установления лакун как один из способов выявления специфики локальных культур // Национально-культурная специфика речевого поведения. – М.: Наука, 1977. – С. 120-136

4. Сорокин Ю. А. Текст и его национально культурная специфика / Ю. А. Сорокин, И. Ю. Морковина // Текст и перевод. – М.: Наука, 1988. – С. 76-84

5. Сорокин Ю. А., Марковина И. Ю. Опыт систематизации лингвистических и культурологических лакун: Методологические и методические аспекты // Лексические единицы и организация структуры литературного текста: Сб. науч. трудов. – Калинин, 1983. – С. 35-52

6. Әуезов М. Шығармалары. 12 томдық. IV том. – Алматы: Жазушы, 1968. – 400 б.

7. Ауэзов М. О. Путь Абая. Первый том. – Алма-Ата: Казахское государственное издательство художественной литературы, 1960. – 863 с.

8. Ауэзов М. О. Абай (на английском языке) // Ауэзов М.О. – М.: Издательство Прогресс, 1975. – 459 с.

9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

ЖАППАРОВА Ж. С.

қазақ тілі үйірмесінің жетекшісі,

М. Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы, Астана қ.

Заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, қазақ тілінің білім мазмұнын құрудың әдіснамасын дұрыс тандап алу қажеттілігі туындайды. Ол үшін қазіргі заман талабына сай мемлекеттік тілді меңгеруде озық технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның ғылымда, өндірісте, елдің халықаралық байланыстарында қолдану аясының кеңі түсуі тіл үйренушілердің болашағымен де байланысты екендігін көрсетеді. Кәсіптік-техникалық

лицейлер мен ЖОО бітірген жас буын – әрі болашақ маман, әрі ҚР өндірісін ілгері дамытатын кәсіпкер. Оның алдыңғы қатарлы маман болуы өз елінің тілін жоғары деңгейде білуімен де терең сабақтасады.

Тілді болашақ мамандыққа қатысты оқытудың ұтымды жақтары:

– тіл үйренушілер қазақ тілін кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана алады;

– кәсібіне байланысты жинаған сөздік қорды жұмыс орнында пайдаланып, өз мамандығына қатысты ой-пікірлерін нақты, анық жеткізу дағдысы қалыптасады;

– қазақ тілінің танымдық қызметінің маңызы арта түседі;

– қазақ халқының рухани және тарихи-мәдени байлығын тіл арқылы таныту негізінде тіл үйренушілер Қазақстан тарихымен, мәдениетімен, әдебиетімен, халықтың салт-дәстүрімен танысып, білімдерін молайтады;

– күнделікті қызмет бабында ресми-іскери сөйлесуге тән тұлғаларды меңгеріп, мамандыққа қатысты ісқағаздарды жазуды үйренеді;

– болашақ маманның тұлға ретінде қалыптасуына, өсуіне және дамуына, өз мамандығын саналы сезінуіне мүмкіндік туады.

Осы тұрғыдан мамандыққа сай қазақ тілін сапалы оқыту – қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақ тілін қазіргі заманға сай оқытудың басты ерекшеліктерін анықтауда, тиімді әдістемесін ұсынуда әдіскер-ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ф.Ш. Оразбаеваның бүгінгі күнде үлкен бір ғылыми-әдістемелік мектебі қалыптасқан. Ғалым теориялық және әдістемелік тұрғыдан тілдік қатынастың негізін қалаған еңбегінде сөйлесім әрекетінің түрлерін – оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім деп бөліп қарастырады. Солардың әрқайсысына байланысты Ф.Ш. Оразбаеваның ғылыми жетекшілігімен қорғалған кандидаттық диссертацияларды атап өтетін болсақ, С. Нұрғали айтылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесін (2003), Г.Т. Бейсенбекова оқылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесін (2001), Б.А. Ахметбекова мамандыққа қатысты сөздік жұмыстарының әдістемесін (2000), А.М. Мұратбекова қазақ тілінің кәсіби бағытталған лексикасын жазылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесін (2003), Ә.Ә. Уабиева қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесін (2003) арнайы зерттеді. Сонымен қатар ғалымның шәкірттері тіл үйретудің т.б. өзекті мәселелерін, атап айтсақ, А.С. Досмурзаева тірек сызбалар арқылы (2002), сондай-ақ тілді қазақ мектептерінде оқыту мәселелерін де Н.Х.

Шадиева қазақ мектептерінің 5-сыныбында лексиканы деңгейлік тапсырмалар арқылы (2002), А.К. Жанабиллова тіл дамыту жұмыстарының инновациялық технологиясын (6-7-сыныптарға арналған) шығармашылық тапсырмалар арқылы, Ш.К. Құрманбаева қазақ тілін мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (2009), С.Т. Садықова қазақ тілін дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы арқылы оқыту мәселелерін қарастырылған. Түрлі тақырыпқа бағытталған пікірлесім арқылы сөйлесуді меңгертуде қолданылатын ұтымды әдіс-тәсілдерді анықтады, пікірлесімге қатысты қазақша сөйлеу тіліне үйретуде төмендегідей

3 кезенді қамту ұсынылады:

1. оқу процесіндегі пікірлесім;

2. шығармашылық пікірлесім;

3. шығармашылыққа бағытталған пікірлесім құрастыру [1,135].

Жұмыс барысында сөйлесімді басқа ұлт өкілдеріне пікірлесім арқылы үйретуде тілдік жағдайы тәжірибеде қолданылып, оның ұтымдылығы ғылыми негізде дәлелденді және пікірлесімнің жаттығулары екі үлкен топқа жіктеліп қарастырылды. Олар:

1. дайындық жаттығулар;

2. қатысымдық жаттығулар [1,12].

Сабақ барысында қойылатын талаптар:

– тұрмыста, өндірісте, әлеуметтік ортада қазақша тілдік қатынасты игеру;

– қазақ тілінде мәдени-ресми, кәсіби қатынасқа дайындық;

– өзі туралы сұрақтарға жауап бере білу, осы тақырып төңірегінде ойын айта білу дағдыларын меңгерту;

– кәсіби бағыттағы қарым-қатынастық мәтіндерді аудармасыз түсінуге ұмтылу;

– оқушылардың сөздік қорын молайтуда аударма, түсіндірме және кәсіби сөздіктерді пайдалана білу;

– қазақша ойлауға, қазақша сөйлеу әуезділігіне жету, үлгісіз, жетексіз өз бетінше сөйлеуге, жазуға дағдылану, игеру [2,77].

Оқушылардың мемлекеттік тілді тиімді игеруінің басты факторы – оқу бағдарламалары мен оқулық, оқу-әдістемелік материалдарды модульдік оқу жүйесі модульдік жүйеге негізделген электрондық оқулықтар оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуі тиімді. Тілдік жағдай жүйесін үнемі күнделікті жағдаймен байланыстырып отыру керек. мазмұндық және тақырыптық тартымдылығымен ерекшеленуі керек;

1. тіл үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне ынталандырылуы;

2. қатысымдық (коммуникативтік) қасиеті басым болуы керек;

3. мәтіндер оқушының қажеттілік сезімін туғызып, білім беруде оқушының сенімін күшейтетін болуы қажет [4, 204].

Сабақ барысында бала біліміне сай мәтіндегі хабарды тыңдалым арқылы түсіну дәрежесіне қарай берілетін төмендегі тапсырма түрлерін нақтылап көрсетеді:

1. мәтіннің мазмұнын түсінуге арналған тапсырмалар;

2. мәтіннен алынған ақпаратты шығармашылық ізденістер мен толықтыруға арналған тапсырмалар;

3. мәтіндегі хабарларды адамдармен қарым-қатынасқа, сөйлесуге қолдана білуге арналған тапсырмалар [5, 104].

Қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан үйретуде сөйлесім әрекеті мен оның түрлерін меңгертудің маңыздылығы ғылыми жұмыстардың зерттеу нысаны бола бастады. Тәжірибе жұмысында сөйлесім әрекетінің бір түрі – жазылым әрекетінің анықтамасын, ерекшеліктерін және түрлерін анықтай отырып, жазылым әрекетін өзге ұлт оқушыларына меңгертудің тиімді жолдарын көрсеттік. Зерттеу жұмысында жазылым әрекеті бірнеше түрге бөлініп қарастырылды. Мәселен, жазылу үлгісіне қарай жазылымның мынадай түрлері берілді:

– дыбыстық жазылым;

– көшіру жазылымы;

– жатқа жазу жазылымы;

– көркемдік жазылым;

– танымдық жазылым [6, 15].

Тілді заманға сай үйретуге арналған әдістемелік оқулықтар мен оқу құралдары жарық көре бастады. Бұл оқулықтар оқушылардың мемлекеттік тілді, жазбаша тілді, ресми-іскерлік тілін жеткілікті түрде меңгеруіне ықпал етуде. Осыған орай, сөздік қорды көбейту мақсатында мәтін бойынша жұмыс сөздікпен толықтырылып отырады. Мәтінмен жұмыс істеуде сөз мағынасын түсіндіру, нақтылау, оны оқушылардың тіліне енгізу белгілі бір тақырып төңірегінде берілген. Мәтінмен жұмыс жүргізу нәтижесінде тіл үйренушілердің сөздік қоры байып, сөйлеу мүмкіндіктері дами түседі. Түрлі тақырыптарға арналған мәтіндер грамматикалық, лексикалық, коммуникативтік тапсырмалар жүйесінен құралған. Оқушылардың білімін қорытындылау мақсатымен сабақ соңында сөзжұмбақ, пікірталас сұрақтары оларды толғандыратын мәселелер

төңірегінде құрастырылған. Сондай-ақ ертегілер елінен, көркем шығармалар әлемінен алуы тіл үйренушілердің қызығушылығын арттырып, тіл үйренуге ынтасын күшейтетін көп мағлұмат береді. Тіл үйренушінің сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда оқу құралындағы сөздік-минимумның көмегі тиетіні сөзсіз.

Қазақ тілін оқытуға байланысты оқытудың қалыптасуына әсер ететін еңбектердің бірі – К. Сариева, Ф. Оразбаева, Г. Ауқашева, Г. Алдамбергенованың авторлығымен жазылған, орыс тілінде оқитын кәсіптік-техникалық мектептер мен лицейлерге арналған “Қазақ тілі” оқулығы. Оқу құралында оқушылардың сөйлеу тілін қалыптастыруға бағытталған лексикалық материалдары, білім берумен қатар танымдық, тәрбиелік сипатымен ерекшеленеді.

Әрбір сабақта мәтін, мәтінге қатысты сөздер, грамматикалық тұлғаларға түсініктеме, ойтүрткі сұрақтар, лексикалық түсініктеме, мәтінге дейінгі, мәтіннен кейінгі тапсырмалар, диалог, мәтінге қатысты түсініктерді тексеруге арналған сұрақтар, мәтіндегі грамматикалық тұлғаларды табу жұмыстары, лексика-грамматикалық тест, тапсырмалар, сөзжұмбақтар, афоризм, нақыл сөздер, салыстыру тапсырмалары, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар жүйелі түрде “қарапайымнан күрделіге” ұстанымы негізінде құрастырылған. Оқулықпен жұмыс істеу барысында тиімді нәтижеге жету үшін автордың әдістемелік нұсқауларды ұсынуы өте орынды.

Қорыта келе, жоғарыда қарастырылған әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде тілді заманға сәйкес оқытуға байланысты құнды ой-пікірлер кездесетінін байқауға болады. Бұл талданған еңбектердегі айтылған тұжырымдардың, әсіресе қазақ тілін заманға сай оқытудың өзіндік ерекшеліктері, заңдылықтары, оны меңгертудің әдіс-тәсілдерінің кәсіби қатынаста атқаратын маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мешимбаева Б. Гуманитарлық бөлім студенттерін қазақша пікірлесім (диалог) арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі: Пед.ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1999. –163 б.

2. Алдамбергенова Г.Т. Кәсіптік мектептердің орыс бөлімі оқушыларының қазақша сөйлеу тілін құрылысшы мамандығына сәйкес мәтіндер арқылы дамыту: Пед.ғыл.канд. ... дисс. – Алматы, 2002. -161 б.

3. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі: Пед. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 2001. – 301 б.

4. Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: Пед.ғыл.док. ... дисс. – Алматы, 2002. -327б.

5. Жорақпаева М.Д. Ет-сүт биотехнология бөлім студенттеріне қазақ тілін тыңдалым әрекеті арқылы оқыту әдістемесі: Пед.ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2002. -156б.

6. Абдразахова Ф.Ж. Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі (жоғары оқу орындарының филология факультетіне арналған): пед.ғыл.канд. авторефераты, Алматы, 2003, 29 б.

7. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі, Алматы, 2000. – 208 б.

8. Уабиева Ә. Ә. Кәсіптік лицейдің 10-11-сынып оқушыларына қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесі (орыс бөлімінің мамандығына арналған): пед.ғыл.канд. авторефераты, Алматы, 2003, 28 б.

9. Нұрғали С. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі үстеулерін айтылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесі (заң факультеті орыс бөлімінің жалғастырушы топтар үшін): пед.ғыл.канд. авторефераты, Алматы, 2003, 27 б.

- 2 Садохин А.П. Основы теории межкультурной коммуникации. – М.: Юнита-Пресс, 2004. – 240 с.
- 3 Моррис Ч.У. Основания теории знаков // Семиотика. Сборник переводов. Под ред. Ю. С. Степанова. – М.: Радуга, 1982. – 190 с.
- 4 Потебня А. А. Мысль и язык. – Киев: СИНТО, 1993. – 192 с.
- 5 Воробьев В.В. Лингвокультурология: Теория и методы. – М.: РУПН, 1997. – 331 б.
- 6 Ақбердиева Б.К. Лексико-фразеологиялық мифтік-танымдық құрылымдар (қазақ тілі материалы бойынша). – Алматы, 2000. – 195 б.
- 7 Керимбаева С.Е. Ономастическая экспликация мифологической модели мира в казахском языке. Автореф...дисс... канд.филол.наук. – Алматы, 2004. – 27 с.
- 8 Сепир Б.Г. Избранные работы по языкознанию и культурологии. – М.: Прогресс, Универс, 1993. – 250 с.

МӘШҮР ЖҮСІПТІҢ ӘДЕБИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БАРАТОВА М. Н.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БАЙРОН М.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – заманынан озып туған дара тұлға, көрнекті ақын, фольклортанушы, тарихшы, философ, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жалықпай жинап, олардың бәрін ұрпақтан-ұрпаққа шашпай-төкпей жеткізуші, ағарту саласының белді өкілі, соңынан сан-салалы қазыналы мол мұра қалдырған. Алаштың біртуар перзенті. Мәшһүр Жүсіп – өз қазақ халқының әдебиеті, тілі, фольклоры, тарихы мен мәдениетін, ұлттық рухани құндылықтарын, этнографиясы мен поэзиясын мейлінше жетік білген. Араб, парсы, шағатай, орыс т.б. тілдерін жетік меңгерген. Өзінің саналы ғұмырын Мәшһүр Жүсіп ағарту саласына арнап, әділдікті, адамгершілікті, парасат пен пайымды насихаттап, дәріптеп өтіп, тер төгіп еңбектену нәтижесінде өз заманының озық үлгідегі мол рухани қазынасын қалдырды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері ардақты, әрі қастерлі тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірі мен шығармашылығы төңірегінде көптеген ғылыми зерттеулер (докторлық, кандидаттық, магистрлік диссертациялар т.с.с.) жазылу үстінде.

Тарихи тұлғаның мол мұрасы әлі де тың зерттеулерді, ғылыми тұрғыдағы жаңаша ізденістерді, жүйелі сараптамалар мен әдеби-тарихи дәлелдемелерді қажет етіп отыр. Бәрінде де осы бағытта, яғни «Мәшһүртану» саласында еліміздің бірқатар ғалымдары тыңғылықты зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Уақыт өткен сайын «Мәшһүртану» бағытына тыңнан қосылып жатқан жас ғалымдардың қатары да артып отыр. Мұның бәрі қасиетті Мәшһүр Жүсіптің соңында қалдырған мұраларының молдылығымен, мазмұнымен, өзінен бұрынғы, өзі өмір кешкен және болашақтағы дәуірді ерекше тұрғыда сипаттауымен ерекшеленіп түсіндіріледі.

Еліміз тәуелсіздігін қолға алып, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп жатқан кейінгі тұста қазақтың көптеген зиялыларының аруақтары есімдері артында қалдырған мол мұралары ұрпақтарымен қайта қауышып, жаңғыра түсті. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көптомдығы (20 том) мен «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» атты тұлғалық экспедициясы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғалымдарының көмегімен жарыққа шықты.

Мәшһүртануда не биікке жеткенімізді өскелең ғылым биігімен сараптасақ, әрине, игергенімізден қол жеткізе алмағанымыз анағұрлым қордалы екенін дәйектер едік.

Кешегі әміршілдік жүйе үстемдігі дәуірінде өткен ғасырлардағы әдеби мұраны тек таптық тұрғыдан сараптаумен шектелу нәтижесінде, оның көп қыр-сыры нағыз ғылыми тұрғыда ашылмай келгені мәлім. Тәуелсіздік алғалы өнердегі, оның ішіндегі көркем әдебиеттегі «ақтаңдақтарды» ашуда елеулі нәтижелерге қол жеткізілді деуге негіз толық. Әйтсе де көне жазбалардың бір орталыққа жинақталып бітпеуі, жиналған үлгілердің де кезінде дұрыс бақылауда болмағандықтан, «қолды болуы» немесе оның танылуының кешендеуі т.с.с. өткен әдеби мұраны зерттеу ісін біршама тоқыратып келгені белгілі. Міне, осы орайда артына өте мол мұра қалдырған қазақтың белгілі ақыны, фольклортанушысы, тарихшысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының поэзиялық шығармаларының, жиналған халық ауыз әдебиеті үлгілерінің, тарихи жәдігерлерінің т.б. жиырма томдығы жарық көруі, Мәшһүр Жүсіптің басқа мұралары тәрізді өлеңдерінің, фольклор үлгілерінің т.б. ашылмаған қыр-сырын кеңірек сараптау тұлғалық

энциклопедия көлемінде зерттеуге жол ашқаны анық. Рас, Мәшһүр Жүсіп шығармашылығына арналған біраз диссертациялардың қорғалуы, біраз кітаптардың шығуы қазақ әдебиеттану, тілтану, фольклортану, тарихтану ғылымының басқа салалар тәрізді бұл арнада да ілгері басу жүргенін ескерген жөн.

Дегенмен қазіргі қазақ әдебиеттану, фольклортану, тарихтану т.с.с. ғылымдарының алдында өткен ғасырлардағы әдеби мұраны жинақтап, қажет ғылыми түсініктемелермен жариялаумен қатар, оны әлем жұртшылығына таныту міндеті тұрғанын зерделесек, әдебиет қорындағы асыл қазынаның бірі- Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын арнайы сараптау міндеті тұрғаны анық. Міне, осы талаптар биігімен таразылағанда, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті ғалымдары дайындаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 20 томдығы мен тұлғалық энциклопедиясы, жалпы қазақ мәдениеті мен ғылымының дамуына зор үлес әкелетіні сөзсіз.

Көптомдықтың алғашқы 4 томы ақынның бұрынғы таңдамалысына [1] еңбеген тың материалдар: ишарат өлеңдері, рауаяттары, аңыз өлеңдері, өзі туралы айтқандары, сапар өлеңдері, насихат үлгілері, тікелей сын өрнектері, тұлғалар жырлары, жоқтаулары, хат өлеңдері, айтыс нақыштары, еркін өлеңдері, аңыз дастандары, тұспал өлеңдері, арнау, сырласу, нақыл өлеңдері, жетпіс бап өлеңдер топтамасы, деректі дастандары, аңыз хикаяттары, мысал өлеңдері т.с.с. топтастырылып берілді. Әрбір томның соңында 60-70 бетті қамтитын ғылыми түсініктемелері де бар. Онда кітапқа енген әрбір мәтіннің қағазға түсу паспорты: қашан, қайда жазылғаны, қай қолжазбаларда сақталғаны, қандай көшірмелері бар екендігі т.б. – бәрі де текстологиялық сараптаулардан өтіп, өзара салыстырылып берілген. Сондай-ақ ақын туындылары түркі әдебиетінде діни тақырыптағы әдебиеттің негізін салушы Қожа Ахмет Иассауи (XII ғ.), әлем халықтары мойындаған Жүсіп Баласағұни (XI ғ.) т.с.с. шығармаларымен үндестік, сарындастықта салыстырылып талданады. Тіпті, еңбектегі шығарманың қандай жағдайда туғаны хақындағы деректер де келтіріледі.

Мәселен, Мәшһүр Жүсіптің «Бір үйге» өлеңі идеясын толық түсіну үшін, оны ақынның діни тақырыпқа арналған барлық өлеңдері, дастандары мен байланыстыра қарастыру керек. Сонда бұл туындыдағы идеяның оқшау қалмайтынына, жалпы Мәшһүр Жүсіп дүниетанымының, айтпақ ойларының бір бөлшегі екеніне көз жеткіземіз. Мәселен, сол ғажайып үйдегі оқу мәнісін («Оқу бар ол әйнекке жазған хаттан») түсіну үшін Алла сөзінің Құранда араб тілінде, араб әрпімен, өзіндік белгілермен қағазға түскеніне ден

қойған жөн. Ұлы ақын Абайдың да алғашқы туындысы: «Әлифби» өлеңі» болуы тегін емес [2, 3-8 б.] .

Абайда: «(фи-файдаң тие ме деп, жаза салды, ... Каф-камил (толық) ақылының асыл, затым, //... Нон-Нала қып, қайғынмен күйіндірдің көп»,- делінсе, Мәшһүр Жүсіпте: «Бір нон түр қосылуға көфке құмар, // Болған соң күн фи кун болар тұмар»,- болып берілген.

Ал, тіршілік бастауы болған от, жарық т.б. мәнісін түсіну үшін бұдан төрт-бес мың жыл бұрын тарала бастаған көне Үнді, Қытай мифологиясын, сонымен бірге Инжіл (Библия), Құранда айтылған жәйіттерге иек артқан белгілі .

Сонда Мәшһүр Жүсіп өлеңінде бейнеленген от, жарықтың тіршілік, ақиқатты түсінуге бастайтын нышан екендігін зерделенген.

Жолмұрат жазбасының соңындағы: «Соқыр мен саңырауға айттым не, айтпадым не?!» – деген түйін де ақиқаттанудың қиындығына назар аударудан туғандығын танимыз .

Расында, осы өлеңінде Мәшһүр Жүсіп: «Соқырлық көрінгенді орға жығар», – десе, ол көрмеушілік тән зағиптығы емес, жан соқырлығы, ақиқатты тану күрделілігіне ден қою екендігі түсінікті. Осы орайда «соқыр» ұғымын анықтарлық ұғымдардың 647 жылы қағазға түскен Құран Кәрімде бірнеше қайталанып берілуі [Құран Кәрім, Медине, 1991 ж.] тегін еместігін атап айтқымыз келеді:

1 «Олар (пайғамбарларды жалғандау, өлтірулері себепті Ж.М.Р. т.б.) бір сұмдық болмайды деп ойлады да, соқыр, саңырау болып алды» (120-бет).

2 «Рас, тозақ үшін де көптеген жын, адамдар жараттық. Олардың жүректері бар, алайда олар онымен түсінбейді. Көздері бар, онымен көрмейді. Және де олардың құлақтары бар, ол арқылы естімейді. Олар хайуан тәрізді, тіпті одан ары адасуда» (174 б.)

3 (Аллаға сенбегендер туралы айта келіп)

4 «Негізінен көздері соқыр емес. Бірақ көкіректеріндегі жүректері соқыр» (337 б.).

5 «Соқыр мен көруші тең емес» (Кәпір мен мұсылман, надан мен ғалым. Ж.М.) (19). Қараңғылық пен жарық тең емес. (Шындық пен өтірік Б.) (20) (437 б.)

Соқыр мен көруші тең емес. Сондай-ақ иман келтіріп, ізгі іс істегендер мен жамандық істеушілер де тең емес» (437-бет).

Құранда қайталанып берілген осы идея – ақиқатты тану, көру қиындығы алғашқы қазақ газеті «Дала уалаятының газеті» беттерінде 1891-1902 жылдары аралығында жарияланған материалдарда біраз орын алған. Мәселен, 1894 жылы басылған: «Ертедегі – данышпан Керім

турасынан», – «Жуковскийден», – деп берілген әңгімеде күншығыстағы бір патшаның: «Жер үстінде шеккен ғұмырымызды һәм дүниені не нәрсемен тенестіруге болады?» – деген сауалына жауап іздеп сапар шеккен Керім түрлі адамдардан қилы байламдар естиді. Соның ішінде қайыршының ұйғарымына да Керім келіспейді. Ал, біз қайыршы сөзі мен Мәшһүр Жүсіптің 1907 жылғы «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз» кітабындағы соқыр, саңырау, жалаңаш туралы айтылған хикаят идеясы арасындағы төркіндестікті көреміз.

Газеттегі қайыршы әңгімесін келтірейік: «Бір мылқау соқырға айтыпты: «Егер де сен ойыншы, домбырашы адамды көрсен, маған жібер. Қапа болған менің баламды, ойнап, көңілін көтерсін»,-дейді. Бұған соқыр айтыпты: «Мен мұнда ондай ойыншы адамды көрген едім. Оның артынан өзімнің аяқсыз баламды жіберейін. Ол қазір тауып келер»,-депті. Аяқсыз жүгіріп, кешікпестен ойыншы адамды тауып келіпті. Бұл ойыншы қолсыз екен. Сонда да тоқталмастан өзінің шексіз домбырасымен соншалық артықша жақсы ойнайды. Қапа болып жатқан адам шек-шілесі қатқанша күліпті. Сонда соқыр көріп, қолын шапалақтапты. Мылқау тұрып ойыншы адамды сөйлеп мақтай бастапты. Аяқсыз билей бастапты. Мұның секіріп билегенін көріп, халықтар жиылыпты. Халықтың ортасынан бір ақымақ жүгіріп шыға келіп, ойыншыға, билеушіге һәм ғайры өзгелеріне: «Бәрекелді, жарайды, рақмет», – депті. Бұлардың жанынан ақырын бір данышпан адам өтіп бара жатып, не болғанын көріп, өзіне-өзі сыбырлап айтыпты: «Міне, осындай күлкі, ақылсыз фәни дүние, һәм біздің ғұмырымыз дүниеде мұндай болып өтеді», – депті [3] .

Ал, Мәшһүр Жүсіп хикаятына келсек, онда жолдас болып келе жатқан соқырдың өзі көруге тиісті еместі көрдім деп, саңыраудың естімегенді естідім деп, ал жалаңаштың тонайтұғын түгі жоқ болса да, тоналудан қорқып,- бәрі әбiгерге түскенi баяндалады. «Дала уалаятының газетi» ертегiсiнде соқыр, мылқау тәрiздi т.б. өнiмсiз әрекет етушiлердiң бос мекнатын жалпы әжуалау орын алса, Мәшһүр Жүсіпте көрмегенді көрдім, естімегенді естідім, бардан емес, жоқтан айрыламын деудің орынсыз екенін жинақтап көрсетумен бірге, соның қазақ арасында кең тарағанына үңілту бар.

Міне, осындай ақын қиындықтарына қатысты ғылыми түсініктердің бірге берілуі – бәрі де Шығыс және қазақ әдебиетіне, отандық руханияттың көрнекті өкілі Мәшһүр Жүсіп шығармашылығына ислам дінінің қалай, һәм қаншалықты ықпал жасағанын қарастыру үшін баға жетпес қазына көзі болып табылары сөзсіз. Мәшһүр Жүсіп шығармашылығындағы ислам ықпалы мен шығыстың әдеби

дәстүрдің сыр-сипатын сараптау, өлең дастандары сюжетінің бастау көздерін ашу шығыстық әдеби дәстүрдің қазақ әдебиетіндегі, оның ішінде Мәшһүр Жүсіп шығармашылығындағы көркемдік құралдар сипатын таразылау, ақынның өзіндік ізденісін, шығыс әдебиетіндегі бай дәстүрге қосқан үлесін анықтау, шығыстық дәстүр мен ұлттық өрнек арақатынасындағы өзара ықпал мен тамырластықты межелеу т.с.с.- бәрі де осы ғылыми түсініктемелерде орын алған. Сонымен қатар бұл томдарда Мәшһүр Жүсіп шығармаларының көшірмелері ретінде әулеттік мұрағаттағы сақталған баласы Мұхаммедәмен (1888-1921), Мұхаммедфазыл (1890-1969), кезінде ақынның ат айдаушысы болған Иманғали Маненов (1903-1993) және де әрі шәкірті, әрі жиені Жүсіпұлы Жолмұрат т.б. көшірмелері пайдаланылды. Шығарма ішінде орын алған араб-парсы сөздеріне де түсініктер берілді. Түсініктемелердің басты-басты өзгешеліктерін ғана сөз еттік. Ал, әрбір көшірмеде қосылған жеке сөздер мен тұтас сөйлемдер, сөз қосымшаларындағы, тыныс белгілеріндегі жөндеулерді келтіргенде, олардың анағұрлым көп екеніне назар аударумен ғана шектеліп отырдық.

Ал, көптомдықтың 5,6,7, 11 томдарына келсек, мұнда Мәшһүр Жүсіптің қағазға түсіруімен қазіргі ұрпаққа жеткен қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілері топтастырылды. Атап айтқанда, тұрмыс – салт жырлары, аңыздар, ертегілер, эпостық жырлар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, шешендік өлеңдер, хандар, билер, батырлар сөздері, айтыс үлгілері, халық өлеңдері, бата үлгілері, авторы беймәлім өлең-дастандар, күлдіргі сөздер, түрлі әңгімелер, XVII ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармалары т.с.с. Еңбек қазақ фольклорын, тарихын, этнографиясын, психологиясын, педагогикасын, т.б. зерттеуші ғалымдарға бағалы материал көзі болмақ.

В. В. Радлов, Г. Н. Потанин т.б. тәрізді фольклорист-ғалымдар фольклорлық үлгіні жинағанда, жанрдың көнелілігіне баса назар аударып, көмекшілеріне, көбінесе сол жиғанын көп тапсырғаны байқалады. Онысы дұрыс та, әдетте бір ел өкілі екінші бір халықтың тарихын, әдет-ғұрпын т.б. белгісі келсе, ең алдымен оның фольклорына, яғни әсіресе көне жанр түрі- аңыздарына зейін салатыны мәлім. Сол арқылы бүкіл халықтың түсінігін, арман-ойын, салт-ғұрпын, мәдениетін түсінеді. Мәшһүр Жүсіп болса, халыққа сол кезенді «не керек» дегендерді ара-жігін ашпай жинай берген. Яғни елінің тарихын, әдет-ғұрпын, халықтың мінез ерекшеліктерін, тұрмыс-салтын т.б. жақтарын көрсету- міне, осының бәрі қажет боларын сезініп, неғұрлым ауқымды жұмыстар атқарған [4].

Ел арасынан ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алғанда, жеткізушінің аты-жөнін, нұсқаның қай жерде, тіпті қай мезгілде хатқа түскенін т.б. қамтитын жалпы жинаушының таныстыруды Мәшһүр Жүсіптің орындағаны белгілі. Әйткенмен Мәшһүр Жүсіптің өзіндік жинаушылық ерекшелігі де бар. Мәселен, ол кісі қолжазбаларының кей жерлерінде фольклорлық шығарманы айтушының есімін кейде не сөз арасы, не текстің ішінде кірістіріп жазып кетуді машық еткен. Ондағы себебі фольклорлық үлгіні жеткізушінің есімі ел жадында ұмытылмай, жазылған мәтінмен бірге айтылып жүрсін деген ойдан туындаған тәрізді. Міне, бұлардың бәрі де аталған томдарда орын алған [5].

Ақынның 8,9,10 томдарында XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басына дейін ұмытылмай жеткен ел арасындағы, Ташкент, Бұхара, Самарқанд т.с.с. кітапханаларындағы көне кітап, қолжазбалардағы тарихи құнды деректер жинақталып берілген. Осы орайда шет елдегі тарихи құжаттарда өз кезегіндегі түрлі саясатқа сай қазақ тарихын бұрмалау орын алуы мүмкіндігін дәйектесек, Мәшһүр Жүсіптің белгілі бір тарихи оқиғалардың ішінде болғандардан мәліметтерді жазып алуы тарихи шындыққа жақындата түсері анық. Қолжазбалар мазмұнына шолу жасасак, Мәшһүр Жүсіптің әр кітабында жазылған мәтіндер (хандар, батырлар, билер, қажылар, тарихи тұлғалар т.б.) бірде әдеби нұсқа, бірде тарихи мәлімет көзі деп қарауымызға болады. Оның ішінде ақынның өз сөзі қайсы, қолданған мысалы қайсы екенін ажырату да қиынға түседі [6].

Мәшһүртанудағы тұлғатану, деректану мәселелерін қарастырғанда деректі аудару, жариялау, сараптау жағына баса назар аударуымызға тура келеді. Хадимшеден аударудың өз киындықтары бар. Мәтіндер қайта-қайта екінші, үшінші рет тәржімалау барысында оқылады, аударылды деген кейбір сөздер, атаулар мағынасы, негізінен, дауысты дыбыстардың не болмауынан, не толық ажыратылмауынан мағынасы өзгеріп жатады. Дауыссыз «м, х, ш, д» топтамасын «Мұхаммед», «Махмуд», «Махмед» деп те әртүрлі оқуға болады. Сол себепті мәтін берілгенде көлбеу жақша ішінде сөз аудармасының екінші, үшінші нұсқалары беріліп отырылды. Оқылмаған (немесе аударуға келмейтін) нұсқаларына көп нүкте қойылды. Ал, тік жақша арқылы мәтінде жазылмаған сөздер, түсіп қалып, жазылмай қалды деген сөздер, біз ұсынған мәтін тақырыптары, мәтіндердің есептік реті, белгілі бір тұлғаға берілген тарихи анықтамалар т.т. берілді. Бұл томдарда Мәшһүр Жүсіп мәтіндері қысқартылмай, қолжазбадағы жазылу реті

бойынша толық түрінде берілген. Кейбір көлемді мәтіндер өз ішінен 9, 11 шағын мәтіндерге жіктеледі. Негізінен, еңбекте «Қазақ түбі» деп аталатын шежірелер топтамасы, Нұх, Наурыз тарихы, Сахбалар тарихы, Шыңғыс хан, Үш Жәнібек, Ер Едіге, қазақ хандары, Есім хан, қазақ атауы, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз рулары, Абылай хан, Кенесары, Наурызбай, батырлар, билер тарихы, қазақ шежірелері т.с.с. топтастырылған.

Мәшһүр Жүсіп шежіресі деген ұғымның мағынасы зор. Қолжазбалардағы материалдар мазмұнына қарап, ғалымның тарих, мәдениет, әдебиет, фольклор т.б. мәтіндері бір-бірінен бөлінбей тұтас ұсынылды, ру-тайпаның құрамына байланысты генеалогиялық тараулары енгізілді. Сол себепті қолжазбадағы мәтін тұтастығы (немесе шежірешінің айтпақ ой-пікірінің тұтастығын) сақтау мақсатында шежіре мәтіндерінде орын алған фольклор, әдебиет үлгілері, фөлсафалық-діни ойлары т.с.с. қолжазбадағы жазылу реті бойынша аралас беріліп отырылды. Бұл орайда Мәшһүр Жүсіп жазбасындағы кейбір мәтіндерді тарихқа да, әдебиетке де, тіпті фольклорға да жатқызуға болатынын ескерген жөн. Мұндай жүйелеу ретімен «Мес» жинағындағы қазақ шежіресінің алты бірдей нұсқасы бөлініп көрсетілді. Бұлар өз ішінен Арғын, Найман, Қыпшақ, Керей, Уақ т.с.с. ұрпағын баяндайтын бірнеше тармақтарға жіктеле түседі. Әр кезде, әр адамдардың түрліше айтуына орай кез келген шежіреші шатастыратын сәттер біраз болғандықтан, шежіренің жариялануында бірқатар ерекшеліктер орын алды. Ең алдымен, қолжазбадағы шежіре мәтіндері сол жазылған реті бойынша келтірілді. Әрине мұндай жағдайда мәтін тұтастығы сақталғанмен, ру-тайпалық жүйе ретімен шежіре тарату үнемі жүзеге аса бермейді. Мәшһүр Жүсіп Арғын руларын өңгімелей отырып, арасында Найман, не Алшын шежіресін де келтіріп отырады. Тіпті Арғын ішіндегі Сүйіндік тарауларын баяндау барысында Айдабол, Күлік, Орманшы, Қаржас т.с.с. аталары аралас өрілетін тұстары да аз емес. Еңбекте тайпа, ру, ата, әулет тарату тізбектері өзара байланыста алма-кезек орын алғанын ескере отырып, әрбір шежіре мәтінін жеке-жеке бөліп көрсетуді жөн санадық. Ал, ру аттарын шатастырып алмау үшін мәтін басында (мазмұны да солай) тік жақша ішінде алдымен тайпа атын (Қыпшақ, Керей көбінесе Арғын), одан кейін ру атын (Сүйіндік, Қаркесек, Қуандық), соңынан ел атауын Айдабол, Күлік, Тұлпар, Қаржас беріліп отырылды. Кімдерден кімдер таратылатындығы осылай ескерілгеннен кейін, Мәшһүр Жүсіптің шежіре сөздері сол қағазға түскен қалпында ұсынылды.

Сонымен қатар шежіре сөздерін аудару, жариялау, сараптау барысында байқалған текстология мәселелерін тік жақша арқылы келтірдік. Яғни кітаптағы мәтіндер арасында кездескен тік жақша ішіндегі сандардың әрқайсысы белгілі бір жазбаның сол тұсында әдеби (фольклор) үлгісі орын алғанын, не оның жарияланып-жарияланбағанын, не болмаса Мәшһүр Жүсіптің белгілі бір ескертулерін (көбінесе қолжазба бетінің шетінде не көлденең, не тігінен жазылған сөздер) берілгенін білдіреді.

Мәшһүр Жүсіп мағлұматы ара-тұра қолда бар кейбір шежіре кітап мәліметтерімен сәйкес келе бермейді, тіпті, кісі есімдері де әр нұсқада әртүрлі айтыла береді. Бұл өзгешеліктер де басқа шежіре кітаптарымен салыстырыла отырылып, сандық түсініктер арқылы көрсетіліп отырылды.

Ал, Мәшһүр Жүсіптің 12, 13 томдарында әдебиет, тарих, фольклор, медицина, психология, педагогика т.б. ғылымдарының басқа да түрлі салалары туралы айтқандары т.б. тікелей өз жазбалары бойынша қамтылды. Мұндағы еңбек тақырыптары, сала, жанр т.б. бойынша жіктеліп берілген жоқ, керісінше, қолжазбаның түптелу, сақталу реті бойынша бірінен соң бірін қалдырмай ұсыну жүзеге асты [7].

Қорыта келгенде, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 20 томдығында бұрын басылған таңдамалысына (Алматы, Ғылым, 1990, 1992 ж.) еңбеген тың материалдар: ақынның өлеңдері, рауаяттары, дастандары топтастырылған. Еуропалық ақындарға қарағанда, Шығыс шайырларының бір таразымен, қатардағы адамның көру, есту, сезу т.б. мүмкіндіктерімен шектелмей, көп өлшемге иек артатынын т.б. ескерсек, кітап әлем әдебиетін өзіндік суреттеу амал-тәсілдерімен толықтыруымен ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы. Екі томдық. 1-2 томдар. – Алматы: Ғылым, 1990-1992.

2 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. – Павлодар: ЭКО, 2003. – 436 б.

3 Дала уалаяты газеті. – Алматы: Ғылым. 1989. – Б. 530-531.

4 Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – фольклорист. – Павлодар – Улаанбаатар, 2011. – 195 б.

5 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. – Павлодар, 2007. – 381 б.

6 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 8 том. – Павлодар: ЭКО, 2006. – 452 б.; Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары.

9 том. – Павлодар : ЭКО, 2006. – 366 б.; Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 10 том. – Павлодар : ЭКО, 2007. – 445 б.

7 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 12 том. – Павлодар : ЭКО. 2008.–363б.; Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 13 том. – Павлодар : ЭКО, 2008. – 293 б.

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ЯЗЫКОВ В УСЛОВИЯХ ЭТНИЧЕСКОГО ДВУЯЗЫЧИЯ (НА МАТЕРИАЛЕ КАЗАХСКОГО И РУССКОГО ЯЗЫКОВ)

ЗДОР Е. В.

магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

САПАРБЕКОВА Э. Б.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Билингвизм является характерным признаком языковой ситуации на протяжении всей истории развития человечества. Исследователи отмечают распространение билингвизма и мультилингвизма в Европе, Азии, Африке, Америке, Австралии.

Отечественный и мировой опыт многонациональных государств свидетельствует о том, что двуязычие (билингвизм) и многоязычие (полилингвизм) – необходимый и практически единственный путь решения проблемы преодоления языковых барьеров, обеспечения общения между собой всех членов общества, говорящих на разных языках, оптимизации, систематизации сложных межнациональных отношений. Всесторонние политические, экономические, научные, культурные связи между различными народами приводят к формированию и широкому распространению индивидуального и массового двуязычия и многоязычия.

В Казахстане этнолингвистический аспект поликультурности весьма ярко выражен, так как в нашей стране компактно проживают представители многих национальностей. Наряду с государственным казахским языком и русским языком как языком межнационального общения коммуникация осуществляется более чем на 140 языках. В поликультурном этногеографическом пространстве, каким является Казахстан, значительная часть населения является двуязычной. Двуязычие, обогащённое наследием двух культур, создаёт благоприятные условия для овладения иностранным языком.

Как подчеркивает Н. А. Назарбаев: «...Казахстан уникален и силен своей многонациональностью. На его земле сформировалось

уникальное поликультурное пространство... Поликультурность Казахстана – это прогрессивный фактор развития общества. Евразийские корни народов Казахстана позволяют соединить восточные, азиатские, западные, европейские потоки и создать уникальный казахстанский вариант развития поликультурности». [1].

В законе «Об образовании» РК (статья 11) в качестве первоочередной задачи выделяется «создание необходимых условий для получения образования, направленных на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей» [2].

В Послании народу в 2007 году «Новый Казахстан в новом мире» Н. А. Назарбаев отметил, что в целях обеспечения конкурентоспособности страны и ее граждан предложена поэтапная реализация культурного проекта «Триединство языков», согласно которому необходимо развитие трех языков: казахского как государственного языка, русского как языка межнационального общения и английского как языка успешной интеграции в глобальную экономику [3].

В ситуации сосуществования двух и более языков, они оказывают друг на друга влияние. В лингвистике взаимодействие языков понимается как «всевозможные разновидности и проявления взаимовлияние, взаимопроникновение двух и более языков и их диалектов, заимствования каким-нибудь языком различных фактов из других, а также результатов взаимодействия языков в разные периоды» [4]. Одно из проявлений взаимовлияние языков является интерференция. В лингвистике проблема интерференции рассматривается в рамках языковых контактов и под интерференцией понимается «нарушение билингвом (человеком, владеющим двумя языками) норм и правил соотношения двух контактирующих языков» [5].

Нами было проведено исследование разговорной речи казахов-билингвов с целью определения типов взаимодействия языков. Сбор фактического материала осуществлялся путем записи устной речи на электронный (цифровой) носитель.

Одним из наиболее характерных типов взаимодействия казахского и русского языка являются вкрапления русских слов в казахскую речь. Были обнаружены следующие замены русскими словами казахских слов: шесть (алты), и (және), что (не), ну (енді), машина (көлік), еще (тағы да), соломка (ұзынша), помидор (қызанақ), картошка (картоп), или (немесе), вообще (мулдем), характер (мінез), просто (жай ғана), мусор (коқыс), кукуруза (жүгері), зонтик

(қолшатыр), звандау (қоңырау шалу), я (мен), чехол (сыртқап), чем (одан гөрі), хотела (қалау), фамилия (тегі), только (тек), так (сонымен), суббота (сенбі), строгий (қатал), свекла (қызылша), ручка (қалам), розовый (кызғылт), разная (әр түрлі), работать (жұмыс істеу), пять (бес), продукты (азық-түлік), приправа (коспа), постоянно (үнемі/әрдайым), понедельник (дүйсенбі), папа (әке), отдельно (бөлек/жеке-жеке), огурцы (кияр), огород (бақ), нулевой (нөлінші), мама (ана), лучше (жақсырақ), космонавт (ғарышкер), клубника (құлпынай), капуста (орамжапырақ), дома (үйде), грубее (дөрекі), грибы (саңырауқұлақ), велосипед (шайтан арба).

В ходе исследования было выявлено, что наиболее часто в казахской речи используются междометия и союзы на русском языке. К лингвистическим причинам такого замещения, можно отнести возможный дефицит экспрессивных средств казахского языка, или заменой слов казахского языка на слова русского языка, как на более удобный вариант по краткости и образности. Например: Тамақ жеменде емес, тамақты жейтін едім 5 мезгіл аз-аздан и (және) көп кимылдайтын едім. Или (әлде) таппадың ба? Ол оқимын деді ма или (немесе) любой (кез келеген) неге барамын деді ма, ақша керек па сен соны тауып беруге тырысуың керек. Ну (енді), егер Айгул апкем жіберсе. Темекінің құрамына білемін, что (не) никотин бар. Мысал үшін ауылдық жерге аса байқалмайды, но (бірақ) қалада адам өтпелі зебра бар. Ну (бірақ) это (бұл) еще (тағы) и (және) кайдай жұмыс.

Также часто в казахской речи русскими словами заменяются существительные. Например: оған картошка (картоп), суына ет піскеннен кейін. Подливкасын (тұздығын) отдельно (бөлек) сковородкаға май құйын кішкене пиязды қуырып етіп, кішкене морковь (сәбіз), томат (қызанақ). Бізде қарапайым семьяда (отбасында), әйелдер особенно (әсіресе) «ақша жоқ, анаған жетпей жатыр, не істей бересің?» деп балаларды ұрса береміз дейді.

Межъязыковые вкрапления в данном случае имеют аналоги, эквиваленты в казахском языке. Билингв при свободном владении языком может легко заменить межъязыковую вставку соответствующим словом в казахском языке, но использует русские слова, так как считает их более понятными в данной ситуации.

Встречаются случаи, когда русское слово используется, потому что человек не знает соответствующего слова в казахском языке: Сосын мусор (қоқыс) тасындық Мұрат жезде үшеумыз. Сосын ойнадық, шай іштік. Сосын Жасмин келді. Жасмин кетті сосын мусор тасыдық үшеуміз.

Также, рассматривая употребление существительных, можно выделить модифицированную интерференцию. Словообразовательная модификация – образование слов от русских корней при помощи аффиксов казахского языка. Например: Балалардың жейтін тамақтарын духовкада пісіреміз. Огородта өсіп жатыр ма? Аядл бар столға барып же! Ол кезде былай: кімнің машинасы (көлігі) бар болмаса кім мұғалім болып істейді, кім инженер болып істейді соларға қызығып жүруші едім. Сол кетейін деп тұрсын бы не физкультураға (дене шынықтыруға)? Менің де фамилиямды (тегімді) айтқан. Мен магазинге (дүкенге) барамын. Балым садикте (бақшада), Гумидің уйінде ғой.

Также наблюдаются единичные случаи замены прилагательных и местоимений. Например: Оны кішкене свободный (үлкен/ кең) ыдысқа салу керек та. Зимний (қысқы) ойындардан – биатлон, хоккей. Диета строгий (қатал): жирный (майлы) жемейді, жеңіл тамақтар жейді, свежий (балғын) нәрселер жемейді уже. Екінші қызымның мінезі энергичная, веселая.

Причиной переключения с казахского языка на русский является перемена ситуации. При свободном владении языками межъязыковые вкрапления могут указывать на более удобный в этой ситуации вариант.

С одной стороны, такие типы взаимодействия открывают новые возможности коммуникации, однако с другой стороны, могут засорять язык.

Язык – это неосоздаемое культурное наследие каждого народа, которое требует бережного сохранения, развития и совершенствования. Изучение языков – это огромный труд, требующий постоянных усилий. Культурное наследие народов, проживающих на территории Казахстана, к коему относятся и языки, не должно забываться. Как неустанно подчеркивает Президент Н.А. Назарбаев, «... языковую политику надо проводить грамотно и последовательно, не ущемляя ни один язык, на котором разговаривают казахстанцы. ... Нам следует оберегать нашу национальную культуру и традиции во всем их многообразии и величии, собирать по крупицам наше культурное достояние» [6].

ЛИТЕРАТУРА

1 Назарбаев Н.А. Стратегия трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации. – М., 2000.– С.16-18.

2 Закон Республики Казахстан «Об образовании» // Казахстанская правда – 2007.

3 Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 28 февраля 2007 год.

4 Дешериев Ю. Д., Корлэтяну Н. Г., Протченко И. Ф. Основные теоретические и практические вопросы взаимодействия и взаимообогащения языков народов СССР.- В кн.: Взаимодействие и взаимообогащение языков народов СССР. М., 1969, с. 14

5 Алимов, В. В. Теория перевода. Перевод в сфере профессиональной коммуникации [Текст] / В. В. Алимов. – М., 2005.

6 Послание Президента РК народу Казахстана от 14 декабря 2012 года. Стратегия «Казахстан 2050»

С. ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

ЗЕЙНУЛИНА А. Ф.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ұлы Дала тарихында руханияттылықтың көш басында болған ұлы тұлғаларымыз Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев шығармалары арқылы еңген ағартушылық ой-пікірлер ХХ ғасыр әдебиетіне де, бүгінгі біз өмір сүріп отырған ақпараттық технологиялық жаһандану заманында да жетекші идеяға айналғаны тарихта белгілі.

Оқу – білім, мәдениет, тарих тақырыбы дәуір талабына қарай ол әр түрлілігімен дами түсті. Осындай ағартушылық тенденцияны тұжырымдап берік ұстаған жыр сұлтаны – Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Ақын жолы халық мүддесінен – ел қажетінен басталғаны сөзсіз. Ұлттық идеяға тереңдеп баруы да ақынның халықтық мақсаттан қуат алғанын куә етеді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ әдебиетіне жаңа арна, тың серпін әкелген ерекше тұлға. Сұлтанмахмұт Торайғыров ағартушы – демократ, талантты ақын болуымен қатар, ұлт мүддесінің көз қарасы мен дүние танымын терең таныта білген ойшыл. Оның әрбір туындыларында философия, әлеуметтену, дін, этика, эстетика, адамтану мәселелерін қозғайды. Шығармаларындағы ой түйіні - әдебиет пен қоғамдық сананың арасындағы тұтастықты көрсететін үлкен бір әлем.

Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің қысқа ғұмырында халқына мол әдеби мұра қалдырып кетті. Ол әдебиеттің әр түрлі жанрларында өнімді еңбек еткен талантты қаламгер еді. Оның қаламынан жүзден астам өлең, бес-алты поэма, екі роман, он шақты мақала туды.

Сұлтанмахмұт шығармаларының тақырыбы – өз заманының шынайы көріністері, қазақ халқының сол бір аласапыран кездегі тұрмысы, ой-арманы. Ол өмір шындығын Абай үлгісінде бейнеледі. Сыншыл көзбен қарады. Өйткені өмірді жақсарту мен адамды түзеу, ең алдымен, ондағы кемшіліктерді әшкерелеп, сын тұрғысынан бағалап, одан арылудың жолын іздеуден басталады.

Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің сипаты әр алуан. Оларда өмір тауқыметінен шаршаған ақынның қайғы-мұңы да, өкініш-наласы да, халықтың басындағы ауыр халге жүрегі сыздаған аяныш пен жанашырлық сезім де, болашаққа сенген, сол үшін күрескен азаматтық перзенттік патриотизмі де бар. Бірақ ақын өлеңдеріндегі мұң-зар жігерсіз, жасық қайғы емес. Ақын алдағы өміріне зор үмітпен қарайды. Сұлтанмахмұт өз заманының өзекті мәселелеріне арнап бірнеше поэма жазды. Атап айтқанда, “Кедей” поэмасы ғасыр басындағы қазақ кедейлерінің хал-жағдайын, сезім-күйін, ауыр тұрмысын бейнелесе, “Адаққан өмір” поэмасында ақын айналасында болып жатқан оқиғаларға, өмір құбылыстарына өз сезімі арқылы шолу жасайды. Қала ақыны мен дала ақынының айтысы түрінде жазылған “Айтыс” поэмасында қазақ даласындағы өзгерістер, әлеуметтік өмір көріністері суреттелсе, “Таныстыру” поэмасында төңкерістер заманындағы қазақ елін өрге жетелеген қайраткер азаматтар бейнесін сомдауға талпыныс жасалады.

Сұлтанмахмұттың “Қамар сұлу” (1914), “Кім жазықты?” (1915) романдары қазақ әдебиетінің даму тарихынан елеулі орын алады. Көркем прозаның туу, қалыптасу кезеңінің бастауында дүниеге келген бұл романдарда өз заманының ащы шындығы бейнеленеді. Сол дәуірдегі әйелдердің бас бостандығы, қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік мәселелері мен жаңа психология арасындағы тартысты, қоғамдағы адамдардың түсінік-танымындары кереғар құбылыстарды бейнелеу арқылы Сұлтанмахмұт туған халқының болашағы туралы толғанады. Сонымен қатар, Сұлтанмахмұт “Зарландым”, “Ауырмай есімнен жаңылғаным” атты шағын көлемді прозалық шығармалар, “Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан”, “Қазақ ішінде оқу жайы қалай?”, “Өлеңмен жазылмақ драманың материалдары”, “Өлең мен айтушылары”, “Социализм” тәрізді бірқатар мақалалар жазды.

Жалпы Сұлтанмахмұт Торайғыров өмір сүріп қазмет еткен дәуірдің сан алуан күрделі де қиын кезең болғандығын, ондай катал сыннан ілуде біреудің сүрінбей өте алатынын ескергеніміз жөн. Сұлтанмахмұт қазақ елінің ой дүниесінде аз жасап, көп іс тындырған, ресми оқу орындарын бітірмесе де, өз бетімен көп

үйреніп, көп тоқыған замандасының сан қырлы ерекшеліктерін тез түсіне білген, қысқа өмірі ізденумен өткен аса бір жалынды жүрек иесі, жігерлік қайраткер бейнесіндегі жарқын тұлға. Оның есімі ұлы Абай негізін қалаған жаңа саладағы жазба әдеби тілдің жалғастырушысы ретінде орын алады. Себебі, оған ақынның дүниетануы, өмірге көзқарасы, эстетикалық талғамы, шығармалары ғана емес, шұрайлы тілі, сіңірген еңбегі де айқын айғақ.

Әрбір қаламгердің өз шығармашылығын халыққа паш етудегі сүйенері, арқа сүйері – тілі. Ақын лирикасынан өзі өмір сүріп отырған қоршаған ортамен, қоғаммен өз өміріндегі, ел өміріндегі сан – қиылы, елеулі оқиғалармен табысып жатқан оқырманға ой салатын, ойландыратын, үзіп тастауға келмейтін байланысты байқаймыз. Ал Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлеңдерін оқығанда тағы бір байқалатын ерекшелік сөзбен кейде бір кісіні табиғат құбылысы ретінде бейнелейді.

Ақын поэзиясының халыққа белгілі болу хронологиясы зерттеу нышанына қарай әр түрлі болып жүр. Тіпті ақынның көптеген өлеңдері, мақала очерктері әдеби жанр түрлеріне қарай енді сұрыпталып, көркем әдебиет еншісіне дұрыс берілуде. Соның бірі ақынның алғашқы өлең-мақала, очерктері 1912 жылдан бастап «Айқап» журналға жарыққа шығуы. Ал кейбір өлеңдерінің жазылу кезеңдері мен уақыты ауысып кеткен. Мәселен, 1919 жылғы «Кедей», 1919-1920 жылғы «Айтыс» дастандары ақынның тірі кезінде жарық көрмеген. Ақын қайтқаннан кейін, екі жылдан соң, яғни 1922 жылы Қазан баспаханасында кітап шығарумен арнайы айналысқан Қазақстан Халық ағарту комиссариатының уәкілі Бернияз Күлеевтің қатысуымен «Адасқан өмір» дастандар жинағы шығады. Бұл жинаққа араға он бір жыл сала, 1933 жылы ақынның «Толық жинақ» деген атпен өлең, дастандары екінші рет жарық көреді. Аталмыш жинақтардың шығуына ақынның туысы Жүсіпбек Аймауытұлының сіңірген еңбегі орасан. 1920 жылы ақынның қайтар алдында ақын қолынан қолжазбаларын алған осынау абзал жанды ақыл иесі Сұлтанмахмұттың өлеңдерін бір қалыпқа келтіре іріктеп, түсініктеме жазып өзі күйерден аз-ақ бұрын баспаға тапсырып кеткен. Сұлтанмахмұтты зерттеушілер қатарына, ең бірінші Жүсіпбекті Аймауытовты қоюымыз да осыдан болса керек. Жүсіпбектен кейінгі адам, Мұхтар Әуезовтің қолында 40-қа тарта өлеңдері мен екі дастаны болған. Келесі адам Сұлтанмахмұттың немере інісі Шәймардан Торайғыров, бұл кісі ақынның әкесі Шоқпыттың қыстауға тығып кеткен өлеңдерін тауып алып, түсініктеме жазып тапсырған адам.

Сұлтанмахмұттану ғылымында айрықша орын алатын, ақын жырларымен бірге қуанған ғалым ағамыз профессор Бейсенбай Кенжебаев, 1967 жылғы өлеңдер жинағын бастырып шығарып, алғы сөзін жазған әдебиет зерттеушісі Ысқақ Дүйсенбаев, кейінгі уақытта ақын ғұмырнамасының белгілі де белгісіз кезеңдерін профессор Ермек Өтебаев, филология ғылымдарының докторы Арап Еспембетов, тағы басқалары зерттеді. Бұл еңбекте пайдаланылған материалдар ғалым ағаларымыздың зерттеулерінен алынды.

Келесі кезекте ақынның осы уақытқа дейін қолға алынбай келген «Таныстыру», «Айтыс» дастандарына тоқталуды жөн деп таптық. Көреген ақын жерімзге дендеп келе жатқан жаңалыққа қалын бұқараға түсінікті болуы үшін әрі жаңаша, әрі ескіше көзқараспен қарап, баға беруді оқушының еншісіне қалдырады. «Таныстыру» 1917-1918 жылдары Семейде жазылған. Дастан екі адамның – бірі оқымаған қазақ, екіншісі оқыған азаматтың ортасындағы диалогке құрылған. Аумалы - төкпелі заманда алды-артына дұрыс бағдар жасау керектігін, кімнің сөзіне ерсе жерде қалмастығын ойлаған даланың жас баладай аңғырт қара қазағы оқығанға:

Туғандай құдай иіп мұндай заман,
Сұрайтын бір сөзім бар сенен, балам.
Тап біздің осы Семей облысының
Көш басы адмдарын айтшы маған.
Біз – дағы жоспарлайық өзімізше,
Десе де түк білмейтін қазақ надан

– деп өзінің шамасына сай сұрақ қояды. Сұрақтың дәлдігі қара қазақ патша, жапон соғысы, төңкеріс жайында емес «ең бірінші өзінді таны» деген халық нақылын еске ала отырып, қыр адамына сай аузына сөз салынады. Бұл да ақынның кейіпкер аузына өзіне тиесілі сөз салуда көрінетін шеберлігінің бірі.

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі?
Демейді қандай қазақ оның оң көзі?
Талассыз жеке дара тұр ғой өзі.
Заманда басқан аяқ кейін кеткен.
Жасымай алашына қызмет еткен.
Болса да қалың тұман, қаранғы түн,
«Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен»

– деген жауап арқылы оқыған қазақ Әлиханның қазақ үшін қан жылаған азамат екенін тілге тиек етеді. Келесі кезекте оқымаған қазақ өзіне тән зерделікпен Әлихан аталған соң М.Дулатов пен А.Байтұрсыновты қосады. Оларды:

Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білімін бұл үш ердің айтпай жайын,
Кешегі қара түнде болмап па еді, -
Бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – айым?
Солардан басқа кеше кім бар еді,
«Қазақ үшін шам қылған жүрек майын»

– деп суреттеп, өзінің де саясатқа біраз болсын жақындығын аңғартады. Иә, қазақ үшін бірі – күн, бірі- шолпан, бірі – ай болған осынау үш ердің жайын тек кейінгі кезеңде біліп жатқанымыз елімізге ауыр сын, кешірілмес жаза. Бұлар жайлы сөзді:

... Қысқасы «ашаршылықта» берген құйқа».

Көп артық жайшылықтағы қымыз, еттен»

– деп халқымыздың аяулы ұлдарының елі, жері үшін сонау патша заманынан бері алысып келе жатқандығын екі жолға шебер сыйғызады. Келесі кезекте Әлімхан Ермеқұлын, Халел Ғаббасұлын, Нәзипа Құлжанкелінін, Нұрғали Құлжанұлын, тіптен, зар заман ақындары мен Абайды салыстыра отырып жырлап, әрқайсысына жүрек жылуы, көңіл қуанышын бөлісуге тырысады. Шәкәрім қажының ел ортасындағы беделін айта келіп, бойындағы адал, ақ қасиеттерін аша:

«Қазақ» деп жекелеме «адамзат» де

Ол кісінің пікірімен болсаң таныс

жолдары арқылы Шәкәрімді жалғыз қазақ емес бар адамзат үшін еңбек еткен ретінде көрсетеді. Ойымыздың соңын белгілі сұлтанмахмұттанушы ғалым Арап Еспенбетовтың дастан жайында жазғандарынан қорытындылайық: «Ұлтымыздың өңшең зиялы, зерделі перзенттерімен ұшырасуымыз ақын кейіпкерлері, ірі іс-әрекеттің адамы болып көрінуі С.Торайғыровтың суреткерлік мақсат-мүддесі, көздеген мұратынан хабар береді. Біздің ойымызша, қаламгердің басты мақсаты – қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерді дұрыс түсініп, елді тура жолға бастайды-ау деген, қазақтың шыққан қайраткерлер жайында сыр аңғарту, ой салу десек те, С.Торайғыров жалаң мақтап, орынсыз мадақтауға бармаған. Қашан да сыншыл, шыншыл, сыршыл суреткер шындықтың бетіне тура қарап, табиғат сыйлаған тума қасиетімен ақты – ақ, қараны – қара деуден қашпаған».

Поэмадағы Райымжан Мәрсеков бейнесі сөзімізге дәлел.

Айтпақшы, Мәрсекеңнің баласы бар,

Адвокат, қырма сақал Райымжан шал.

Ұмытқан оқуларын былай қойсақ,

Саяз жүрек, ұсақ ой, тынысы тар ...

Ойбай мен ұмытыппын сыншы екен ғой,

Сын дегенде талантты әм бөтен ғой.

«Қуанышты» шаттық деп түзей алар,

Рекеңнің таланты ірі ғой.

Арап Еспенбетов Р. Мәрсековтың қызметі, алатын орны жайында айта келіп: «Таныстыру» - С. Торайғыровтың поэма жанрындағы тұңғыш талпынысы. Ақын уақыт талабына жедел жауап беріп, төңкеріс тұсында толқыған ел көңіліне ұялаған жұмбақ сауалдардың бірін өнер туындысы арқылы пайымдауды міндет еткен. Төңкеріс пен оның мәнін, бағыт-бағдарын ажырата алмай делсал күн кешкен жұртына елдікке бастар азаматтарды жарасымды түр, жайнаған тілмен әдемі таныстырған» деп түйеді.

Кез-келген ақын, жазушының шығармаларынан шығарушының қоғамға, қоршаған ортаға деген көзқарасы аңғарылатыны, өзінің атынан сөйлеп, жүздеген мың адамдардың сол кездегі алатын орны, ойы, мұң-шері айқындалатыны баршамызға мәлім.

Сұлтанмахмұттың пэзиясы саласында шығар биік шынар көзі ақындықтың алапат күшін танытар асқақ та төкпе өлең жолдарынан құйылған – «Айтыс» дастаны. «Айтыс» яғни дала ақыны мен қала ақыны өзгеше бітім тұлғасы мен сыртқы қалып ішкі мазмұнымен сол кезеңде туған шығармалар ішінде мен мұндалап шоктығының биіктігімен ерекше көзге түсетін қастерлі мұрамыз.

Әу деп басталғанда «сен кімсің?» деп сұраған қала ақынына дала ақынының:

Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,

Ұранға «алаш» деген атты аламын.

Сүйгенім – қазақ өмірі, өзім – қазақ,

Мен неге қазақтықтан сақтанамын

– деп жауап беруінен адам көңіліне, өз ұлтына деген сүйінішпен қатар күйініш те енгізетін ойлы жолдар. Қазақ бола тұра, қазақ елін сүйе тұра қазақтықтан сақтану елін қасиет тұтқан азаматтың бетіне салынатын қара салық, кетпес дақ. Кеңес үкіметінің «ел мен ел бірдей» деген жалған идеологиясына малданып жүріп, біз біреуіміз өзімізді қазақпын деп айту тұрсын қазақша сөйлеуге намыстанатын едік. Жиылыста ортаға шығып қазақша сөйлеу тұр ғой, көшеде өз тілімізде жөн сұрасуға ұялғанымыз ащы да болса шындық. Міне, кемеңгер ақын осыдан сан ондаған жыл бұрын немен мақтану, неден сақтану керек екенін тайға таңба басқандай тап басып айтып кеткен. Бүгінгі ХХІ ғасырда бұл мәселенің өзектілігі мен қажеттілігі өз мәнін жоғалтқан жоқ. Екінші қала ақынының сүйсінетін, жүрек сүйіп иетін нең бар деген сұрауына:

Сүйдіріп жүрегімді тартқан менің,
Сарыарқа, Сары дала – туған жерім.
Көк күмбездің астында көкмасаты,
Сәулемен алтындаған сары белім

– деп басталатын жолдардан ақынның туған жеріне деген ыстық махаббаты аңғарылады. Адамның өзін емес суыра жүрегін тартуы, жай аспан емес «көк күмбез аспан», масаты кілемдей шалғынға оранған жер, аңызға сары бел емес сәулеге шағысып көздің жауын алатын сары бел ақынның өлең жазудағы шеберлігінің бір қырын байқатады. Мұндай мысалдары дастан бойынан көптеп келтіруге болады. Бір сүйіп жүрек иетіні туған жердің табиғаты болса, екіншісін дала ақыны:

Ақ орда, ақ бәйбіше, қара саба,
Алдында қымыз толып тұрған шара.
Ертеден кешке дейін мейман күткен,
Алмастан бір тиын да тамашама.
Маңғаз бай дастарханы көпке жеткен,
Келген кісі үйректей жүзіп кеткен...
Қонақ үшін арналып бір жеке ақ үй,
Қара саба тұрады иындаған.

– деп қазақ елінің қонақшыл екендігін білдірсе:

Нашарға көшсе – көлік, конса – тамақ,
Бәріне де жарқын жүз, түзу қабак.
Не берсе нашарлығы үшін берер,
«Қызмет қыл» деп тұрмас тиын санап.
Қыдырса нашарларын қасына алып,
Бір табақтан ас жейді бірге барып.
Жасы үлкенді сыйлайды төрге отырып,
Болса да қандай нашар, қандай көріп.

Осы уақытқа дейін байларды «кедейдің қанын сорғыш, еңбегін жегіш, жатып ішер» деген «дұғамен» сіңген ойымыздың шәт-шәлекейін шығарар қуатты сөздер.

С. Торайғыров – қазақтың өз тұсында өзімен қатар шығып, үзеңгілес, қанаттас болған ақын – жазушыларының бәрінен басы озық, шоқтығы биік ақын. Қазақ әдебиетінің Абайдан кейінгі дәуіріндегі зор тарихи көрінісі, биік бір белесі, қоғамдық құбылысы.

Жазылмаған жырлары, айтылмаған сырлары, асыл-асыл армандары көктеуге үлгермей солып көкірегінде кетті. Аз өмірінде таусылар соқпағын ерте таныған ауыр жаралы жас арыстанша өмірінің ақырғы минутына дейін «кейінгіге бір қолқабыс берем» деп ажалмен арпалыса өмірден өтті.

Алып ақын, жалын ақын Сұлтанмахмұт дүниеден қыршын өткенмен ол өзінің шығармаларын жаңа қауымдас ұрпақтың игілігіне арнады.

Жасамаймын еңбектің
Жемісін көзбен көрсен деп.
Жасаймын бір қолғабыс
Кейінгіге берем деп,

– осылай толғанып, келешекке көз тіккені – ақынның асқан арманының жарқын көрінісі.

Сұлтанмахмұттың күдіретті дарыны туғызған шығармалары бүгінгі ұрпақтың игілігіне асты, жаңа заманның, тәуелсіз еліміздің рухани қазынасына, ой дариясына, өнер әлеміне келіп ұласты.

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығында астарлап сөйлеудің, символдық сипаты, семиотикалық мазмұны бар бейнелердің, типтердің орны өте мол. Ол өз туындыларында өмірдегі нақты оқиғаларды бейнелеуден, солар арқылы, яғни көркем жүйесі астарында үлкен әлеуметтік проблемалар ғана емес, пәлсапалық та мәні бар мәселелер танылады. Оның реализмі бұлтақсыз, жалтақсыз айтылған шындыққа, әлеуметтік тіршіліктің шынайы суреттеріне негізделген. Оның тенденциясы да сыншыл. Сұлтанмахмұт шығармаларын жинау, бастыру, зерттеу ісінің де ұзақ тарихы бар. Ақын шығармашылығының бірімен-бірі тұтасып жатқан екі түрлі негізгі қасиеті бар. Ол – шығармаларының реалистігі мен халықтығы. Жазушы шығармаларының тақырыптары түгелдей шын өмір, қазақ халқының Сұлтанмахмұт тұсындағы тұсындағы өмірі. Сұлтанмахмұт шығармаларының жиіні қазақ халқының Қазан төңкерісінен бұрынғы, революция жылдарындағы қоғам тіршілігінің, дүние, қоғам тануының, әдет-ғұрпы мен мінез-қылығының әрі нағыз шындығы, әрі әділ сыны, халықтың ой арманы тілек-мақсаты. Сұлтанмахмұт революциядан бұрынғы бірсыпыра өлең жырларында қамығып, қайғырады, қайғы-шерді шертеді. Оның аяқ зар, мұң, қайғы, уайым, өкініш, налу болып келеді. Ақын бұлардың бірінде жеке адамның басына түскен қайғы – қасіретті, мұң-шерді айтып, мұңданса, екіншісіне жалпы халықтың, еңбекші бұхараның басындағы ауыртпалықты, аянышты халды айтып зарлайды. Сұлтанмахмұттың тағы басқа бірқатар өлең, поэмаларында халық басындағы ауыртпалықты, жалшы, малшының жоқшылығын, аяныш шеккен, кекті, шерлі адамдардың көзімен бейнелейді. Сұлтанмахмұт шығармаларының негізгі қасиеті – олардың реалистігі мен халықтығы. Ақын қазақ халқының өз тұсындағы өмірін бар шынайылықпен

бейнеледі. Қазақ халқының Октябрь революциясына дейінгі, кейінгі қоғамдық өмірінің көкейтесті көптеген күрделі мәселелерін қозғайды. Соның баршасын халықтық тұрғыдан баяндады. С.Торайғыров қиян-кескі күрес-көтерілістер, сұрапыл соғыстар, ұлы революциялар дәуірінде жасады. Өз заманының азамат та, асқан ойшыл ақыны болды. Өз ұлтының ұлы орыс халқынан үлгі-өнеге алып, ілгері дамуы, саясат, шаруашылықпен, мәдениет жағынан тегіс жетілуі жолында күресті. Бұл жағынан ол ұлы Абайдың жолын дамытушы. С.Торайғыров шығармалары – XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы шындығын, ондағы жаңашыл ой-пікірдің дамуын танытатын үлкен белес жасады.

Қаламгер нақты өмір уақиғаларына сүйенетін тәрізді образдар арқылы үлкен жинақтауларға, реалистік шарттылықтарға барады. Сұлтанмахмұт шығармашылығының көркемдігі мен шеберлігі осында жатса керек.

Жыр сұлтаны Сұлтанмахмұт шығармашылығы – ұлттық өркендеудің сара жолына түскен, қайта туып, түлеген, езгі – қорлық, отаршылық атаулыдан түгел құтылуға күш салған қазақ халқының ұлы насихатшысы.

Қазіргі адамның көңіл – күйі, сезім әлемі, ішкі жан дүниесі қат – қабат, шытырман да күрделі. Жүрек жылуы азайып, алыс – беріс, жүріс – тұрыс есеп – шотқа түскен кездерде қаталдық, немқұрайлылық, тас бауырлық белең алып, рухани ашаршылық бой билеп барады. Осындай сәтте жаныңды жадыратар, ойыңды жинақтатыратын, бойыңа демеу болар жыр сандығын іздейсің. Біздің ойымызша, Абайды оқып – ұлықты, Мағжанды жырлап – сыршып, Сұлтанмахмұтты түсініп – ұлтжанды болуға әбден мүмкіндігіміз бар. Тек ұрпақ уақыт оздырмай, оқып, тоқи білу керек! Сұлтанмахмұттан қалған мұра біздің ұлттық әдебиетіміздің жаңа кезеңінің – XXI ғасырдың басындағы дәуірдің шындығын, қоғамдық ой-пікірдің дамуын түсінуіміз үшін аса маңызды. Ұлы ақындар пікірі қашан да ойды қозғайды, жанға азық береді, пікірге талғам дарытады. Бірақ оны түсіну де оңай бола бермейді. Сол сияқты біз де Сұлтанмахмұт өмір сүрген, ол жырлаған заман шындығын бірден түсіне алмай, көп адастық. Ақынның ортасын, оның неге сол ортамен өкпелескенін, алысқанын жете ұқпадық. Ендігі мәселе – осыларды саралап қарауда, түсінуде. Оған Сұлтанмахмұттың өз шығармалары, әсіресе, олардың осы күнге шейін жарияланбаған бөлігі көмекке келмек. Сұлтанмахмұттан қалған мұра әр салалы. Онда лапылдаған от сезімді лирика да, автордың сыншылдық тенденциясын айқын танытатын қуатты эпикалық туындылар да,

В настоящее время сформирован профессорско-преподавательский состав, работающий по государственной программе форсированного индустриально-инновационного развития и владеющий тремя языками (специальности «Химические технологии органических веществ», «Металлургия», «Машиностроение и стандартизация», «Профессиональное обучение и защита окружающей среды», «Педагогика и психология», «Иностранные языки»).

К учебному процессу активно привлекаются преподаватели языковых кафедр, зарубежные лекторы и преподаватели – носители иностранных языков. Программы обучения языкам, разработанные в соответствии с общеевропейской системой уровня владения иностранным языком, сочетают в себе опыт языковой подготовки вузов США, Англии, Германии, России и др.

Таким образом, полиязычное образование в вузе рассматривается как целостный процесс, включающий:

1) преподавание дисциплин «Казахский / русский язык», «Иностранный язык», «Профессиональный казахский / русский язык», «Профессионально ориентированный иностранный язык» для студентов всех специальностей;

2) проведение учебно-методических семинаров для преподавателей, ведущих занятия на трех языках;

3) внедрение уровневой системы обучения казахскому и иностранным языкам с учетом потребностей ППС, студентов, магистрантов и докторантов;

4) академическую мобильность обучающихся и ППС в образовательных целях;

5) зарубежную стажировку, магистратуру, докторантуру по международным программам «Болашак», «TEMPUS», «Erasmus+»;

6) дополнительное интенсивное обучение языкам с учетом уровня владения через центр полиязычного образования;

7) публикации научных результатов в зарубежных изданиях с ненулевым импакт-фактором.

Как известно, обязательными компонентами трехязычного образования являются казахский, русский, английский языки.

Казахский язык в соответствии со статусом – это государственный язык Республики Казахстан, родной язык природных носителей казахской культуры, второй язык для русскоязычных представителей. Глава государства Н.А. Назарбаев в «Послании народу Казахстана 17 января 2014 года» отметил: «Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік тілді оқытатын 57 орталық жұмыс істейді. Олардан мыңдаған азаматтар қазақ тілін үйреніп шықты, әлі де үйренуде. Былтырғыға қарағанда биыл қазақ тілін білемін деген өзге ұлт өкілдерінің саны 10 пайызға өскен. Бұл да біраз жайттан хабар береді... Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды!» [1].

В настоящее время обучение казахскому языку носит разносторонний характер: реализуется уровневое обучение в соответствии с общеевропейской системой, коммуникативно-ситуативное, профильное обучение, обучение делопроизводству и т.д.

Особого внимания и осмысления требует вопрос о преподавании казахского языка как второго. Так, на первом курсе групп с русским языком обучения всех специальностей внедрено уровневое обучение

– А1-қарапайым деңгей (элементарный уровень), А2-базалық деңгей (базовый уровень), В1-орта деңгей (средний уровень). На втором курсе предусмотрена дисциплина «Кәсіби қазақ тілі», ориентированная на формирование профессиональной языковой компетенции на основе языка специальности.

Следует отметить, что изучение казахского языка как государственного может сопровождаться изучением страноведческого материала, включающего проблематику языковой ситуации и политики в республике, государственного устройства Казахстана, государственных символов, Конституции Республики Казахстан, Закона РК «О языках в Республике Казахстан», «Государственной программы развития и функционирования языков на 2011-2020 гг.» и другой нормативно-правовой документации. При этом актуализируются тексты и слова, отражающие политические, историко-географические, страноведческие реалии и т.п. Для демонстрации этнополитических особенностей особое место может быть отведено изучению безэквивалентной лексики, не имеющей аналогов в других языках.

Еще один аспект, на который стоит обратить внимание, – культурологический, учитывающий специфику культурной жизни казахского народа. Обучающиеся должны не просто овладеть казахским языком, но и осмысливать национальные стереотипы сознания, сложившиеся веками в традиционную казахскую культуру. В данном направлении в качестве обучающего материала уместно использование лексико-фразеологического, паремиологического, литературно-художественного фонда казахской культуры.

Формирование профессионально-компетентных качеств обучающихся предполагает работу над языковым материалом в области отраслевой терминологии. Учеными университета проделана огромная работа по выявлению терминосистем, развитию терминографии. Одним из достижений вуза следует считать создание серии двуязычных русско-казахских словарей терминов по направлениям и специальностям.

Русский язык как второй преподается в группах с государственным языком обучения. Содержанием данной дисциплины предусмотрено изучение особенностей функционирования русского языка в Казахстане, его роли в современном мире, достижения российской науки, техники, литературы и др. Специфичным в обучении русскому языку является последовательная организация учебного материала по ситуативно-тематическому принципу с разделением на модули по речевым темам. К примеру, модуль «Профессия и специальность» включает поэтапную работу над:

- обогащением лексико-фразеологического и грамматического строя речи;
- чтением и конспектированием информации;
- развитием диалогической речи на основе проблемного учебного материала (текстов, коммуникативных задач и др.);
- развитием монологической речи посредством продуцирования развернутых высказываний в рамках заданных тем.

В настоящее время наблюдается тенденция к обучению русскому языку как иностранному студентов, прибывших из Китая, Монголии, Узбекистана, южных регионов Казахстана. В данном случае предполагается коммуникативный подход, при котором основное значение уделяется развитию навыков общения в различных жизненных ситуациях: в университете, в столовой, в аптеке, в библиотеке, в транспорте и т.п.

Активное развитие английского языка в казахстанских вузах связано с процессом глобализации, его влиянием на коммуникацию, расширением международного сотрудничества, интеграцией и другими факторами. Английский язык как компонент полиязычного образования изучается студентами и магистрантами всех специальностей вуза.

В настоящее время ведущим принципом обучения иностранному языку является принцип профессиональной направленности, проявляющийся в учете языка специальности и профиля обучающихся при овладении языком. В частности, на базе центра полиязычного образования университета английский язык изучается не только студентами и магистрантами, но и работниками промышленных предприятий Павлодарской области. Необходимость изучения одного из иностранных языков связана с внедрением инновационных мировых технологий, разработанных в США и других странах дальнего зарубежья. Изучение современных технологий в производстве через английский язык позволит поднять промышленное производство в Павлодарском регионе.

Следует также упомянуть о том, что сегодня знание трех и более языков является одним из главных показателей профессиональной компетентности специалистов разных профилей – представителей науки, образования, экономики, промышленности, социальных сфер, государственной службы. С учетом реалий современности в текущем году увеличены гранты и международные стипендии для поступления в магистратуру по научно-педагогическим, техническим, экономическим и другим специальностям.

Особая роль в развитии трехязычия отводится и школьному образованию. Так, в средних учебных заведениях Павлодарской области созданы экспериментальные площадки, на базе которых введено трехязычное обучение. По данным инновационного центра развития образования и воспитания при управлении образования Павлодарской области, экспериментом охвачено 17 школ области. В их числе:

- 4 сельских школы (СОШ имени А. Құнанбаева, СОШ с гимназическими классами с. Шарбакты, Сосновская СОШ с. Сосновка, Шарбактинского района, СОШ №2 с. Теренколь, Качирского района);

- 9 школ с казахским языком обучения (школа-гимназия № 22 г. Экибастуза, СОШ Зерде г. Экибастуза, СОШ имени А. Құнанбаева с. Шарбакты, Шарбактинского района, областная казахская гимназия-интернат им. Ы. Алтынсарина для одаренных детей г. Павлодара, школа-лицей №10 имени Абая для одаренных детей г. Павлодара, специализированная гимназия для одаренных детей г. Аксу, специализированная школа «Жас дарын» г. Павлодара, ШГ №26 и СОШ №18, г. Экибастуза);

- 8 школ с русским языком обучения (СОШ № 14, СОШ № 42 г. Павлодара, гимназия №3 для одаренных детей г. Павлодара, СОШ с гимназическими классами с. Шарбакты, Сосновская СОШ с. Сосновка Шарбактинского района, СОШ №2 с. Теренколь, Качирского района, ШГ №35 и СОШ №24 г. Экибастуза).

В целом функционирует 43 класса с охватом 918 учащихся, в том числе в школах с казахским языком обучения – 536.

В школах с русским языком обучения наметилась тенденция к обучению отдельных школьных предметов на казахском языке. Так, в средней общеобразовательной школе №42 имени М. Ауэзова г. Павлодара проводится экспериментальное обучение предмету «История Казахстана» на казахском языке.

В казахско-турецком лицее-интернате проводятся уроки на английском языке по математике, физике; в гимназии г. Аксу – по физике и биологии. В областной казахской гимназии-интернате для одаренных детей имени И. Алтынсарина практикуется опыт проведения интегрированных уроков по русскому и английскому языкам, математике, биологии и т.д.

Наряду с имеющимися достижениями наблюдаются проблемы, связанные с нормативно-правовым и методическим обеспечением (стандарты среднего и высшего образования, типовые программы, учебники, учебно-методические пособия, словари и справочники, образовательные программы, повышение квалификации педагогов и др.).

Перед университетом обозначились проблемы проведения научных исследований по трехязычному образованию, подготовке казахскоязычных специалистов по предметам «История Казахстана» и «География», русскоязычных специалистов по предмету «Всемирная история», англоязычных специалистов по предметам естественно-математического цикла – «Информатика», «Физика», «Химия», «Биология».

Таким образом, имеющиеся тенденции полиязычного образования и приоритеты трехязычного образования определяют новые пути и подходы к повышению интеллектуального, культурного и духовного потенциала казахстанцев.

ЛИТЕРАТУРА

1 Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 17 января 2014 г. «Казахстанский путь – 2015: Единая цель, единые интересы, единое будущее».

2 Императивы государственной этнополитики Республики Казахстан. Аналитические материалы и методические рекомендации для государственных органов. / Под общей редакцией Е. Тугжанова. – Астана, 2012. – 515 с.

ПАВЛОДАРЛЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

КАРИПЖАНОВА Г. Т.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

САЛЫҚЖАНОВА Ш. Б.

аға оқытушы, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Тіл білімі тарихын зерттеуші ғалымдардың басшылыққа алатын историзм принципі бойынша, әр дәуірде қалыптасқан, өмір сүрген алуан түрлі тілдік мектептер, концепциялар сол өз дәуірі тұрғысынан бағаланып, олардан бұрын не бар еді, бұлар оған не қосты, кейінгілердің өздерінен бұрынғылардан артықшылығы қандай деген тұрғыда қаралуы керек. Қазіргі заман тіл білімі – дамудың биік шыңына көтеріліп келе жатқан кең салалы, көп тармақты ілім. Оның құрамында әртүрлі лингвистикалық бағыттар, мектептер, зерттеудің әртүрлі әдіс-тәсілдері бар. Оның сипатын, бүгінгі күйін басқаларынан бөлініп алынған жеке бір мектеп, я зерттеудің жеке бір әдіс-тәсілі көрсете алмайды, оған өресі жетпейді. Сол бағыттарды,

мектептерді, әдіс-тәсілдерді бірлікте алып қараған жағдайда ғана тіл білімінің қазіргі күйін, сипатын толық түсінуге болады. Осыған орай, жекелеген ғалымдардың мұрасын оқып-үйрену – ғылым үшін, оның болашағы үшін аса маңызды қажеттілік. Лингвистикалық мұраны зерттеу жалпы тіл білімінде, соның бірі түркі тілдерінде, ғылым туралы ғылым ретінде әбден орныққан, қалыптасқан дәстүр болып табылады. Қазақ тіл білімінде бұл мәселе 1970-ші жылдардан басталады. К.Ш. Хұсайынның «Исследование фонетики и лексики казахского языка в трудах В.В. Радлова» (А., 1971) атты кандидаттық диссертациясында қарастырылып, одан кейін жеке ғалымдардың мұралары монографиялық тұрғыда зерттеле бастады. Бұл қатарда К. Ертаев, Ж. Тектіғұлова, Г. Әмірова, А. Иманғазина, О. Жұбаева, Ғ. Шәріпжанова еңбектерін атауға болады. Осымен байланысты “қазақ тіл білімінің дамуына Н.Оралбаева үлесі қандай болды, ұстанған концепциялары қай мектеп өкілдерінің тұжырымдарымен үндес келеді” деген мәселе төңірегінде ізденгенімізде айтулы ғалымның жалпы тіл білімі, қазақ тіл біліміндегі сөзжасам, морфология салалары бойынша орнықты пікірлері ғылымның қазіргі кездегі қол жеткен биігінен күні бүгінге дейін маңызын жоймағаны байқалды.

Н. Оралбаева жоғары оқу орындарында ұзақ жылдар бойы дәріс берген лингвист-ғалым. Бүгінгі таңда қазақ тілінің сөзжасамы саласы бойынша ғалымның құнды пікірлері мен ғылыми тұжырымдарының қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттарымен, өзекті мәселелерімен сабақтас келетіні ерекше назар аударуды қажет етеді.

Ғалым қазақ тіл біліміне өзіндік ой-пікірімен келіп, ғылымда әбден қалыптасқан, даусыз мәселелерді қайталамай, үнемі мәселе етіп қоятындай тілдік фактілерге ерекше назар аударып отырады. Атап айтатын болсақ, қазақ тіліндегі сөзжасам саласындағы берген тұжырымды ойлары, құнды пікірлері қазақ тіл білімінің нәтижелері негізінде жасалатын қазіргі қазақ тілінің грамматика саласын зерттеуге қосылатын құнды көзқарас деп санаймыз.

Қазақ тілінің фонетика, лексика, морфология салаларының ғылыми тұрғыдан талдануы туралы сөз еткенде, біз ғалымның тың зерттеулеріне соқпай өте алмаймыз. Сөзжасам саласының жеке тіл білімдік тұрғыдан қарастырылуы тек өткен ғасырдың соңынан ғана басталды. Оның негізін танып, теориялық сипатын берген ғалымдар да, олардың жасаған зерттеулері де аз. Қазақ тіл білімінің сөзжасам саласын алғаш ғылыми негіздеген ғалым Н. Оралбайдың аталмыш тақырыптағы зерттеулерін қазақ лингвистика ғылымындағы қомақты еңбегі деп танымыз. Қазақ тілінің құрылымдық жүйесі

өткен ғасырдан танылып, өз өлшем-белгілері, нысаны, бағыты, мақсат-міндеті толық айқындалды. Морфологияның ішкі мазмұнына грамматикалық ұғымды қамтитын мәселелер, қосымша түрлері мен олардың қызметі, сөз таптарының сипаты мен қызметі, категориялық белгілері, синтаксистік қолданысы, т.б. қамтылды. 1989-90 жылға дейін қазіргі кеңінен қарастырылып жүрген сөз тудырушы жұрнақтар, оған қатысты сөз таптарының туындауы туралы мәселелер морфологияның құрамында болды. Н. Оралбайдың жауапты басшылығымен (редакторлығымен) 1989 жылы аталған зерттеушілердің сөзжасамдық мәселе көтерген көлемді зерттеулері «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы» атты монография түрінде жинақталып берілді. Ғылыми еңбек 2 бөлімге арналып жазылды:

1. Сөзжасамның жалпы мәселелері;
2. Сөз таптарының жасамы

Еңбектің бірінші бөлімінде ғалым Н.Оралбай бірінші болып түркі тілдерінің ішінде де, қазақ тіл білімі бойынша да қазақ тілі сөзжасамының теориялық мәселелерін жүйелі түрде, ғылыми тұрғыдан негіздеді. Жалпы бірінші бөлімдегі сөзжасам туралы теориялық мәселелер және етістік сөзжасамы, аналитикалық тәсіл мәселелері осы ғалым тарапынан жазылды. Ол алғаш рет сөзжасамдық түсініктер мен ұғымдардың ғылыми атауларын енгізіп, олардың анықтамалық сипатын берді, сөзжасамдық мәселелерге тұрақты не енгізілетініні, жататыны түсіндірілді. Сонымен бірге ғалым морфология саласында бұрын аталып келген ұғымдарды жаңаша түсінікпен қалыптастырды. «Негіз, туынды, түбірлес сөздер» мәселесі тек сөзжасамдық жақтан ғана жаңа қырынан алына бастады. Сондай-ақ сөзжасамның «Негізділік, себептілік» теориясы жасалды. Ғалым Н. Оралбай алғаш рет осы еңбекте «Сөзжасамдық ұя» құрылымын, оған ентін бірлік-ұғымдарды – «сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық саты, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тарам» - мағынасы мен қызметі жағынан саралап түсіндірді [1].

Профессор Н.Оралбай «Сөзжасамды оқыту бағдарламасын» құрастырды. Осы бағдарлама бойынша және аталған монографияның негізінде Н. Оралбай 2001-2002 жылы «Қазақ тілі сөзжасамы» деген оқулық жазды. Оқулықтың кіріспе бөлімінде ғалым Нұржамал Оралбай: «Сөзжасам бұрын морфология саласының құрамында қаралып, оның мәселелері морфология оқулығында берілгенде, онда сөз таптарының сөзжасамы ғана қамтылды, оның өзі толық қамтылды деу қиын. Өйткені морфология тіл білімі салаларының ішіндегі ең күрделісі, оның өз мәселелерін оқулықта толық, жан-жақты қамту өте

ауыр, оқулық көлемі, ол пәнді оқытуға бөлінетін уақыт бәрі өте күрделі мәселенің аумағына шек қойды», - деп атап өтеді [2]. Сөзжасамдық тәсілдің қазіргі қалыптасқан 3 түрі «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында да беріліп, орныққан заңдылық ретінде танылды [3].

«Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында Н. Оралбаева сөзжасамның барлық теориялық құрамын анықтап, нақты анықтама-ережелер беріп, студенттерге арналған қазақ тілі сөзжасамы туралы тұңғыш рет модульдік жүйе бойынша оқытуды ұсынды.

Ғалым Н. Оралбай қазақ тіліндегі қысқарту мәселесіне осы еңбекте кеңінен тоқталады. Ғалымның тілімен айтсақ, «Қазақ тілінде сөз қысқарту тәсілі Қазан төңкерісіне дейін адам аттарына қатысты қолданылды. Оның өзінде адамға сый-құрмет, үлкейту, кішірейту, еркелету мәнінде қараталып айтылды. Бұл құбылыс қазірде де кездеседі: *Жәке, Сәке, Сызақ, Сәбе, Айнаш, Жаңаш, Қантай*. Мұнда сөздердің белгілі тобы қысқаратыны, қысқаратын сөздің алғашқы буыны сақталатыны және оларға белгілі морфемалардың қосылатыны сияқты белгілі заңдылық бар. Қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі бойынша бала, жастар атын қысқартып еркелету мәнін қосумен бірге үлкен адамдар атын қысқартып, оған сый-құрмет мәнін қосу қалыптасқан» [3].

Н.Оралбайдың пікірінше, қазақ тілінде кісі атын қысқартып қолдану - тілдегі қалыптасқан заңдылық. Тілдің сөзжасам жүйесі тілдің жалпы даму заңдылығына бағынады. Тіл бірден өзгеріп, жаңа сапаға көшетін құбылыс емес, ол үнемі даму үстінде қызмет етеді. Тілдің заңдылығы екшеліп, нығайып, барған сайын орнығып, даму үстінде қалыптасады. Бұл тілдің сөзжасам жүйесіне де тікелей қатысты. Сондықтан сөзжасам тәсілдері мен көрсеткіштері көне заманнан белгілі бір жүйеге түсе бастаған деп айтылады.

Ғалымның сөзжасамның ғылыми негізін жасауға себеп болған үлкен бір зерттеуі сан есім сөз табының туындылық сипатын қарастырумен байланысты. Н. Оралбайдың 1988 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасамы» атты монографиясы шықты. Ғалым сан есімдердің өзіндік сөзжасамдық жүйесі бар сөз табы екенін айта отырып, ертеде қалыптасқанын дәлелдейді. Өйткені зерттеушінің көрсетуінде «сан есімнің сөзжасам жүйесінің өзіндік сөзжасам белгілері, модельдері, типтері бар». Ғалымның тағы бір келтіретін дерегі – «сандық атаулардың негізгі жасалу жолы аналитикалық тәсілмен байланысты болғандықтан, бұл тәсіл арқылы сан есімдердің жасалуының өзіндік жолы, тіркесу реті, модельдері бар» екені. Сан атаулары тек аналитикалық тәсіл нәтижесінен қалыптасады. «Сондықтан сан есім сөзжасамының аналитикалық түрінде сөзжасамға

қатынастын компоненттердің орын тәртібінің маңызы өте зор. Мысалы; он бір, он бес,отыз алты, елу сегіз, тоқсан тоғыз т. б. Осы сандық ұғымды білдіру үшін компоненттердің осы орны сақталу керек. Олардың орнын өзгертуге болмайды. Мысалға жоғарыдағы сандардың компоненттерінің орнын өзгертіп бір он, бес он, алты отыз, сегіз елу, тоғыз тоқсан түрінде алсақ, жоғарыдағы мағына сақталған жоқ, мүлдем басқа мағына туды. Бұдан сан есімнің аналитикалық тәсіл арқылы жасалымында компоненттердің орын тәртібі өте тұрақты, оның ерекше мәні бар»[4] - деп дәлел айтады. Ғалым көмекші сөздер мәселесін қозғау арқылы оның кей бірліктерінің сөзжасамдық негіздегі қатысын жазды. Қазақ тіл білімінде көмекші сөздердің үш түрі көрсетіледі: көмекші есімдер, көмекші етістіктер, шылаулар. Профессор Н.Оралбай бұларға күшейткіш көмекшілерді – *өте, ең, тым, аса, ең, т.б.; күшейткіш буынды қып-(қызыл), жасп-(жасыл), қап-(қара), ап-(ақ)*, т.б. – қосу арқылы қосарлану арқылы жасалатын тұлғалар туралы мәселені көтерді.. Зерттеуші күшейткіш көмекшілер сыңар жасағанның өзінде де күшейткіш үстеу ғана лексикалық мағыналы сөз деп аталып келгенін, ал күшейткіш буынды сөз грамматикалық категорияның тұлғасындағы сөз екендігі ескерілмейтінін, лексикалық мағыналы қос сөздер тобында қаралып жүргенін ерекшеледі. Н. Оралбайқызы шырай жұрнақтарын - *-ғылт, -шіл, -шілтім*, т.б. – сөзжасамдық жұрнақ деп дәлелдеп, шырай көрсеткішінен шығарды. Ғалымның сөзжасам мәселесіне қатысты жазған көптеген теориялық түсініктемелері, ғылыми тұжырымдамалары кейінгі зерттеулерге негіздеме болды.

Қазақ тіліндегі барлық сөздер атауыш сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер, болып үшке бөлінеді. Атауыш сөздер, өздеріне тән дербес мағыналары болғандықтан, коммуникацияға негіз болып, контекстен тыс та контексте де қажетіне қарай қолданыла береді, олар сөйлемде грамматиканың заңы бойынша түрленіп те, түрленбей де жұмсалып, өз алдына мүше бола алады, ол сөздердің қалыптасқан белгілі тәсілдері бойынша жаңа сөздер тудыруға болады. Сонда атауыш сөздер – өздеріне тән лексикалық та, грамматикалық та мағыналары бар және ретіне қарай, үстеріне әр қилы қосымша рендер жамап алып, өзін сөздермен әр алуан қарым-қатынасқа түсе алатын дербес, мағыналы сөздер. Қазақ тілінде көмекші морфемаларға қосымшалардан басқа көмекші сөздер де жатады, олар тілдің грамматикалық құрылысынан көлемді орын алады және өздеріне тән ерекшеліктері бар. Ғалым Н.Оралбайдың айтуынша көмекші сөйлемде де бес сөзге мағына қосу үшін қолданылады,бірақ оның дыбыстық құрамына енбей де тобымен тіркесіп қана қолданылады. Олар сөз

тіркесінің жеке сыңары бола алмайды, дербес сөздің құрамындағы қосымшалар сияқты ғана сөз тіркесінің құрамына кіреді. Дербес сөз бен көмекшінің тіркесі сөз тіркесінің бір сыңары ғана болады. Көмекшілерде лексикалық мағына жоқ, бұл олардың бәріне ортақ, бүкіл көмекші атаулының қайсысы болсын нақтылы лексикалық мағына бермейді. Көмекшілерде лексикалық мағына болмайтыны олардың грамматикалық дамудан өткенін көрсетеді. Грамматикалану арқылы олар лексикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық көрсеткішке айналған [1]. Міне, ғалымның тұжырымдарынан көмекші сөздердің негізгі ерекшеліктері анық байқалады.

Н. Оралбайдың 1989 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында «Қостілділік : ізденістер мен іркілістер» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Бұл мақалада орыс-қазақ қостілділігінің шығу жолдары, қазақтардың екі тілді еркін меңгеру ерекшелігі нақты сөз болады. Сондай-ақ Қазақстандағы халықтардың тіл меңгеру тәжірибелері нақты статистикалық зерттеулерге сүйене отырып беріледі. Мұнда біртілділік, қостілділік, үштілділік, төрттілділік ұғымдары сипатталып, осындай құбылыстардың әлеуметтік лингвистикалық сипаттамасы көрсетілген. Қостілді, үштілді және төрттілді ұлт өкілдерін нақты мысалдармен дәлелдеп береді. Н. Оралбайдың аталмыш мәселеге қатысты пікіріне назар аударайық: «Қостілділік - ұлтаралық қарым-қатынастарда қолданылатын күшті құрал: әртүрлі ұлт өкілдерінің ортақ істе, бір аумақта бірге тұруының көпқырлы өзара байланысын жүзеге асырады. Қостілділік - көпұлтты тұрғындардың қарым-қатынасындағы өндірістік әрі тұрмыстық қажеттіліктен туындайды. Ол әр түрлі ұлт адамдарының өзара қарым-қатынасының күшеюі барысында ерекше мәнге ие болып, этникалық процестердің дамуының маңызды шарты әрі факторы және этностардың өзара тарихи қарым-қатынастарының нәтижесінде қалыптасады» [5], – деп, аталмыш мәселенің бүгінгі таңдағы өзектілігін айғақтайды.

Баянауыл өңірінің тумасы ғалым Б.Қасымның «Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негізі» атты докторлық диссертациясында туынды лексикалық бірліктердің уәждеме және уәжділік мәселелері арнайы сөз болады. Тіл білімінде метафора мәселесі де Б. Қасым т.б. зерттеу еңбектерінен орын алады. Когнитивтік феномен ретінде танылған метафораның аталымжасаудағы маңызына Б.Қасым өз еңбегінде ерекше тоқталады. Соңғы уақыттарда бұл тақырып когнитивистикамен айналысушы ғалымдардың терең қызығушылығын тудырады. Тілдік бірліктердің жасалуындағы адам танымы, дүниені қабылдауы, оны

тілде бейнелеуінде метафора маңызды қызмет атқарады. Метафора ұғымдарды қалыптастырады және дайын таңбалар арқылы оларды атайды. Бұл тілдік құбылыстың аталымжасаудағы маңыздылығы жөніндегі ғалымның соны пікірлерінің орны айырықша.

Күрделі сөздердің жасалуындағы метафора құбылысының маңызын Б. Қасым: “Метафора - тілде әмбебап құбылыс. Оның әмбебаптығы тілдің құрылымында және қызметінде көрінеді. Ол тілдің түрлі аспектісі мен қолданыстық қызметін қамтиды. Тілдегі сөзжасам мен аталымды метафора тұрғысынан зерделеу тілде кенжелеу, назардан тыс қалып келеді. Метафораны зерттеушілер көбінесе бейнелеу, көркемдеу құралы, тәсілі ретінде қарастырады” – деп атап көрсетеді [6, 255]. Метафораның аталым қажеттілігін өтеудегі белсенділігі тілдік жүйеде байқалады. Б.Қасым еңбегінде заттың күрделі атауларында да бұл құбылыстың айқын қатысы дәлелденген. “Тілдік метафоралар – туынды сөздерде метафоралық қасиеттер күңгірттеніп, соның нәтижесінде жаңа лексемалардың пайда болуы. Метафора аталым тұрғысынан бейнелілік қасиетінен өтіп, тек ұғымға атау беру қызметіне көшеді” – деген ғалым пікірі жаңажасалымдардың туындауындағы метафораның қызметінің маңызын көрсетеді [6, 255]. Қазақ лексикасының дамуындағы метафораның маңызы көпмағыналылықты тудырудан да байқалады. Тілдегі қолданыста бар тілдік таңбалардың мағыналық өрісін пайдалана отырып жаңа ұғымға атау беру метафора арқылы жүзеге асады. Ол туралы Б. Қасым: “Сөз мағыналары семантикатанымның белгілі заңдылықтары бойынша қалыптасады. Оның бастылары: ұқсату заңы (метафоралану): түр, түс, пішін, көлем, ішкі-сыртқы белгілері, мекен орны түрлі ерекшеліктері, қасиеттері, қолданысы, қолданыстық қызмет саны бөлшектің бүтінге айналу заңы мағыналардың кеңеюі мен тарауы деген секілді заңдылықтардың негізінде жүзеге асатындығы тіл ғылымында барлық құбылыстар,” – дейді [6, 261]. Осы пікірден де метафораның тілдік құбылыс ретінде қызмет аясының кеңдігін байқаймыз.

Уәждеме тілдік бірліктердің жасалуын түсіндіруші тілдік құбылыс болып табылады. Қазақ тіліндегі осы мәселені алғаш көтерген ғалымдардың бірі - Б. Қасым. Ғалым: “Аталым теориясына қатысы бар уәжтанымның өз нысаны, әдісі, мақсаты мен міндеті айқын. Сондықтан, аталым мен уәжділік теориясы бір-бірімен тығыз байланысты сала” [7, 147], - дей келе бірліктердің жасалуындағы ұқсастық, бейнелілік оның уәждемесіне енетін қасиеттері жайлы, метафоралы ойлау арқылы атауға негіз болар уәждемелік белгілер таңдалынатындығы жөнінде тұжырымдар жасады. Жаңа атаудың жасалуындағы шынайы болмыс

нысандары туралы білім қорының тілдік деректерге айналуы жөнінде Б. Қасым: “Зат пен құбылысқа ат қоюда өмір шындығы, болмыс - тіл деректеріне, атауға айналады. Күрделі жасалымда жаңа мағына мен жаңа мазмұн пайда болған уақытта сол кезеңде барып жаңа сөз қалыптасады”- деген ой түйіндеуін жасайды [6, 83].

Тәуелсіздік алған уақыттан бері ұлттық құндылықтарымызға қайта үніліп, тіліміздің өзіндік болмысын тарихи тұрғыдан тану, қазақ тілінің зерттелу тарихына шолу жасау, қазақ тілінің әр саласы бойынша ғылыми зерттеулердің бүгінгі таңдағы қазақ тіл білімі мәселелерімен сабақтастығын анықтау міндеті бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл орайда тіл білімінің прагмалингвистика саласын зерттеуге өзіндік үлес қосқан ғалымдарымыздың бірі – З.Темірғазинаның ғылыми мұрасы ерекше орын алады. З.Темірғазинаның прагмалингвистика саласында жасаған ғылыми тұжырымдары қазақ тіл білімінің прагмалингвистикалық мәселелерін тануда да маңызды.

Қазіргі таңда тілші ғалымдар мәдениаралық коммуникациямен тығыз байланысты этникааралық коммуникация теориясын жан-жақты қарастыруда. Мәдениаралық коммуникация тіл білімінде маңызды болып табылса, этникааралық коммуникация да адамзат баласының бір-бірімен қарым-қатынас жасауының бірден-бір негізі. Мысалы, ғалым Г.С. Сүйінова этникааралық коммуникацияның негізгі теориясын жазып, мәдениаралық коммуникация мен этникааралық коммуникацияның айырмашылығын саралап, анықтап береді:

«Межэтническая коммуникация рассматривается нами с позиций ее онтологии и научной значимости. В первом случае сопоставление с внешне сходным явлением межкультурной коммуникации выявляет ряд дифференциальных признаков межэтнической коммуникации, которую мы вслед за З.К. Темиргазинной определили как вид межэтнического общения, осуществляемый представителям разных этносов в рамках одного социума. Сравнение межэтнической и межкультурной коммуникации позволило нам вычлнить три крупные группы дифференциальных признаков межэтнической коммуникации: *социальные, лингвокоммуникативные и социально-коммуникативные признаки*» [8]. Сонымен, этникааралық коммуникация мен мәдениаралық коммуникацияны салыстыру барысында үш негізгі белгі бар. Ғалым ол белгілерді әлеуметтік, лингвокоммуникативтік, әлеуметтік-коммуникативтік белгілер деп бөліп көрсеткен.

Г.Сүйінова: «Обоснование научной самостоятельности межэтнической речевой коммуникации требует привлечения

соответствующего понятийно-терминологического аппарата. На сегодня существует целый ряд лингвистических дисциплин, с разной степенью глубины разрабатывающих проблемы общения вообще и межэтнического общения - в частности. Как объект научного исследования, межэтническая коммуникация представляет значительный интерес для этнолингвистики, этнопсихологии, теории межкультурной коммуникации, теории речевых актов, прагматической лингвистики и т.д. Для научного описания межэтнической коммуникации может быть использован соответствующий теоретический инструментарий этих интегральных лингвистических дисциплин, с наполнением его специфического для межэтнической коммуникации содержанием.

Развивая мысль о динамическом характере культуры и языка, следует указать, что полиэтничность общества не допускает их изолированного развития в силу взаимосвязанности данных социальных феноменов»[8, 153],- деп этникааралық коммуникацияның түсінікті терминологиялық аппараттың болуын талап ететіндігі жөнінде тұжырымдайды.

Қазақ тілін зерттеудің жанашылдық бағытына үлкен мән беріліп отырған тұста, ХХ ғасырда қазақ тілін зерттеуге үлес қосып, құнды еңбектер жазған ғалымдарымыздың ғылыми еңбектері арнайы зерттеуді қажет етеді. Жекелеген ғалымдардың ғылыми мұрасын зерттеу қазақ тілінің әр саласы тануға мүмкіндік беріп, ғалымдардың өз тараптарынан қандай тұжырымдар қосқанын, ол тұжырымдардың кейінгі ғылымда қалай сабақтастық тапқанын байыптауға мүмкіндік береді. Сол арқылы қазақ тілі ғылымының қалыптасу, өзгеру, жаңару үдерісі танылады, қазақ тілін зерттеудің даму деңгейі, ондағы түрлі бағыттар айқындалады. Қорыта келгенде, ғалымдарымыздың лингвистикалық мұрасы - өзіндік пікірлерінің дәйектілігімен, тарихилығымен құнды және жан-жақты насихаттауға, қазіргі қазақ тілін зерттеуде тиімді пайдалануға болатын құнды қазына.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2001. – 213 б.
- 2 Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2002. – 324 б.
- 3 Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. А., 2007. – 162 б.
- 4 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасамы. Алматы: Ғылым. 1988. – 150 б.
- 5 Оралбай Н. «Қостілділік : ізденістер мен іркілістер»// «Қазақ тілі мен әдебиеті». 1993 ж. – Б. 24 – 28.

6 Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері. Фил. ғыл. док.... дис.: Алматы, 2002, 313 б.

7 Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. Алматы, 2001, 205 б.

8 Суюнова Г.С. Теоретические основы межэтнической коммуникации. Павлодар, 2007, с 153-156

МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ» КОНЦЕПТІСІ

КАРИПЖАНОВА Г. Т.
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
АБИКЕНОВА Г. Т.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Ұлттық мінез-құлықтың қасиеттері фразеологизмдер, көркем-әдебиетте бейнеленген қылықтар арқылы көрсетіледі. Халық өз тіліндегі байырғыдан келе жатқан тұрақты тіркестер аз сөздің аясына халықтың дүниетанымын, наным-сенімін, мінез-құлық туралы қалыптасқан көзқарастарын сыйдырып, ерекше өрнектей білген. Олар мінез-құлық концептінің ментальды-мәдениетті мазмұнын бейнелі түрде сипаттап, концептіні сырттандыру тәсілі ретінде қолданған.

Мінез-құлық концепті халықтық білімнің жиынтығы болып табылады. Ол жағымды немесе жағымсыз мінез-құлықтар туралы түсінік беріп, әлеуметтік жағдаяттарда жағымды мінезді көрсетуге, жағымсыз мінез, қылықтардан қашуға бағыттаған. Мінез-құлықтың негізінде өмір сүру нормалары, моральдық-этикалық критерийлер жатыр, осындай нормалар әр қоғамда сұрыпталып, шыңдалып, қоғамның өмір салтын қапысыз реттеп отыруға қызмет еткен. Кейіннен «туыстық қарым-қатынастар нормасы таза моральды-этикалық категория шеңберінен шығып, қоғамдық өмірді реттейтін заң, кодекс деңгейіне көтерілген.

Ұлттық мінез-құлықты сипаттау үшін ситуативтік аспектілік, параметрикалық модельдерді қолдану керек. Ситуативтік модель арқылы халықтың коммуникативтік мінезін стандарттық коммуникативтік жағдаяттарда көрсетуге болады, мәселен, сәлемдесу, кешірім сұрау, қауышу, т.б. Аспектілік модель мінез-құлықты белгілеген шеңберде сипаттауды қажет етеді, мысалы, фразеологизм, мақал-мәтелдер арқылы. Ал параметрикалық модель арқылы халықтың коммуникативтік мінезін зерттеуші белгілеген факторлар, белгілер, параметрлер негізінде қарастыра алады.

Параметрикалық модель халықтың коммуникативтік мінезін жалпы түрде сипаттағанды қалайды. Біздің ойымызша, халықтың мінез-құлқын салыстырмалы ұстанымдық модель арқылы қарастыру қажет, өйткені бұл жағдаяттың бір жағынан ситуацияда көрсетілетін мінез-құлық жүзеге асырылса, екінші жағынан ділімділік параметрлерге сәйкес халықтың стереотиптік мінез-құлықтары сипатталынады. Әр жағдаятта көрініс беретін халықтар ұстанымдарына сәйкес мінез-құлықтық қасиеттерді салыстырмалы түрде талдау нәтижесінде ұлттардың мінезінің өзгешелігі анықталады.

Өшпейді өсіп зорайған өтірік, ұрлық!

Қалған жоқ әлімжеттік, әлі озбырлық!

Өткіздік өмір жасты жылауменен,

Жалғаннан таяқ жеу мен көріп қорлық [1,96 б.].

Қазақ халқының бойындағы жаман, кертартпа қасиеттерді сынай келе, ақын өтірік, ұрлық, озбырлық, әлімжеттік сынды қасиеттер қазақ халқының болмысына айналған деген ой түйеді. Өздері қорлықпен (Ресей отаршылығында) күн кешіп жүріп, бір-біріне қастасып, алаауыз болып, ит тіршіктерін тастамайды деп қынжылады.

Құдайға жыламадым ерте тұрып,

Қақпалап, мініп лағын, мойына ұрып.

Пайдасыз лагу сөзбен күн өткіздік,

Беталды үрген иттей түзді қорып [1,127 б.].

Елінің қу сөзді қуып, өсек-өтірікті өршітіп өткізген өмірін, «түзді қорып үрген иттің» пайдасыз әрекеттеріне теңей отырып, ащы шындықты ашып айтады.

Біле-көре білместің қылдық ісін,

Қайта-қайта айтамыз оның несін?!

Бір оңай сөз айтуға тауып алдық:

«Құдай өзі әйтеуір құлым десін!» [1,130 б.]

Ақын қазақтың дінді ұстаудағы тұрақсыздығына, таяздығына баға бере келіп, «Құдай өзі әйтеуір құлым десін» деген сөз арқылы өз заманындағы қазақтың дінге деген көзқарасын дәл береді.

Аяқты біз басармыз қалай аңдап?

Дал болдық әр нәрсеге арсалаңдап.

Әр қоянды бір құған тазы оңбайды,

Япырм-ау, ұстайық та бірін таңдап! [1,136 б.]

Бұл үзіндіде ақын «арсалаңдап» деген бір сөз арқылы қазақ халқының сан қырын, ұлттық мінезін дәл бағамдайды. «Арсалаңдап» сөзі тамақ сұрап, иесіне жағымпазданған иттің әрекетін суреттегенде қолданылады. М.Ж. Көпейұлы қазақтың етер

кәсібін, барар бағытын айқы, болашағын айкындай алмай, мөре-сәре болған күйін беру үшін «арсалаңдап» сөзін ұтымды пайдаланады. Ойды бекіте түсу үшін, «әр қоянды бір қуған тазы оңбайды» дей келе, бұл әрекетті қойып, өнер, білім игеруге шақырады.

*Өнері біздің жұрттың – қатын баққан,
Адам деп айтса – дағы оған жаққан.
Айтқанын қатындардың бұлжытпайды,
Мінез бар бұл қазақта бір жың таққан* [1,136 б.].

Қоғамдағы ерлердің рөлі төмендеп, «қазақ азаматы» концептісінің мәнсізденуін көрсетеді. «Қатын баққан» «от басы, ошақ қасы» әңгімесінен асып кете алмай, ұсақталған қазақ жігіттерінің бейнесін ашады. Әйелінің «айтқанын істеп, айдағанына көнген» ерлерден елдік, ерлікті күту қиын. Бұл да қазақ мінезінің бір қырына айналып келе жатқан бір кесел деп ақын қынжылады. «Қазақ әйелі» концептісінің когнитивтік құрылымында жасанды сипаттардың пайда болуы:

*Ұялмай отырады тілін безеп,
Әдептен сөйлемейді тілін тежеп.
Бүйтіп өткен өмірде не қызық бар
Ұрғашы, еркек жұмысын бір өзі істеп?!* [1,155 б.]

*Қор болдың, есіл қазақ, надан қалып,
Білгеннің, іс қылмайсың, тілін алып.
Көп несібесі болмаса жыылған мал,
Қай бай кетті бар малын жинап алып?!* [1,12 б.]

Ақын қазақ байларының ағайынына қарайласпас қайырымсыздығын айта келе, «Бай кедейге ауыссын, қарассын», бұл Алланың бұйрығы деген сөздер айтады. «Не көрсеннен де ниетіңнен, пейіліңнен» деген сөз арқылы ақын қазақ бойына дарыған көреалмаушылық, іштарлық, сараңдық, қайырымсыздық қасиеттерден сақтандырғысы келеді:

*Осы күнде дағдарып, бұл жұрт сасқан,
Кез болып бір пейілге асқан-тасқан.
Тарының қауызындай болмай қалды,
Астың – жер, болғанменен үстің аспан!* [1,185 б.].
*Азырақ дәулет біткен кісі болса,
«Мен баймын, сен кедей!»-деп мал санасқан.
Болмаса бірлі-жарым талапкерлер,
Жігіт жоқ өнерпазбен бір жанасқан* [2, 87 б.]

«Адамның адамнан несі артық?»-деген Абай сұрағына қайта оралып, М.Ж. Көпейұлы қазақта адамдар мал санасу арқылы мықтылықтарын

анықтайтынын жеткізеді. Өнер, білімге ұмтылудың орнына күншілдіктің отын қыздырып, бірін-бірі андыған мінездерін сынайды.

*Үмітсіз (нематсыз) байланамыз, бәрі надан,
Мұхираб сан жәрдемнен аулақ қашқан.
«Анау артып, мен кейін қалам ба?» - деп,
Өзімен-өзі күншілдікпен көп таласқан* [2, 87 б.].

*Неден мұндай қазақты қара басты,
Күнің болды-ау боп жүрген қас албасты!
Мылтық салған мойнына жетіп келсе,
Жылпылдайсың, даярлап әртүрлі асты* [1,182 б.].

Мәшһүр-Жүсіп қазақ халқының отаршылдықта өткізген өмірінің оның ұлттық мінезіне әсер етіп, «құлдық сананың» қалыптасуын дәл анықтайды. Жоғарыдағыдағы үзіндіде, ақын қазақтың мылтық асынған адам алдындағы әрекетін «жылпылдайсың» деген бір сөзге сыйдырып жіберген. «Жылпылдайсың» сөзінің астарына төменшектеу, қорку, жалтақтау, жағымпаздану, екіжүздену т.б. мінездер топтастырылған. Бұл отаршылдықтан қалған кесел, қазақ бұл кеселден тәуелсіздік жылдары да арыла алмай келеді.

Мәшһүр-Жүсіп қазақ халқының кеселді қылық, теріс мінездерін сынай отырып, қазақ ұлтының ұлттық мінез, болмысын көрсеткен. Бұл ретте ақын халқын сынай отыра, олардың санасына ой салып, түзу жолға салуды мақсат еткен. Ақын «Қазақты жамандаушыларға» атты өлеңінде қазақ халқын барша теріс мінездерімен жақсы көретінін, жамандығын жасырып, жақсылығын асыра жазған.

*Қазақта жаман да бар, жақсы да бар,
Ішінде жүйрік, жорға, шабан да бар.*

*Жақсылық, жамандық пен егіз болып,
Бұрыннан келе жатқан заманда бар* [2, 172 б.]

– деп бір түйіндеп алады да, қазақты мазақтап, келеке қылушыларға қазақтың бар болмысын ашады:

*Көшкені – айт, қонғаны – той: мерекесі,
Сондықтан сарт, ногайдың келекесі.
Сарт, ногай, орыс-орман – бас қосқанмен,
Қазақсыз кірмес шырай берекесі* [2, 172 б.].

*Қазақтай бай халық жоқ малға толық,
Әбдіре – алтын сандық, қара құлып.
Қалтасын біраз күнде толтырады,
Қазаққа әкім болып келген ұлық* [2, 172 б.].

*Қазақта қонақасы айт пен тойдай,
Отырмас қонақ келсе, бір мал соймай.
Кең жатқан әр нәрсесі, жер ұйық жұрт,
Молшылық берекеде болып сондай [1,173 б.].*

М.Ж. Көпейұлы өлеңдеріндегі «ұлттық мінез» концептісі «идеалды қазақ» концептісіне бастар жол. Ақын «қазақ» деген атқа лайық болу үшін, қазақтың бойында қандай мінездер болу керек екенін санамалап береді. Бұл ретте, Б. Нұрдәулетованың мына пікірі орынды: «Идеалды қазақ» концептісінің негізгі өзегі ұлттың рухани құндылықтары болып саналады, ұлттың эталоны болып есептелетін идеялық белгілері құнсызданған жағдайда қазақ ұлты өзінің «идеалды кейпін» жоғалтады» [3,115 б.].

Қазақ халқының ұлттық болмысын сақтаудың бір-ақ жолы – имандылық, адамгершілік идеологиясы – хаққа сену, ата-бабалар рухын әспеттеу, қазақы салт-дәстүрлерді жаңғырту.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар, 2003. – 1т. – 436 б.
- 2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар, 2003. – 2 т. – 382б.
- 3 Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. – Алматы, 2011. – 312 б.

ПАВЛОДАР ӨҢІРІНЕН ШЫҚҚАН ӘЙГІЛІ ӘДІСТЕМЕШІ ҒАЛЫМДАР

КӘРІПЖАНОВА А. О.
қауымдастырылған профессор,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
СҮЙІНДІКОВА М. М.
мұғалім, Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы № 10 лицей мектебі, Павлодар қ.

Ел жадында сақталған «Қыздары көркем Баянның – май гүлі, ұлдары көпке әйгілі» деп келетін жыр шумақтары қасиетті өңірдің әрбір перзентін аялағандай. Қазақ елі тарихында парасатты ой мен ақылдың кенішіне айналған Кереку-Баян өңірі – әдістемеші ғалымдар Жүсіпбек Аймауытов, Иманбек Ұйықбаев, Хасен

Арғынов, Нұржамал Оралбаева, Төлеутай Ақшолақов, Қуандық Мәшһүр-Жүсіптің де өсіп-өнген мекені.

Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қызылтау атырабында туған. 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі, оны 1918 жылы аяқтайды. Оны бітіргеннен кейін Ж. Аймауытов қоғамдық қызметтерге араласады, кейін 1921 жылы Семей губерниялық оқу бөлімінің менгерушісі болып қызметке ауысады. 1926-1929 жылы Шымкент педагогикалық техникумының директоры болады. Оқытушылық қызметке араласып, оның ішкі қиындықтары мен қажеттіліктерін толық біледі. Сондықтан да мектептегі тәрбие ісі, оқу, оқыту мәселелеріне арнап көптеген мақалар жазады. Әдістемелік еңбектеріндегі негізгі бағыт – оқыту мен тәрбие ісінің тұтастығын, рухани тәрбие, адамның өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі мен оның жолдарын анықтап беру болды. Қазақстандағы оқу-тәрбие жұмысымен шұғылдану барысында, тек мұғалімдік іс-тәжірибені жинақтаушы ғана емес, әдістемелік ғылымның теориялық деңгейін көтеретін ғалым-педагог дәрежесіне жетті.

Автордың 1918 жылы «Абай» журналына жарияланған «Тәрбие» атты мақаласында баланың тәрбиесіне үлкен мән беруді ұсынады, адам табиғатқа ғана тәуелді емес, тәрбиеге тәуелді деген ой айтады [1]. Ж. Аймауытовтың тағы бір өзгеше ерекшелігін қазақ халқының ғасырлар бойы жасап келе жатқан ақыл ойына, даналығына сүйенетіндігі. Ұяда нені көрсен, ұшқанда соны ілерсін, сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді деген мақалдарды еске алып, баланың жеке адам болып қалыптасуындағы ата-ананың маңызды ролін көрсетеді.

Ж. Аймауытов жас ұрпақты тәрбиелеудің бір негізі ретінде әдет заңдарын айтады. «Әдет заңы» атты мақаласында әдеттің, дәстүрдің қазақ халқының күнделікті тіршілігінде алатын орнын, маңызын айқындайды. «Әдет – бір сақтаулы қазына дей отырып, халық жасаған әдеттердің тәрбиелік мәніне тоқталады.

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектерінің бірі – «Жан жүйесі және өнер талдау» деп аталатын зерттеуі [1]. Бұл қазақ психологиясының қырын саралап, жақсы әдепті қалыптастырудағы психологиясының маңызын анықтауға арналған терең мәнді ғылыми еңбек. Өз кезіндегі жан дүниесіне арналған тұңғыш еңбек болуымен де аса құнды.

Ж. Аймауытов қазақ тілінің оқыту әдістемесі саласында жазу мәселесі мен емле жүйесіне байланысты біршама ғылыми мақалалар жариялаған. Ұлттық жазу тілін жетілдіру, жалпы халықтың сауатын көтеру мәселелерін қозғайды. Қазақ баласына хат танытудың өрелі жолы ретінде ғалым-жазушы буын әдісін қолдайды. Балаға әуелі

3-4 дауысты дыбысты үйретіп, содан кейін оған дауыссыз дыбысты қосып, буын не бір-екі буыннан тұратын сөздерді құрап, жаздырып, оқыту әдісін ұстану қажеттігін дәлелдейді.

1925 жылы жазылған «Ана тілін қалай оқыту керек» [1] атты көлемді мақаласы әдістемелік жағынан құнды. Мұнда зерттеуші ұлт мектептеріндегі ана тілін оқытудың жүйеленген әдісі жоғын тілге тиек ете отырып, әркім өз білгенімен тіл үйретіп, сабақ беріп жүргенін әділ сынға алады. Орыс мектептерінде қолданып жүрген оқыту әдістері жайында мәлімет бере отырып, солардың қазақ мектептеріне қазақ психологиясына қолайлы келетін әдістерін жүйелі қолдану қажеттілігін айтады.

Облысымыздың оқу ісінің ардақтылары, әдістеме тарихына өзіндік ізденістерімен із салған әдіскер ғалымдарымыз бірі – қазақ тілінің методикасы оқу құралының авторы Железинка ауданынан шыққан методист ғалым Иманбек Ұйықбаев.

Ұйықбаев Иманбек Қабышұлы 1922 жылы Павлодар облысы, Қашыр ауданында туған. 1948 жылы ҚазПИ – ді бітіріп, 1952 жылы аспирантураны тәмамдайды. 1952-1954 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. 1954 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің көріністері» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Автордың «Мектепте қазақ тілін оқыту мәселелері», «Қазақ тілі методикасының очерктері» әдістемелік еңбектері мен орта мектептің 8, 9 сыныптарына арналған оқулықтары бар.

Әдіскер ғалымның еңбектерінде әр сөздің ұғымы мен мағынасын оқушыларға түсіндірудің қыры мен сыры ашылады. Мектеп грамматикаларында сөздердің мағыналары олардың лексика-семантикалық сипаты арқылы емес, грамматикалық жүйедегі қай сөз табына жататынына байланысты анықталады. И.Ұйықбаевтың еңбектерінде де негізгі мәселелер осы құрылымдық бағытта жазылды. Сондықтан да автор былай деп ой түйіндейді: «Сөз таптарының морфологиялық белгісі - әр сөз табының сөз тудыру тәсілі мен түрленуіне, ол формалардың грамматикалық ерекшелігіне қатысты» [2]. (Мектепте қазақ тілін оқыту мәселелері, Алматы, 1957).

Автор мектеп мұғалімдерінің бағдарламаны қалай жасауға болатынын, оны пайдаланудың жолдарын саралап көрсетеді, 3, 4, 5 сыныптарда сөз табына қатысты мәселені балаға жеткізудің жолдарын анықтайды. Есім және етістік сөз таптарын мектепте қалай өтуге болатынын жіктеп талдайды. Әрбір сабақтың өзіндік ерекшелігіне, теориялық білімді меңгертуде жаттығудың маңызды

орын бар екеніне жақсы тоқталады. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту барысында түсіндірмелі диктанттар мен бақылау диктанттарын жиі алып отыру қажеттігін ескертеді.

Әдіскер – ғалым бастауыш мектептерде грамматикалық талдау жұмыстарын жүргізуге де ерекше көңіл бөледі. Мұның өзі балалардың сауаттылығын күшейтуге көмектеседі деп ой түйіндейді.

Грамматикалық талдау грамматика мен емлені меңгеруге көмекші құрал болатындықтан, оны өтілген тақырыпқа сәйкес үнемі жүргізіп отыру қажет. Грамматикалық талдау үшін алынған сөйлемдер жеңіл, түсінікті болуы керек деп жазады.

Лексика саласын оқыту да оқушылардың тілін дамытуға мол мүмкіндік барын айта келіп, автор синоним, антоним, омоним, термин сөзде, көнерген сөздерді т.б. оқытуда иек артуға болатын негізгі тәсілдер мен жолдарды көрсетіп береді.

И. Ұйықбаев диктанттың түсіндірмелі, терме, өздік, шығармашылық, сөздік және бақылау сияқты түрлерін ұсынған.

И. Ұйықбаев құрастырған «Қазақ тілі методикасының библиографиялық көрсеткіші» [3] атты еңбектің де әдістеме ғылымы үшін берері мол. Құрастырушы бұл шағын кітапшада Қ. Басымов, С. Жиенбаев, Ш.Х. Сарыбаевтардың өмірі мен шығармашылық жолы туралы құнды деректер бере отырып, олардың шығарған, жазған зерттеу жұмыстарының тізбесін берген. Автордың көрсетілген үш ғалым жөнінде айтқан пікірлері аса құнды. Мұның өзінің кейінгі ғылыми ізденіспен жүрген ізденушілерге тигізер пайдасы орасан. Сонымен қазақ тілін оқыту әдістемесі тарихында И.Ұйықбаев есімінің де өзіндік орны бар. Автордың қаламынан шыққан қазақ тілін оқыту жүйесіне байланысты еңбектердің маңызы күні бүгін де жойылған жоқ.

Әдістеме ғылымының теориялық тереңдікке бой ұрып, оның жеке сала бойынша өркендеп дамуына үлес қосқан ғалымдарының бірі – Хасен Қуандықұлы Арғынов.

Х. Арғынов 1926 жылы Павлодар облысы, Бесқарағай ауданында туған. 1951 жылы Семей Педагогикалық институтын бітіріп, біраз жыл мектептерде оқытушылық қызметте болады. 1961-1963 жылдар аралығында «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақстан мектебі» басылымдарында қызметкер болады да, Абай атындағы ҚазПИ-ге аспирантураға қабылданады. Аспирантурада негізінен қазақ тілін оқыту әдістемесімен, оның негізгі теориялық мәселелерімен айналысады. Бірнеше ғылыми мақалалар жариялап, кейін «Қазақ тілінің күрделі сөйлем синтаксисін оқыту методикасы» атты кандидаттық диссертациясын қорғайды. 1971 жылы «Қазақ

тілінің синтаксисі мен пунктуациясы әдістемесінің негіздері» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды.

Ғалым еңбегі негізінен қазақ тілінің синтаксисін орта мектептерде оқыту жүйесіне арналады. Оқушыларға қазақ тілі синтаксисінің және тыныс белгілерінің негізгі заңдылықтарын ашып, олардың дұрыс жазу, дұрыс сөйлеу машығын дағдыландыруға басты назар аударады. Автордың ойынша, мұғалім синтаксистің негізгі заңдылықтарын саналы түрде меңгеріп, біліп, соларға сүйенсе ғана, оқушыларына әрбір синтаксистік тұлға мен тыныс белгісінен сапалы да терең теориялық білім бере алады. Теориялық білім берудегі негізгі 15 түрлі ортақ заңдылықты ұсынады. Бұл ұсынылған заңдылықтар тек синтаксисті оқытуға ғана қатысты емес, ғылымның өзге де салаларын меңгертуде қолданыла алады.

Ғалым ең алдымен, оқушыларға берілетін теориялық білім мұғалімнің түсіндіруімен әңгіме, байқау әдістері, ойлаудың анализ, синтез, салыстыру, жинақтау, қорыту тәсілдері мен ойша қорытудың индукция, дедукция түрлері негізінде іске асырылатынын атап көрсетеді. Яғни мұғалімнің білімділігіне ерекше мән беріледі. Сыныптағы оқушылардың білім өрісі мен алғырлығына, жұмыс істеу қабілетіне байланысты өтілетін тілдік материалды әртүрлі деңгейде түсіндіруге болатындығына көңіл аударады.

Х.Арғынов қазақ тілін оқыту барысында орындалатын жаттығуларға, олардың тәрбиелік мәніне ерекше назар аударады. Оқушыны дағдыландыруға берілетін жаттығу мәтіндерінің тәрбиелік маңызының болуы, оқушының ойлау қабілетін, ой-өрісін жетілдіруге, тілін байытуға қызмет ету мүмкіндігіне көңіл бөледі. Жаттығулар жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге көшу ұстанымына негізделуі қажеттігін айтады.

Ғалымның «Қазақ тілі методикасы. Синтаксис. Пунктуация» [4] атты еңбегі қазақ тілінің әдістемесінде жеке сала бойынша жүйелі курс жасаудағы іргелі зерттеу болып саналады. Еңбек негізгі үш тараудан тұрады. Бірінші тарауы «Сөз тіркесінің синтаксисі» деп аталады да, мұғалімнің сөз тіркесінің әрбір бөлігін қалай өткізуге болатыны туралы егжей-тегжейлі талданады. Жаңа сабақты өту үшін балаларды дайындау, олардың бұрынғы өткен материалдарын естеріне түсіру үшін жұмыстар жүргізу, жаңа сабақтың маңызды жақтарын ұғындырудың жолдары, көрнекі құралдарды пайдалана білу сияқты мәселелердің шешімін көрсетеді.

Екінші және үшінші тараулар жай сөйлем синтаксисі мен құрмалас сөйлем синтаксисіне арналған. Мектептегі оқулық

бойынша барлық тақырыптарға тиісті талдаулар жасалып, нақты әдістемелік нұсқаулар мен кеңестер беріледі.

Көрнекі құралдар жасаудың үлгілері, сызбалар мен кестелер келтіріледі.

Х.Арғынов зерттеулері қазақ тілін оқыту әдістемесін пән ретінде жаңа сатыға көтере алды. Әдістеменің негізгі теориялық тұжырымдары ғана жасалып қойғаны жоқ, сонымен бірге, тек синтаксис пен тыныс белгілілер бойынша сабақты жүргізудің ғылыми негізін жасады. Қазіргі таңда қазақ тілінен мектепте дәріс беретін мұғалімдердің басты сүйенер оқу құралы болуға тиіс бұл еңбектің ғылыми деңгейі де, теориялық біліктілігі де жоғары.

Нұржамал Оралбайқызы Оралбаева 1928 жылдың 15 мамырында Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған. Филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбайқызының ғылымға сіңірген еңбегі, өз алдына қалыптастырған өнегелі мектебінен қазіргі буын ғана емес, келешек ұрпақ та ғибрат алары сөзіз. Бар өмірін қазақ тілінің грамматика, сөзжасам, қазақ тілін оқыту әдістемесі салаларын зерттеуге арнаған.

1987 жылы Республикада қазақ тілін оқытуды жақсарту туралы үкімет қаулысы қабылданып, 1990 жылы қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесін алғаннан кейін қазақ тілін оқытуға көзқарас өзгере бастады. Қазақ тілін үйренуге көңіл бөлініп, бұл мәселенің зерттелуі, бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдарын жазу қолға алынды. Оқу орындарының барлығында қазақ тілін оқыту мәселесі де қолға алынды. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуға арналған оқулықтарды, оқу құралдарын, тілашарлар мен сөздіктерді, бағдарламалар шығару сексенінші жылдардың аяғынан бастап қоғамдық саяси сипатқа ие болды. Қазақ тілін дамытуға үлкен бағыт-бағдар жасалып, жұмыстар жүргізіле бастады.

Осы уақытқа дейін қазақ тілін өзге ұлт дәрісханаларында оқытуға арналған бірнеше бағдарламалар жарияланды. Бағдарламалардың алдыңғы қатарында тұрған 1987 жылы профессор Н.Оралбаеваның авторлығымен шыққан «Қазақ тіліні үйрену курсының программасы» болып табылады [5]. Осы бағдарламаның негізінде 1996 жылы «Ана тілі» баспасынан «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты оқулық жарық көрді [6]. Бұл жоғары оқу орындарындағы студенттерден басқа ұлтқа қазақ тілін оқытатын, әдістемелік жағынан жетілген мамандар дайындауға арналған алғашқы ғылыми оқулық.

Оқулық 1992 жылы жарық көрген Н. Оралбаева, К. Жақсылықова құрастырған оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде қазақ тілін оқыту бағдарламасы бойынша жазылған. Оқулықта қазақ тілін орыс мектептерінде оқытудың лингвистикалық, психологиялық, дидактикалық негіздері, тарихи дамуы қарастырылған. Қазақ тілі әдістемесі пәні, оның міндеттері, мақсаттары, қазақ тілін басқа ұлттарға оқыту әдістері, сабақтың құрылысы мен түрлері жүйелі, анық, нақты түрде берілген. Сонымен қатар мұнда тілдік материалды ғылыми принцип негізінде таңдау және сұрыптауда: 1) сөздердің қолдану жиілігі; 2) сөздердің жеңіл-қиындығы; 3) сөздердің синонимдік қасиеті; 4) сөздердің тақырып қажеттігіне сәйкестігі; 5) екі тілге ортақ сөздерді санатқа кіргізеу; 6) сөздердің сөзжасамдық қабілеті; 7) сөздің тілдің дыбыстық ерекшелігін қамтуы; 8) сөздің оқушының психологиялық ерекшелігіне сәйкестігі; 9) сөздің оқулықта қайталану жиілігі қасиеттеріне ерекше көңіл бөлінген.

Ғалымның ғылыми-ұстаздық қызметі, ғылымды дамытудағы еңбектері Республика Үкіметі тарапынан бағаланып, оған 1960 жылы Қазақ ССР-нің Жоғары Советінің Грамотасы, 1968 жылы Қазақ ССР-нің оқу-ағарту ісінің үздігі атағы, 1987 жылы «Еңбек ардагері» медалі берілді. Ал 1989 жылы «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағымен марапатталды. 2003 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қайраткері», 2005 жылы Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі атағы берілді.

Ғалым, ұстаз Нұржамал Оралбай күні бүгінге дейін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде магистратура және PhD докторантура институтында халықаралық стандартқа сай PhD докторлары мен магистранттарды даярлау ісіне атсалысып, өзіндік үлесін қосуда.

Белгілі педагог, әдебиетші ғалым, әдіскер-ұстаз, профессор, халық ағарту саласындағы тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты Төлеутай Қазіұлы Ақшолақов. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының тұңғыш редакторы. Көптеген әдістемелік оқу құралдары, зерттеу, монографиялардың авторы.

Төлеутай Қазіұлы 1915 жылы 4 мамырда Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы №4 ауылда туған. 1950 жылы Абай атындағы ҚазПИді тамамдаған. Әр жылдарда Павлодар аудандық газетінде жауапты хатшы, «Қазақстан» баспасында редактор болып қызмет еткен. 200-ден астам ғылыми жұмыс, қазақ әдебиетінің мектепте оқытылу проблемасына байланысты жеті монографиялық еңбектің, қазақ әдебиеті оқулықтарының авторы.

Атап өткендей, Т. Ақшолақов жеті монографиялық еңбек жазған. Соның бірі: «Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты» [7]. Бұл әдістемелік еңбегі әдебиетті оқытуды өзекті бір мәселесі – көркем шығармаға эстетикалық талдау жасауға арналған. Ғалым шығарманы образдар жүйесімен біртұтас қарастырып, оны талдауға жүйелілік-құрылымдық әдісті ұтымды да орайлы қолданады. Автор бұл еңбегінде шығарманы талдаудың нақтылы жол-жобасын, үлгісін ұсынады. Талдауға, негізінен, қазақ әдебиетінің таңдаулы шығармалары алынған.

«Шығарманың көркем компоненттерін оқыту» атты еңбегінде орта мектепте көркем шығарманы оқып үйрену барысында М. Әуезов туындыларының сюжеті мен композициясын көптеген мысалдарының бірі ретінде қарастырып, идея мен түрдің тұтастық бірлігін бұзбай талдау қажеттігін сөз етті. «Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту» монографиясында (1975) әдебиеттану ғылымы мен методиканың өзекті бір проблемасы әдеби шығарманың эстетикалық табиғатын таныту мәселесіне арналған. Еңбекте ғылыми топшылаулармен қатар нақтылы шығармаларға талдау жасалған. Талдауларға ауыз әдебиеті шығармалары, сол сияқты Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Қ. Аманжолов, Ж. Саин т.б. қаламгерлердің шығармалары алынған. Автор әр алуан әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуды көздеген [8].

Ал «Шығарманың көркем айшықтарын таныту» [9] атты еңбегінде негізгі ой-тұжырымдарын «Қараш-қараш» повесін, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай тағы басқа кейіпкерлер характерлерін талдау негізінде өрбітті.

Өмірі үлкен өнеге болған Төлеутай Қазіұлы Ақшолақов қазақ әдебиеттануы мен әдістеме саласында мол мұра қалдырды.

Қуандық Пазылұлы Жүсіп 1941 жылдың 2 қарашасында Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Жаңажол ауылында дүниеге келген. Тектіліктің нәрін бойына жиған, әдебиет ғылымына айтарлықтай еңбегі сіңген Қуандық Пазылұлы 1959 жылы Баян қазақ орта мектебін бітірісімен Алматының Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының тарих және филология факультетіне түсіп, 1964 жылы тәмамдап шығады. 1964-1967 жылдар аралығында Қазақ КСР Ғылым Академиясының аспирантурасында оқыды. «Қазақ прозасындағы тартыс және жаңа адам» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. 1994 жылы «Қазіргі қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 1996 жылы Қуандық Пазылұлына профессор ғылыми атағы берілді.

Куандық Пазылұлының бүгінгі күнге дейін үш жүзге тарта ғылыми еңбегі мен мақалалары газеттер мен кітаптарда басылған. «Көркем сөздің құдіреті» [10] атты оқулық кітабы ұстаздар мен оқушылар үшін қымбат қазынаға айналған. М. Әуезов, І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Торайғыров, Ф. Мүсірепов сынды ұлы қаламгерлер шығармашылығы оның ғылыми-зерттеу жұмыстарына негіз болды.

Ғалымның «Әдебиетті оқыту мәселелері» [11] атты оқу құралының қазақ әдебиетінің әдістемесі саласында алатын орны зор. Оқу құралындағы мектепте өлең оқыту, эпостық шығармаларды оқыту, көркем шығарма тілін оқыту мәселелері сала бойынша жүйелі курс жасаудағы іргелі зерттеу болып саналады. Ғалым қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін пән ретінде жаңа сатыға көтерді. Ол көркем мәтінді талдау, көркем туындыдағы авторлық көзқарас, көркем туындыдағы мазмұн мен форма бірлігі, суреткердің көркем тәсілі, дүниетанымы, көзқарасы, олардың арасындағы байланысты ашу сияқты мәселелерге көңіл аудартады. Әдістемеші-ғалымның ұсынған ауызша, жазбаша сұрақтар арқылы әр оқушыға әр түрлі мазмұндағы тапсырмалар бере отырып тексеру, өзіне ұнаған бір эпизодты қысқаша баяндату, не сол эпизодтың мазмұнының тезисін жасату, негізгі кейіпкерлерді жинақтату, ірі кейіпкердің іс-әрекетінен мысалдар келтіру, әдеби шығарма бойынша сауалнамалар жүргізу, әдеби шығарманы детальдары бойынша тексеру әдістері әдебиетті оқытудағы өте тиімді әдістер екені сөзсіз.

«Суреткер шеберлігі» [12] атты оқу-әдістемелік құралында Қ.П.Жүсіптің 1968-2010 жылдар аралығында жазылып, жарық көрген ғылыми мақалалары топтастырылған. Автор қазақ поэзиясы мәселелеріне көбірек көңіл бөле отырып, ара-тұра қазақ прозасы, драмасы, өнері, әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелеріне арнап жазған ғылыми еңбектерін жинақтаған. Оқу-әдістемелік құрал қазақ әдебиеті пәнінде көркем шығармаға талдау жүргізуде, қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиет теориясы бойынша арнаулы курс, семинарлар өткізу барысында, оқушыларға ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасауда тиімді әдістемелік құрал болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.
- 2 Ұйықбаев И. Қазақ тілін оқыту мәселелері. – Алматы, 1961. – 228 б.
3. Ұйықбаев И. Қазақ тілі методикасының библиографиялық көрсеткіші.

4 Арғынов Х. Қазақ тілі методикасы. Синтаксис. Пунктуация. – Алматы, 1974.

5 Оралбаева Н. Қазақ тілін үйрену курсының программасы. – Алматы: Мектеп, 1987 – 756.

6 Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілі оқыту әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 20 б.

7 Ақшолақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты. – Алматы: Ғылым, 2001. – 338 б.

8 Ақшолақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. – Алматы: Мектеп, 1975.

9 Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. – Алматы: Рауан, 1994. – 224 б.

10 Жүсіп Қ.П. Көркем сөз құдіреті. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2000. – 288 б.

11 Жүсіп Қ.П. Әдебиетті оқыту мәселелері.

12 Жүсіп Қ.П. Суреткер шеберлігі.

ТІЛДЕГІ МӘДЕНИ СТЕРЕОТИП ҰҒЫМЫ

КӨРІПЖАНОВА А.О.

С.Торайғыров атындағы ПМУ қауымдастырылған профессоры, Павлодар к. КӘКІМ Б.

С.Торайғыров атындағы ПМУ студенті, Павлодар к.

Стереотип – дүние туралы таным-түсініктің қайталануынан тұрақталған әрекеттер мен құндылықтар шаблону. Стереотипке тән ерекшелік – тұрақтылығы. Мұндай тұрақтылық дүниенің маңызды ситуацияларының санада жиі қайталанып, автоматты түрде дағдылы түсінікке айналуынан жүзеге асады.

Стереотиптер дүниенің өзіне тән ерекше қасиеттерінен тұжырымдалған ортақ түсінігінен туындайды. Бұл түсінік ұжымның не тұлғаның танымында тереңінен тұрақталып, сол дүние туралы алғашқы ақпарат немесе сигналды түсінік болып сақталады. Стереотиптер өз семантикасында ұлт мәдениеті дамуының ұзақ уақыттық үдерісін көрсетеді, ұлттық сипат, тарихи және мәдени колоритті береді. Стереотип ситуацияның типтік белгілері жаңа концептімен ассоциацияланады да, вербалданып, екінші реттегі номинацияға айналады. Тіл білімінде стереотипті ситуацияның ойбейнесі ретінде фреймдер қарастырылады.

А.Әмірбекова фреймге концептуалдық жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым формасы деп анықтама бере отырып, басты өзгешелегі ретінде «концептінің ең жақын семаларынан құрылуы және ең жақын ассоциативтік, стереотиптік танбалар арқылы көрініс табуы» деп тұжырымдайды. Автор «өмір» концептісінің фреймдік құрылымы М.Мақатаевтың поэтикалық мәтінінде «тіршілік», «күнелту», «өмір кешу», «тағдыр», «жан бағу» сияқты элементтерден құралатынын атап көрсетеді [1].

Әрбір суреткер тілді қолдануда сол тілдің негізінен, дәстүрінен қол үзбейді және автор тұлғасы көркем шығарманың мазмұндық құрылымында идеялық-эстетикалық позициясын танытумен ерекшеленеді. Мәшһүр Жүсіп шығармалары образды, ұлттық ерекше белгілері сайрап тұрған тіркестерге өте бай.

1. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы мал шаруашылығына байланысты туындаған фреймдер:

Сөз деген – жайылған мал: далаға өрсе,

Кәне, қора табылып, соған кірсе! [2, 9].

Қазақтың өмірі, кәсібі, тұрмыс-тіршілігі малмен байланысты. Ақын сөзді халық ұғымына таныс нәрсемен ассоциациялап береді. Бұл тіркес тіліміздегі «Ақпа құлаққа айтылған сөз – ағып кетеді, құйма құлаққа айтылған сөз – құйып алады» деген мәтелдің баламасы іспетті. Жетесіз адамға айтылған сөзді жайылып жүрген малға балайды, осы «малды кіргізіп алатын қора болса екен» деп, яғни маңайында сөз ұғатын адам болғанын аңсайды.

Түспесін алдауына пенде не ғып?

Жүрген соң дайым аңдып қойдай бағып [2, 26].

Қой шаруашылығы – қазақтардың негізгі кәсібі. «Мал өсірсең – қой өсір, өнімі оның көл-көсір», «Қойың болмаса, байлықта ойың болмасын» деген мақал-мәтелдер тегін айтылмаған. Қой орман-тоғайлы, өзен-көлі кем, қысы қатал, жазы шөл, далалық жерде ыстық-суыққа төзімді, бағып-қағуға да көнбіс, үйреншікті, жуас мал. Сондықтан да қой қазақ ұғымында байлықтың, жуастықтың, тіл алғыштық, бой ұсынушылықтың символы болып табылады. «Қойдай бағу» тіркесін қолдануда автор адам бойындағы айтқанға тез көну, аңқаулық сияқты қасиеттерді көрсетеді.

2. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы жылқы малын ассоциациялаумен туындаған фреймдер:

Көшпелі қазақ өмірінде ат маңызды орын алған, себебі халықтың бүкіл өмірі жылқы малымен тығыз байланысты. Көшіп-қону, той-томалаққа бару, жорық, аңшылық-саятшылық сияқты

кәсіптерінің барлығы ат үстінде болған. Сәйгүлік-тұлпар бейнесінің халқымыздың фольклорында да өзіндік орны бар. Қобыландының Тайбурылы, Ер-Тарғынның Тарланы, Алпамыстың Байшұбары, Қамбар батырдың Қарақасқасы халықтық көркем әдебиетімізден орын алған бейнелер. «Ат – ер қанаты» деген мақал осының айғағы сияқты. Мемлекеттік Елтаңбадағы қанатты пырақтың кескінделуі де халқымыздың өткен өміріндегі белгіні ескергендігінен.

Боламын кейде жүйрік, кейде жорға,

Бұл дүние көп қуғанмен түспес қолға [2, 142].

Ауыспалы мағынасында бұл тіркес өте дарынды, суырып салма, шешен адамның сипатын білдіреді.

Ағалар, жүрген жерім күнде сауық,

Бәйгеден келе алмадым, бапсыз шауып [2, 169].

Қазақта адамның адам болуы оған берілген тәрбиеге байланысты деген ауыспалы мағынаны білдіретін «Ат шаппайды, бап шабады» деген мәтел бар. Мәшһүр Жүсіп қалың қауым жиналған үлкен жиында алдына жан салмайтын ерекше қасиеті туралы айтқысы келеді. Ол үшін ақын өзін-өзі «баптау керектігін», яғни үнемі білім-ғылым арқылы өзін-өзі дамыту керектігін айтады.

Кеудеме Құдай кеңес берген шақта,

Қағазға он саусағым атша желген [2, 159].

Ұлттық сөз өнерінің өзіндік өрнегін айқын, терең де өрелі ойға толы көркем мұраларды беруде Мәшһүр Жүсіптің поэтикалық дүниесі ерекше теңдесі жоқ туындылар. Ақын «жүрегіне құдай кеңес бергенде» он саусағының жүрісін аттың желісіне ұқсатады. Желіс – бірқалыпты және ұзақ ат жүрісі екені көшпелі қазаққа етене таныс.

Барады өтіп ғұмыр аттай шауып [2, 159].

Өмірдің өткіншілігін, адамдардың осы өмірге қонақ болып келетінін ақын-жазуылар әр түрлі сипатта бере білген. Мәшһүр Жүсіптің өткінші өмірдің жылдамдығын аттың шабысына балауы өзіндік ерекшелігін көрсететін соны амал-тәсілі.

Жаяу қыл, нәпсінді атқа мігізбей бақ,

Міне қалса, жортқызып, желгізбей бақ [2, 205].

Әр нәрсеге қызығушылық, нәпсіқұмарлық ақылдың көзін байлап, қызықтыра түседі. Осындай кезде ақылды қолдан жібермей, бойын сақтықпен ұстау, нәпсіні сабырлыққа жеңгізу, өмірге сабыр-тоқтаммен қарау, жаманнан жирену ұлы философтардың еңбектерінде ерекше ден қойылған ой толғамы. Мәшһүр Жүсіп осы идеяны берерде ұлттық өрнекті керегіне жаратады.

Мәшһүр Жүсіп дерексіз ұғым «нәпсіні» жаяу қылып, атқа мінгізбе, яғни «нәпсінің жүрісін баяулат» дегенді ұлттық таным-түсінікке сай баламалап айтады. Себебі, жаяу жүрістен гөрі атқа мініп шабудың жылдам екені әрбір мал баққан қазаққа белгілі.

3. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы қазақтың салт-дәстүрінен көрініс беретін фразеологизмдер бойынша фреймдер:

Байлардың қолындағы жиған мүлкі:

Кем-кетік, жоқ-жітіктің сыбағасы [2, 117].

Сыбаға – 1. Қадірменді, сыйлы адамға арнайы сақталған соғым еті, мүше. 2. ауысп. Әр адамның өзіне лайықты еншісі, үлесі (ҚТТС, 754). Ақынның кем-кетік, жоқ-жітіктің сыбағасы деген тіркесінде әрі ұлттық, әрі діни коннотация бар. Себебі, қазақ халқы өте бауырмал, рақымшыл халық. Ағайын-туыс өз арасындағы дәулеті төмен адамдарға материалды тұрғыдан көмек көрсетуді борыш санаған. Өзара жәрдем қоғамының бір бөлшегі – отбасы мүшелері, туысқандар, көршілер және жеке тұлғалар. Ал діни коннотациясына келетін болсақ, Құранда былай деп жазылған: «Мұсылман – мұсылманның бауыры. Мұсылман бауырына қастандық жасамайды, оны дұшпанға тастамайды. Кім мұсылман бауырына жәрдем етсе және оның кем-кетігін толықтырса, Аллаһ та оған жәрдем етеді. Кім бір мұсылман бауырын қиыншылықтан құтқарса, Аллаһ тағала осыған сай қиямет күні оның қиыншылықтарының бірін жояды. Кім мұсылман бауырының бір кемшілігін жасырса, Аллаһ тағала ақыретте оның де кемшілігін жауып жібереді», -деген (Хужурат сүресі, 10). Ақын осы идеяны береді.

Екеуі құда болды: «Құдай»-десіп,

Биылғы жыл құйрық пен бауыр жесіп [2, 184].

Құда түсу, құдандалы болу да – қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі. Отбасын құрайын деп жатқан жастардың ата-аналары, туыстары бірі құда түсе барғанда, екіншісі құйрық-бауыр асату рәсімін жасайтын болған. Бұл - күні бүгінге дейін сақталған дәстүр. Құйрық (май) – байлықтың белгісі, бауыр – туыстықтың, бауырмалдықтың белгісі. Осыны білген халық өз туыстығын ұзақ жылдар бойы сақтауды ырымдап, құйрық-бауыр жесіскен.

Нанайын, мен нанайын, демей жалған,

Жалған маған қамшылап дүре салған [2, 130].

Қамшы – қайыстан өрілген, тобылғы сапты құрал, ерекше қару түрі. Қамшының үштен жиырма үш өрімге шейін түрлері бар. Олардың әрқайсысы түрлі мақсатта қолданылған. Қамшыны жаугершілік, барымта кезінде қарсыласын ат үстінен құлату үшін

де қолданған. Қамшы күш көрсету символы ретінде бірнеше фразеологизмдерде көрініс тапқан. Тіліміздегі қамшы бойы, қамшы болды, қамшы жеді, қамшы жұмсады, қамшының астына алды, қамшының сабындай, қамшы ойнатты, қамшы салдырмады, қамшысынан қан сорғалаған, қамшы тастады, қамшы үйірді, қамшы боп тию, қамшылар жақ, қамшы кесті шабан сияқты фразеологизмдер осының көрінісі. Аталған тіркестердің әрқайсысының берер мағынасы әр түрлі. Мәшһүр Жүсіп қолданысындағы жалған маған қамшылап дүре салған тіркесінен өмірден тауқыметті көп тартып, бейнет көрген адамның назын түсінеміз. Мұнда да ақын жалған дерексіз ұғымына «қамшы ұстатқызып, дүре соққызады», бейнелі тіркес жасайды, стилистикалық жағынан синкретті амалды орындайды.

4. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы қазақтың ас-тағам дәстүрінен көрініс беретін фреймдер:

Зеректігі – Мәшһүрдің болды соры,

Таусылмайтын сабаның болып қоры [2, 138].

Саба – жылқының тұтас терісінен жүнін қырып илеп, ыстап жасалған, қымыз ашытатын сыйымды ыдыс (ҚТТС, 694). Қымыз жақсы ашу үшін сабада қор болу керек. Мұны ас-тағам дайындау дәстүрін менгерген әрбір қазақ жақсы білген. Мәшһүр Жүсіп зеректігінің әркімге бір пайдасы тиіп жатқандығын айта отырып, «таусылмайтын қорға» балайды.

Өңшең үрген қарынға душар болдық,

Зарлап тұрсаң, еститін құлағы жоқ [2, 227].

Қазақта шайқалған майды қойдың қарнына сақтаған. Мұндай май бүлінбеген, иістенбеген. Бұл үшін әбден тазартылып жуылған қойдың қарынын тұзға салады да, одан кейін үрлеп, аузын буып байлайды. Бірер аптада қарын үрленген қалпын сақтап, кеуіп қалады. Мәшһүр Жүсіп жетесіздікті, санасыздықты бейнелі түрде көрсету мақсатымен, сондай адамдардың бастарын үрген қарынға балайды. Осы жерде де ақынның халықтың ұғым-түсінігіне өте таныс сөздерді қолданып, ассоциация жасаудың шебері екенін байқаймыз.

5. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы қазақтың үй әбзелдері мен жиһаздары арқылы жасалған фреймдер:

Емен болсын, көтерсін, қалайша үйді,

Іске жарап жалғанда жалғыз уық [2, 253].

Қазақ өзінің көшіп-қону тұрмысында киіз үйді қолданған. Қазақтың киіз үйінің ішкі сүйегі, сыртқы жамылғышына қарай 4

канат, 6 канат, 8 канат, 12 канат болып бөлінеді. Киіз үйді тігушінің әл-ауқатына қарай «ақ орда», «алтын орда», «хан орда», «ақ отау», кедейлер: «қараша үй», «қара лашық», «абылайша», «ұранқай», «жолым үй» сияқты үйлер тігілген. Киіз үйдің бөлшектері – кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық. Осылардың ішінде уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сидаң сырық. Оның саны - болған. Мәшһүр Жүсіп жалғыздықты жалғыз уыққа балап, айтпағын астарлап жеткізеді. Жалғыз уықтың үлкен шаңырақты ұстап тұра алмайтыны сияқты парасатты жалғыз адам көп наданға қарсы тұра алмайтынын айтқысы келеді, ойын қазақ ұғымына сәйкес ассоциациялап жеткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша)// Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 2006. - 30 б.
2. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 1 т. – 425 б.

КӨРКЕМ СӨЗ ПРАГМАТИКАСЫ

КӨРІПЖАНОВА А.О.

қауымдастырылған профессоры, С.Торайғыров атындағы ПМУ Павлодар қ.
ТӨЛЕУТАЕВА Ж.
студенті, С.Торайғыров атындағы ПМУ Павлодар қ.

Тілдік тұлғаның болмысына сай «ғаламның тілдік бейнесін» беретін көркем мәтін кеңістігіндегі көркем сөздердің қызметін антропоэзеттік парадигмада кешенді зерттеудің барысында олардың прагматикалық мәні ашылады.

Олар айтылмақ ойға сай көркем бейне сомдай келе, автордың көзқарасын, дүниетанымын, эстетикалық талғамы мен сөз жұмсау шеберлігін танытады.

Сөз прагматикасы және оның семантикасы бір-бірімен өте тығыз байланысты. Сөз мағынасының прагматикалық бөлігі өзінің динамикалығымен сипатталады: прагматикалық компоненттер сөз мағынасының нақты бір құрылымдық элементіне тиесілі емес, ол бүкіл сөз семантикасына іштей бойлайды.

Прагматика ұғымы туралы түсініктемелердің барлығы әсер ету нәтижелерін талдауға негізделген. Осы зерттеулерде назар аудартатыны – мәтіннің әртүрлі типтерінде әртүрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің прагматикалық қызметтерін жүзеге асыру жолдары.

Мысалы, Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде көріктеу құралдарының сан алуан түрі кездеседі. Олардың басым көпшілігі ономастикалық атаулар, табиғат құбылысын танытатын ұғымдар, мифтік мазмұн негізінде қалыптасқан тіркестер болып келеді. Бұл қазақ өмірі ежелден құс, жануар, өсімдік әлемімен тығыз байланыста болып, соның негізінде халықтың дүниетанымы, наным-сенімі қалыптасып отырған ұлттық танымға байланысты.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынов: «Бір нәрсені көптен айырып, көзге көбірек түсерлік етіп айтқымыз келгенде ол нәрсенің атына айқын көрсеткендей сөз қосып айтамыз. Мәселен, Атымтай Жомарт, Жиренше шешен, Қаз дауысты Қазыбек деу айқындау мақсатпен айтқаннан шыққан... Сондықтан айқындаудың бұл түрі тек айқындау ғана болады... Мұнан басқа көркейту мақсатпен айқындау бар. Мәселен, қызыл тіл, ақ сұңқар, шалқар көл дегенде, қызыл, ақ, шалқар деген сөздерді көбінесе көркейту үшін айтып жұмсаймыз. Сондықтан айқындаудың бұл түрі көркейту деп айтылады» [1, 184 б.], – деп көрсете келе, қызметіне қарай оны айқындау және көркейту деп ажыратады.

Демек, академик Р. Сыздық анықтап көрсеткендей, эпитет – бұл белгілі бір заттың сын-сипатын ғана танытатын құрал емес. Ол көркем мәтін ішінде, әсіресе, поэзия тілінде кеңінен қолдана келе, көркемдеуіш, бейне тудырушы және коммуникативті-прагматикалық қызметтерімен де ерекшеленетін көркем мәтін компоненті болып табылады [2, 216 б.]. Эпитеттер поэзия тілінде (мысалы, Мәшһүр Жүсіп тілінде) көркем бейнені сомдай келе, автордың дүниетанымын, эстетикасын, белгілі бір затқа немесе құбылысқа деген субъективті көзқарасын, идиостилін танытатын көркем дүниелер болып есептеледі. Ақын халық қолданысындағы тұрақты эпитеттерді де, өз қаламынан туған авторлық эпитеттерді қолданады.

Гүл жүзді, шырын сөзді, бал сілекей

Қара көз ақ жүзіне жарасқаны [3, 36 б.]

Немесе

Болғанда тілі інжу, төсі-маржан,

Еті аппақ қара жерге жауған қардан [3, 34 б.],- дей келе, ақын сұлулыққа, жарасымдылыққа, мәдениеттілікке, ізеттілікке деген өз талғамын көрсетеді. Әсем сұлудың сырт көркімен қатар, оның

ішкі дүниесін, ақыл-мінезін тұрақты эпитеттер арқылы шебер көрсетеді. Көріктеудің осындай тәсілін қазақ сөз зергерлерлері жалғастырып, эстетикалық өрісін тұрақтандырып келеді. Мысалы, Абай қазақтың дәстүрлі эпитеттерін еркін пайдаланып, оларды образдық элементтер ретінде қолданған:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жінішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды [4, 25 б.].

Екі ақын да эпитеттерді адам портретін, мінез-құлқын жан-жақты айқындап беруде қолданады. Көрнекті сөз зергерлерінің шығармаларында эпитеттің қолданылуы бейнелеу, образдың айрықша тілдік құралы ретінде алынады.

Әр халықтың өзіне тән ұлттық қасиеттері мен ерекшеліктері, рухани байлығы болатыны белгілі, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, идеологиясы өз алдына жеке қоғамдық құбылыс. Жеке адамның мінез-құлқын, кескін-келбетін, жағымды-жағымсыз қасиеттерін бейнелеуде осындай ұлттық ерекшеліктердің бір көрінісі байқалады. Эпитеттер бейне суретін беруде тиімді құрал болып табылады. Сүйінбай:

Бота көз, оймақ ауыз, қиғаш қасты,
Ақ маңдай, жазық қабақ, сүмбіл шашты,
Сағым бет, *тісі меруерт*, күміс кірпік,
Шырын сөз, алуа-шекер, алтын басты [5, 312 б.].

Ассоциативті түрде суреттеудің бұл түрі байырғы жырларда, көне жазбаларда не әдеби көркем туындыларда өте жиі кездесетін құбылыс. Себебі сұлулықты дәріптеудің де діни сипаты болған. Осы тұрғыда Омар хайам: «Адамдар сұлу өң, көрікті беттің өзін бір бақыт деп біледі. Одан баһар, ләззат алудың өзі бір ғанибет. Сұлулықты көріп, оған насаттану адам жан дүниесіне аспандағы жұлдыздардың қолға кеп қонғанындай әсер етеді дейді білетіндер. Мұның өзі асыл заттармен бірге бұл әсерді сандыққа қаттап сақтап қойғанмен бірдей. Жақсы көрік Күннің өзі болмағанмен оның судағы сәулесіне ұқсайды. Олай дейтініміз, адамдар жүзіндегі әдемілік Изид Тағаланың бұйрығымен көктегі бақ жұлдыздарының нұр сәулесінің жердегі адамдарға ілуде бір келетін титімдей бөлігі іспетті. Сұлулық барша тілде әспеттеледі және кім-кімге де әсерін тигізіп қоймайды. Қай-қай нәрсе де сұлулық пен әдеміліктің орнын

баса алмайды. Өйткені өңнің сұлулығы, беттің ажары адамды қуанышты әсерге бөлейтіні соншалық, ешқандай өзге қуаныш оған тең келе алмайды.

... Жаратқанның өзі қасиет-нұр, шапағатымен ажар, көрік сыйлаған. Ғұламалардың сөзіне қарағанда, жүз бен наз, қылық жарық шамға ұқсас. Бағзы біреулер оны бастағы гүлшенбер, немесе ілім бағын жасартып, жайнататын, атамзаманғы ағашты қайта гүлдендіріп жіберетін мархабат жанбыры дейді. Енді біреулер оны жолаушыларға ақиқатты көрсетуші және осы ақиқаттың жәрдемімен хаққа қайтуды меңзейтін хақ белгісі дейді», - деп сұлулық жайлы айтады [6, 84-86 б.].

Шығыстық үлгіден нәр алған Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығында сұлулықты жырлау поэзия дәстүріне байланысты әрі оның діни сипаты болғандығынан.

Өзара мағыналық көркемдікпен үйлестіріп қолдануда эпитеттің анықтамалық, анықтағыштық, сипаттамалық қасиеттерінің бірі – сын есімдер.

Мәшһүр Жүсіптің көркем тілінде бұл сияқты тұрақты эпитеттер молынан кездеседі. Ой-ниетін жүзеге асыруда ақын эпитеттің әдебиетімізде бұрын да бар жолдарын, бар тәсілдерін ұстанған.

Жаратты пайғамбардың асыл нұрын [3, 14 б.].

Ақын халық даналығының жемісі іспетті тұрақты эпитеттерді шығармаларында үздіксіз пайдалана отырып, бір зат немесе құбылыстың сан қырлы сыр-сипатын бір ғана тұрақты эпитеттің көлемінде бере біледі. Өмірдің әрбір белесінде, рухани жан-дүниесінде, ой-танымы мен қарым-қатынастарында үлгі боларлық біреуді табу – барлық мұсылманның ортақ арман-тілегі. Осы арман-тілекке жеке тұлға, отбасы, ұлт және барша жұртшылық дәрежесінде, әмбебап шеңберде жауап беру, сондай-ақ оны жүзеге асыру үшін Пайғамбарымыздың әрекеттері мен өмір салты, өмір жолы ретінде Ұлы Жаратушы тарапынан ұсынылған. Демек, Пайғамбарымыздың өмір сүру салтында барлық өмір шарттары мен түрлеріне қарай Ислам шеңберінде үлгі алуға боларлық мәселелер қамтылған. Сахабалар бұл мәселені «Аллах Расулының әрекеттерінің міндетті түрде бізге қатысты жағы бар, біз соны үлгі етуіміз керек» деп, бар пейілімен қабылдаған. Шын мәнінде барлық адам Аллаһ Елшісінен әйтеуір жанын жақсылыққа бөлейтін, өзіне үлгі болатын көркем жақтарды көре алады. Мұны Құран Кәрім де ерекше атап, Аллаһ Тағала оған: «Сен керемет көркем мінез-құлыққа иесің...», - деген (Қалам сүресі, 4). Демек аяттың айтпақ

болғаны Пайғамбарымыздың осы өмірде адамзат үшін үлгі-өнеге, бір жолбасшы екенін көрсету. Осы мәселелердің барлығын Мәшһүр Жүсіп бір ғана асыл нұр тұрақты эпитетінің бойына жинақтап, үлкен ойды айтады. Мұндай діни әрі күрделі мазмұнды тұрақты эпитеттер ақында баршылық. Мысалы:

Ізгі дұға алғыс бар бас-басына [7, 13 б.]

«Дұға» сөздікте «шақыру, жәрдем тілеу, талап ету, атымен шақыру, құлшылық» дегенге саяды [4, 208 б.]. Шарифатта «Аллаһ Тағаладан талап етіп, жәрдем тілеу» деген мағынаны береді. Құран Көрімде дұға жайлы: «Маған дұға етіндер, сендерге жауап берейін» делінген [8, 524 б.]

Ақынның Ізгі дұға деп отырғаны – Фатиха сүресі. «Фатиханың» өте көп қасиеттері бар екені барлық мұсылман қауымына аян. Пайғамбарымыздың «Фатиха» сүресі жайлы айтқан хадисіне сүйеніп, халқымыз дұға жасағанда осы сүрені оқуды әдетке айналдырған. Тіпті, тіліміздегі «бата» сөзі де осы «Фатиха» сүресіне байланысты туындаған. Яғни, «бата» сөзінің дұға ретінде қолданылуы халқымыздың Пайғамбар сүннеттерін ұстану ниетінен туындаған екен [9, 190 б.].

Дінді аса жоғары дәріптеген Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде осындай діни мазмұндағы тұрақты эпитеттердің кездесуі кездейсоқ емес.

Тіл мен дін байланысы өте ежелден келе жатқан байланыс екендігіне дай жоқ. Бұл екеуі де адамзаттың дүниетаным әрекетімен байланысты. Әдетте, тілдік-тарихи мәселелерді, мысалы, тілдің (сөздің) пайда болуы туралы мәселені қарастырғанда, діни ұғымды білдіретін сөздер табиғатына ерекше көңіл бөлінетіні белгілі. Мұнда олар біріншіден, ең көне, ежелгі сөз ретінде танылса, екіншіден, мұндай сөздердің көп өзгеріске түспейтін тұрақтылығы ескеріледі.

«Жомарт адам Аллаһқа жақын, адамдарға жақын, жаннатқа жақын. Ең емі қиын дерт – сараңдық дерті» (Ғазали, Ихия, III, 544-б) деген хадис бар. Осыны өмірлік қағидаларына айналдырған халық:

Сахилық деген тәуір-ді
Қолдан келмек ауыр-ды.
Бахилық деген тар орын,
Пенделерге жіберді,
Тар лақатқа кіргенде
Раушан қылмас қабірді.
Сахи байы жәннәт-ті,
Мұхамметке үмбетті,

Дүниенің шарығы

Жөні келсе құрметті [5, 279 б.],-деп осы хадисте айтылған ақиқаттарды жырға қосқан.

Хадистерде жомарт адам сөзі – «Сахи» сөзімен алмастырылады. Қазақ ақын-жыраулары да жомарттық жайын қозғағанда, сахи сөзін қолданған. Осылайша оның сөздік қорымызға енуіне себеп болған.

Сахи адам – бір Алланың сүйер құлы [3, 76 б.],- дей келе, Мәшһүр Жүсіп Сахи адам тіркесінің мазмұнын ашып кетеді. Сахи адам тіркесін де біз тұрақты эпитеттер қатарына жатқыза аламыз.

Дарияның толқынындай дүние жүзі [3, 98 б.]

Осы мысалда да ақын дүниенің алдамшылығына, тұрақсыз екеніне басқа жағынан тоқталып өтеді. Ол дүние жүзін дарияның толқынындай жағаға келіп бір ұрған соң жоқ болады деген түсінікке негіздейді. Бұл теңеулі эпитетінің бейнелілігі және эмоционалдығы өте басым. Автордың өзі жасаған эпитетінен оның дүниетанымдық ерекшелігі де байқалады.

Иненің жасуындай шықты жерден [3, 84 б.]

Ақын иненің жасуындай жер теңеулі эпитетті де үлкен мазмұнды ойды айту мақсатында қолданады.

Мәшһүр Жүсіп:

Десеңіз, бұл қай тесік, өлім жолы,
Тұрсың ба көзің барың көрмей соны?!
«Өлім жолы иненің көзіндей», - деп,

Аятпенен айтып тұр құранда оны [3, 84 б.], - деп, «иненің жасуындай жер» деген тіркестің мағынасын ашып кетеді. Мұнда да ақын Құранда айтылған аяттарды өлеңге қосып, халыққа насихаттайды. Бұл ақынның өзіндік ерекшелігі.

Хазірет Ғұмар беріпті ақ батасын [3, 340 б.]

Қазақ халқының өмірінде көңіл-күйді білдірудің кең тараған түрінің бірі – бата. Бата – жақсы тілек тілеу, ризашылықтың үлгісі. Батаның түрлері өте көп. Дастарханға берілетін бата, мал сойыларда берілетін бата, сапарға шығар алдында берілетін бата және т.б. Кезінде атақты ақын, жыраулар ұстаздарынан, белгілі өнер иелерінен бата алған соң халық алдына шыққан. Бата – тәрбие көзі. Ақ бата тұрақты эпитетінен екі мағына жіктеледі. Біріншісі – біреудің тағдырына, болашағына деген жақсы тілек, ізгі ниет, адал көңіл қалауы; екіншісі – құдалық салттың береке-бірлігі, ынтымаққа келген уәделі байламы. «Ақ» сөзінің киелі, қасиетті, оң мағыналары арқылы жасалған «ақ бата» фразеологиялық бірлігінің коннотациясы

қазақ халқының дәстүрінен көрініс береді. Ақын өлеңінде аталған тұрақты эпитетті халық қазынасынан алып қолданады.

Хұсайын ер мініпті алтын таққа [3, 349 б.] сол сияқты

Хан оған саф алтыннан қоңырау тақты [3, 104 б.]

Алтын тақ, саф алтын эпитеттері көркем әдебиет стилінің фольклор жанрында көп кездеседі.

Тәтті ұйқы, мамық төсек – жанның тынышы,

Естісең жақсы кеңес – құлақ құрышы [3, 65 б.]

Немесе

Құлақтың құршы қанған жақсы сөзді [3, 66 б.]

Құлақтың құршы қанған жақсы сөз тұрақты эпитетін ақын сөз қасиетін, күшін көрсету мақсатында стилистикалық бағалау категориясы тұрғысынан прагматикалық мақсатта таңдап алады.

Тура жол түзу бастар оңған жаққа [3, 117 б.]

Мәшһүр Жүсіп тура жол тіркесін Аллаһ Тағаланың Ақ жолы, адалдық, имандылық деген сөздердің баламасы ретінде қолданады.

Ақынның шығармаларындағы эпитеттерді саралағанда Құран хадистерін қолданғанын байқадық. Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіптің кейбір ой-пікірлері хадистердің мағынасымен үйлесім тауып жатса, кей жерде айтқан ойлары тікелей хадистерден туындағанын байқауға болады. Осы тұрғыда ақын қолданысындағы тұрақты эпитеттердің коннотациясы діни сипатта болып келетінін аңғардық.

Сонымен, поэзия тіліндегі көріктеу құралдары этномәдени мазмұнымен астарланып, көбіне тың мағына үстей келе, автордың ойын әсерлете, әрлендіре түсетін құрал болып табылады. «Себепсіз эпитетті тіркес пайда болмайтынын ескерсек, онда кез келген эпитетті тіркес мағынасында сол тілде сөйлейтін ұлттық таным білімі байқалады... Тіл – жанды дүние десек, оған қан беретін, нәр беретін осындай танымдық ой – сананың тереңінен шығатын көріктеулер» [10, 91 б.], – деген тұжырым Мәшһүр Жүсіп сынды тілдік тұлғалардың деректерін антропоэзеттік парадигмада анықтап, көріктеулер– бұл халықтың дүниетанымымен, ұлттық ой ерекшелігімен тығыз байланыста туындайтын мәдени тілдік бірліктер екенін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынұлы А. Шығармалар жинағы. I т. – Алматы: Алаш, 2003

2. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Алматы: Арыс, 2004. - 616 б.

3. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 1 т. – 425 б.

4. Абай. Өлең - сөздің патшасы. Халықаралық Абай клубы. Жидебай, 2006. – 650 б.

5. Ай-заман-ай, заман-ай (Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық / Құрастырушы М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы – РББ, 1991. – 2 т. -496 б.

6. Наурызнама: аталы ойлар. –Алматы: Жалын, 1993. -112 б.

7. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. -Павлодар, ЭКО, 2008. – 6т. – 450 б.

8. Құран-Кәрім / Аударған Халифа Алтай. Сауд Арабиясы, «Құран Шариф» басым комбинаты, 1991. - 520 б.

9. Ш.Әділбаева. Хадис – ғұрпымыз, сүннет –салтымыз. – Алматы: Көкжиек, 2009. -210 б.

10. Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. –Алматы: Мектеп, 1966. – 206 б.

ҚОШКЕ КЕМЕҢГЕРҰЛЫ (ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ШОЛУ)

КЕМЕҢГЕР Қ.

ғылыми қызметкері, Л. Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Алаш қозғалысын өнегелі ісімен, ғылыми-шығармашылық мұрасымен барынша қолдаған, ХХ ғасыр басында қазақ зиялылары арасында жоғары беделі болған, жеке басқа табынушылықтың жазықсыз құрбанына айналған, еңбектері тәуелсіздік заманында ғана халқымен қайта қауышқан қаламгер, ғалым, қайраткер, ұлт тарихындағы белгілі тұлғаның бірі – Қошке Кемеңгерұлы.

Қошке (Қошмұхамбет) Кемеңгерұлы 1896 жылдың 15 шілдесі күні ескіше Ақмола облысы, Омбы уезі, Теке болысы, Қаржас ауылында туды. Кеңес үкіметі орнаған соң бұл аймақ Ресейдің Омбы облысы Әдес (Одесское) ауданына қарады. Қазіргі Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан Қаржас ауылы он бес шақырымдай жерде орналасты. Осылайша, тағдырдың жазуымен

Қошкенің кіндік қаны тамған жер, туып-өскен топырақ бүгінде көрші елдің құрамына қарап кетті.

Қ.Кемеңгерұлының әкесі және ата-бабасы қазақтың қасиетті өлкесі – Баянауылда туды. Мұса мырза Шорманұлының заманында Қошкенің атасы Баяннан Омбыға келіп, осы төңіректі мекендеп қалды. Ол тарихи шындық ел аузындағы әңгімелерде, Әлкей Марғұлан зерттеулерінде сақталды. Қарағандылық өлкетанушы Шалқарбек Кәрібаев ол тарихи оқиғаны былай баяндайды: «Мұса Мырза Кемеңгер Атановты өзінің тікелей араласуымен Омбыда ашылған болыстық кеңсенің писарьларын даярлайтын оқуға жіберген. Кейін осы төңіректі қоныстанып қалған. Кемеңгерден Дүйсенбай, Дүйсебай есімді ұл туған. Қошке – Дүйсебайдың баласы» [1]. Алайда Кемеңгер жасы ұлғайған шағында ата қонысы Баянауылға оралып, сонда дүниеден озады. Бүгінде зираты Баянның Сарытауындағы Ысқақбек бұлағының басында жатыр.

Ауылдағы Белгібай молладан хат таныған Қошке жан-жақты білімді Омбы қаласындағы оқу орындарынан алды. Ол Омбы приход мектебінде (1912–1914), Орта дәрежелі Омбы ауылшаруашылық училищесінде (1914–1917), Омбы политехникалық институтында (1919), Омбы медициналық институтында (1920–1924) өз заманына лайық терең білімге ие болады.

XX ғасырдың басында ұлт тағдырын ойлап, басын бәйгеге тіккен Алаш азаматтарының азаттық, елшілдік, ағартушылық идеялары Омбы секілді алып шаһарға, оның оқу орындарында білім алып жатқан қазақ шәкірттерінің санасына еркін жетіп жатты. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында бұл қалада білім алған, қызмет істеген Ә.Бөкейхан, Ж.Ақпайұлы, А.Тұрлыбайұлы, М.Айтпенұлы, О.Әлжанұлы, Е.Итбайұлы, Р.Марсекұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, А.Сейітұлы, Ж.Садуақасұлы сынды қазақ халқының зиялы азаматтары Қошке секілді жас буын өкілдеріне үлкен тәрбие мектебі болды. Аға буын Алаш қайраткерлерінің өмірлік ұстанымдары, жазған еңбектеріндегі ой-армандары Қошке Кемеңгерұлы және оның замандастарын ұлтшылдық рухта бой түзетті. Туған халқының қараңғылық ұйқысында жатқаны, оқу-білімнен, заманауи мәдениеттен алшақ қалғаны, соның кесірінен өзге халықтардың отарлық езгісінде болғаны, құқығы мен заңы бұзылғаны Қошке Кемеңгерұлын ерте толғандырды.

1913 жылы Омбыда оқитын қазақ шәкірттері «Бірлік» атты ұйым құрып, оның үні – «Балапан» қолжазба журналын шығарды.

«Бірлікке» мүше болған қазақ жастары Омбы мұғалімдер семинариясы мен Омбы ауылшаруашылық училищесі сынды оқу орындарында шәкір болды. Олардың ішінде: Шәймерден Әлжанұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Нығмет Нұрмақұлы, Сәкен Сейфоллаұлы, Бекмұхамед Серкебайұлы, Дінше Әділұлы, Ғаббас Тоғжанұлы, Асқат Сайділдаұлы, Қошмұхамед Кемеңгерұлы, Смағұл Садуақасұлы, Абдрахман Байділдаұлы, Мұратбек Сейітұлы, Жүніс Бабатайұлы, Сүлеймбек Бижанұлы, Смағұл Қазбекұлы, Бірмұхамбет Айбасұлы, Мұхтар Саматұлы, Асфандияр Шорманұлы, Рахымбек Толысбайұлы, Жарқымбек Көбенұлы, Ахмет Абдырахымұлы, Әбілқайыр Досұлы, Ахмет Баржақсыұлы, Гуля Досымбекқызы есімдерін атаймыз.

Қошкенің ұйымдастырушылық қырын, қайраткерлік қабілетін алғаш шындаған жер – осы «Бірлік» ұйымы болды. Ұйым туралы деректер С.Сейфоллаұлының «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романында, С.Садуақасұлының «Ілгерідегі жастар ұйымы» атты зерттеуінде, Қ.Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» атты кітабында кездеседі. Кеңестік кезеңде зерттеушілер ұйымның жұмысына ұлтшылдық баға беріп, соның салқыны осы кезеңге қатысты жазылған көркем шығармаларда сезілді. Белгілі жазушы Қ.Исабаев 1974 жылы жарық көрген «Өткелде» атты тарихи романында XX ғасыр басында Омбыда өткен оқиғаларды суреттейді. Шығарма сюжетінде қалада жұмыс істейтін «Бірлік ұйымының тіршілігі кең баяндалады. Ұйымның белді мүшелерінің бірі – Көшке есімді кейіпкер. Ол – Алаш партиясын жақтап сөйлейтін, Әлихан Бөкейханды көсем санайтын ұлтшыл. Көшкенің өмірдегі прототипі – Қошке Кемеңгерұлы болғаны түсінікті жайт. Омбыға аласапыран жылдары Әлиханның келгені, оны алашшыл жастар қолдағаны да тарихи шындық.

«Бірліктің» белді мүшесі Қ.Кемеңгерұлы оның «Балапан» қолжазба журналының жауапты шығарушысы болады. «Балапан» туралы дерек көздері де өте жұтаң. Әлі күнге дейін басылымның бір де бір саны табылмай отырғаны бізді қынжылтады. Омбыдағы қазақ шәкірттерінің қаламын ұштаған «Балапан» журналы жайында ақын Мағжан Жұмабайұлының «Балапан қанат қақты» атты қара сөзбен жазылған аллегориялық өлеңі сақталған.

1917 жылдың жаз айында С.Сейфоллаұлы Ақмола қаласында Қазақ комитетін құрғаны тарихи шындық. Ол оқиға С.Сейфоллаұлының «Тар жол, тайғақ кешу» романында жазылған. Қазақ комитетін С.Сейфоллаұлымен бірге Қ.Кемеңгерұлы,

Б.Айбасұлы да құрысқанын көрсетілген меммуарлық шығармадан білеміз.

1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейінгі елдегі саяси жағдай күрт өзгеріп, көптен бері халықтың аузында жүрген партия құру мәселесі оң шешімін тапты. Шілде айында Орынбор қаласында өткен Бірінші Жалпықазақ-қырғыз съезінің шешімімен құрылған «Алаш» партиясы – шын мәнінде, ұлт қамын ойлайтын, оның кемел болашағын аңсаған саяси ұйым болатын. Омбыда оқитын қазақ шәкірттерінің дені партия платформасын қабылдаған-ды. Оны біз жер-жерде ұйымдастырылып жатқан жиындар мен съездердің шешімінен байқаймыз. Осы қиын-қыстау кезеңде қайраткер Қ.Кемеңгерұлының тарих алдындағы мынадай еңбегі зор бағалануға тиісті деп санаймыз. 1917 жылы Смағұл Садуақасұлының көрсетуі бойынша, байтақ қазақ даласының түкпір-түкпірінде 21 жастар ұйымы жұмыс істеді [2, 45]. Олардың әрқайсысы бөлек саяси бағыт ұстанып, бастарын біріктіре алмады. Осындай күрделі шақта Омбыдағы «Бірлік» ұйымы мұрындық болып, қазақ жастарының тұңғыш съезін ұйымдастырады. 1918 жылы мамырдың 5-13 аралығында Омбы қаласында жас алашшылар қазақ жастарының тұңғыш съезін өткізеді. Съезге Семейдегі «Талап» жастар ұйымынан болашақ ұлы жазушы М.Әуезов келіп қатысады. Жиынның ұйымдастыру ауырталығын, жалпы жұмысын атқарған адамның бірі – Қ.Кемеңгерұлы болады. Съезд қорытындысы бойынша қазақ даласында тіркелген жастар ұйымы бұдан былай біртұтас жалғыз ұйым болып бірігеді. Оның аты «Жас азамат» болады. Ұйым Алаш партиясының ұстанған саяси бағытын қолдайды делінген. Жанадан құрылған жастар ұйымының үні «Жас азамат» газеті шығатын болып ұйғарылады. Оның редакторы болып Қ.Кемеңгерұлы бекітіледі.

Сендей сапырылысқан қорғансыз халықты біресе 1916 жылғы патшаның атышулы жарлығы, біресе төңкерістер, толып жатқан съездер, аштық, жоқшылық, азамат соғысы әбден тоздырды. Тұрмыс толқындары соққылаған момын ел саяси бағытын жоғалтып алып, аз уақыт кімге сенерін, қайсысының соңынан ерерін біле алмай қалды. Міржақып Дулатұлы осы кездің тарихи шындығын «Қайда едің?» деген зар-тоғауында былайша шынайы суреттейді. Ақын өлеңінде:

Кешегі қара күндерде,
Жұлдызсыз, айсыз түндерде,
Жол таба алмай сенделіп,
Адасып Алаш жүргенде.

Бұл күнгі көп көсемдер
Сұраймын сонда қайда едің?-

деп зілді сұрақ қояды. Одан кейін қазақ зиялыларының басы бірікпейтініне қатты кейиді. Шығарма автордың өкінішін, ішкі күйзелісін, мұң-шерін жеткізетін шумақпен аяқталады:

Енді бүгін кім жаман?
Данышпан емес, кім надан?
Қамқор емес, кім жауыз?
Жомарт емес, кім сараң?
Көсем емес, кім жалтақ?
Шешен емес жоқ адам.
Бәрі білгіш, бәрі де ер,
Жеткіздің, Алла тағалам.

1917 жылдың 5–13 желтоқсан күндері аралығында Орынбор қаласында Екінші Жалпықазақ-қырғыз съезі өтті. Бұл айтулы жиынға қазақ даласының түкпір-түкпірінен, әр түрлі ұймдар мен мекемелерден 82 өкіл қатысып, съезд қорытындысы бойынша уақытша Ұлт кеңесі, Алашорда үкіметі құрылды. Аталған съезге Қ.Кемеңгерұлы да шақылылды. Ұлт тағдыры шешілген мұндай тарихи оқиғаға Қошқе Кемеңгерұлы да қатысып, маңызды мәселелер бойынша өз дауысын бергені – оның сол уақытта замандастарының ішінде беделінің биік болғанын байқатады. Қайраткердің жасы бұл кезде небәрі жиырма бірде ғана болған еді.

Қ.Кемеңгерұлының 1924–1930 жылдар аралығындағы өмірі Түркістан Республикасының астанасы Ташкент қаласында өтті. Бұл кез – Қ.Кемеңгерұлының шығармашылық, ғалымдық қабілетін жан-жақты ашқан аса жемісті уақыт болды. Алаш қозғалысына қатысқан Х.Досмұхамедұлы, С.Қожанұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезұлы, А.Байтасұлы, Д.Ысқақұлы сынды қайраткерлер кеңес үкіметі орнағаннан кейін Ташкентке шоғырланды. Олар бұл қаладағы өзге аймақтармен салыстырғандағы саяси жағдайдың бөлек екенін, ол жағдай шығармашылық жұмыспен еркін айналысуға мүмкіндік беретінін жақсы түсінді. Омбыдағы медицина институтының төрт курсын тәмамдаған Қ.Кемеңгерұлы Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне ауысады. 1928 жылы ол осы университеттің Шығыстану факультетінің түркітану кафедрасына аспирантураға түседі.

Бір жылдан кейін осы аспирантураға М.Әуезұлы қабылданады. Іргелі ғылыми жұмыспен айналысуға ден қойған Қ.Кемеңгерұлы шығармашылық тұрғыдан кемелденіп, бойындағы күш қуатының әбден жетілген шағында репрессияға ұшырады. «Аспирантов Ауэзова и Кемеңгерова снять с аспирантуры, Кошкинбаева с ассистентом педфака САГУ и снять с оплаты со дня их ареста – 1/Х. 1930 года» [3, 113],- деп көрсетеді мұрағат көздері.

Бұдан кейін қаламгер бір жарым жыл Алматы абақтысында тұтқында болып, 1932 жылы Орталық Ресей аймағына жер аударылады. Айдаудағы мерзімі толық аяқталған соң, ол туған жері Омбыға оралуға рұқсат алады. Омбы облысы, Шарбақкөл аудандық ауруханасында дәрігер қызметін атқарып жүрген қайраткер 1937 жылдың 7 тамызында екінші рет тұтқындалып, 21 қарашада Омбы қаласында атылады. Жазушының жары Гүлсім және балалары оның ақталғаны жөніндегі қағазды жиырма жыл өткеннен кейін алады.

